



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, Солтүстік Македония Республикасының Сыртқы істер министрі Буяр Османиді қабылдады.

Президент Буяр Османиге ілтипат білдіре отырып, оның ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы ретінде Қазақстанға сапары маңызды екенін атап өтті.

— Сіздің сапарыңыздың біз үшін маңызы зор. Мен еліміздің осы ұйымға мүше сенімді мемлекет ретінде ЕҚЫҰ-ны қолдайтынын айрықша атап өткім келеді. Ұйымдағы пікірлер қайшылығына карамастан ЕҚЫҰ — баламасы жоқ ұйым. Сондықтан біз оның әлеуетіне қолдау білдіруге күш салуымыз керек. 2025 жылы Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап өту аясында ЕҚЫҰ-ның өзара диалогқа арналған бірегей платформа ретінде қызмет етуіне жағдай жасау өте маңызды. Еліміздің ЕҚЫҰ-мен тығыз ынтымақтастығы, 2010 жылғы Астана саммитінің декларациясында бекітілгендей, қауіпсіз қоғамдастық құру туралы ортақ көзқарасқа негізделеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Солтүстік Македония арасындағы қарым-қатынасты нығайту перспективаларына айрықша тоқталды.

— Екіжақты қарым-қатынасымызда ешқандай мәселе жоқ. Біз ынтымақтастығымызды кеңейту тұрғысынан елеулі нәтижеге жеттік. Елімізді Қазақстанның Еуропадағы өте маңызды серіктесі

ретінде қарастырамыз және біз Скопьеде өз елшілігімізді ашу жөнінде шешім қабылдадық, — деді Президент.

Өз кезегінде Буяр Османи ЕҚЫҰ-ның Қазақстанмен және Орталық Азия өңірімен өзара байланысты дамытуға зор маңыз артып отырғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, 2010 жылы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанның осы ұйым қызметінің негізгі бағыттарын қолдаудағы белсенді рөлін көрсетті.


— Солтүстік Македонияның ұйым төрағасы ретіндегі ұраны — «Барлығы адамдар үшін». Бұл біздің адамға бағдарланған ұстанымымызды білдіреді. Сіздің реформалар бағдарламаңыз да адамдарға арналған әрі ол ЕҚЫҰ-ның қағидаттары мен міндеттемелерімен ғана емес, біздің ұйым төрағалығындағы басымдықтарымызбен де үндес. Сонымен қатар біз Қазақстанның өңірлік, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды рөлін атап өткізіміз келеді, — деді министр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Солтүстік Македония Президенті Стево Пендаровскийге ізгі тілегін жолдап, оны Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

## VOYAGER-2: «ҮНІ» ӨШПЕСЕ, ҮМІТ ТЕ ӨШПЕЙДІ

Әдетте жаһан жұрты геосаяси оқиғаларға, мәдениет пен спорттағы жаңалықтарға көбірек назар аударғанымен, адамзат өркениетін алға сүйрейтін ғылымдағы жаңалықтарға да көңіл бөлмеске болмас. Әсіресе, соңғы кездері ғарышты игеру бағытында жаңа тренд басталғаны байқалады. Айға адам қондыру бағытында АҚШ, Қытай, Ресей үшеуі өзара бәсекеге түскен сыңайлы. Ал «ғарыш» дегеннен шығады, бір апта бұрын ғалымдар 46 жыл бұрын ұшырылған «көнекөз» ғарыш аппаратымен арадағы үзіліп қалған байланысты қалпына келтірді.

11»



## БАЛАЛАР ҮЙІНЕН КЕЙІНГІ ӨМІР

Мектепті енді ғана бітірген бозбала үлкен өмірді неден бастарын, қандай мамандық таңдарын білмей қиналады. Артында қорғаны болар ата-анасы тұрса да, оларға өз жолын табу қиын. Ал ешкімі жоқ, Балалар үйінен шыққан жасөспірімнің интернатты бітіргеннен кейін қайда баратыны жайлы ойлап көрдіңіз бе? Ондай жастардың қоғамға бейімделуі қалай болады? Қаншасы жоғары білім алады?

7»

## ПРЕЗИДЕНТ СУМА ЧАКРАБАРТИДІ ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы сэр Сума Чакрабартиді қабылдады.

Кездесу барысында Президент сэр Сума Чакрабартиге экономикалық даму мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесші

лауазымында атқарған жемісті еңбегі үшін алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев оның Реформалар жөніндегі жоғары кеңес аясында айтқан ұсыныстары бірқатар бағдарламалық құжаттарда қолдау тапқанын атап өтті. Мемлекет басшысы

сондай-ақ Сума Чакрабартидің Қазақстанның инвестициялық саясатын жетілдіруге қосқан үлесіне оң баға берді.

Өз кезегінде Сума Чакрабарти зор сенім артқаны үшін Мемлекет басшысына ризашылығын жеткізді.

## МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Алматыдағы «Акцент» ықшам ауданында болған өрт кезінде адам өмірін сақтап қалуға байланысты қиын-қыстау жағдайда көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азамат марапатталды.

Тілеужан Ахметханов, Шюкю Гюнай, Эльдар Исмаилов, Халил Йерделен, Кенан Мамедов, Вадим Романовқа «Ерлігі үшін» медалі берілді.

## БИОПРИНТЕР СИЯ «ЖЕП», СҮЙЕК БЕРЕДІ

3D биопринтердің көмегімен зертханада адам сүйегін жасап шығаруға бола ма? Дана Ақылбекова бастаған бір топ ғалым бүгінде осы жоба аясында еңбек етіп жатыр.



11  
БЕТ

## АХАНДЫ АРДАҚТАПТЫ ЖИЕНШАРЫ

Алматыдан Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры Райхан Сақыбекқызы хабарласып, Астанада Аханның жиеншары тұратынын айтып, «сол кісімен жолығып, сұхбаттассаң қайтесі» деді.



12  
БЕТ

## КӘУСАРДАН ТАРЫҚҚАН ЕЛГЕ АЙНАЛАМЫЗ БА?

Дүниежүзілік банк 2050 жылы Қазақстанның әлемдегі судан әбден тарыққан елдердің қатарына кіруі мүмкін екенін жариялады. Мұны Су ресурстары комитетінің мамандары растап отыр. Оған жол бермеудің қамын қазірден жасаған жөн. Әйтпесе, мысалы, Жамбыл облысында қалыптасқан ахуалды Экология министрлігі аса ауыр деп бағалап отыр. Себебі өңірде Қырғызстаннан су беру доғарылған. Ұқсас жағдай өзге өңірлерде байқалады.

4»





# СЕНАТ СПИКЕРІ ОСМАНИМЕН КЕЗДЕСТІ



**Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның қазіргі Төрағасы, Солтүстік Македонияның Сыртқы істер министрі Буяр Османимен кездесті. Кездесуде тараптар Қазақстан Парламенті Сенаты мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.**

«ЕҚЫҰ – Халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың заманауи келбетін қалыптастыруға қатысатын негізгі институттардың бірі. Біз Ұйымның барлық маңызды бағыты бойынша өзара іс-қимыл орнаттық. Сенат қызметінде парламентаралық ынтымақтастық басым бағыттардың бірі болып қала береді. Ұйымның Парламенттік Ассамблеясы ЕҚЫҰ кеңістігінде қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа қатысты маңызды мәселелерді шешуде айтарлықтай мүмкіндіктерге ие екені сөзсіз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат кезінде Ауғанстан мен Украина мәселесі, өңірдегі ахуал, сондай-ақ Орнықты даму мақсаттары бойынша қолға

алынған жұмыс барысы талқыланды. Осыған орай, Палата Төрағасы Қазақстан Республикасының Орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия атқарып отырған жұмыстарға тоқталып өтті.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы ЕҚЫҰ Төрағасына Парламенттің Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытындағы жұмысы туралы айтып берді.

Өз кезегінде, Буяр Османи елде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық өзгерістерді жоғары бағалады және әртүрлі бағытта, оның ішінде жана жобалар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін білдірді.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен Солтүстік Македонияның екіжақты байланысын арттыруға, оның ішінде депутаттардың экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға, туризмді дамытуға және өзара қызығушылық тудыратын басқа бағыттар бойынша бірлесіп әрекет етуіне қатысты мәселелерге де назар аударды.

# ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАБАТТАН СЕКІРМЕК БОЛҒАН

**Астанада әйел адам балаларымен бірге көпқабатты үйдің терезесінен секіріп кетпек болған. Тәртіп сақшылары қайғылы оқиғаның алдын алды.**

9-шы қабаттағы пәтердің терезесінен екі баласымен әйелдің секірейін деп жатқанын естіген автопатруль оқиға орнына аттанды. Бірінші болып №26 учаскелік полиция пунктін полиция бөлімшесінің аға инспекторы Асқар Папышев өзінің серіктесі Елдос Нұғмановпен бірге жетті.

Олар аудан тұрғындарымен жиін өткізіп жатқан болатын. 9-шы қабатқа көтерілген полицейлер үлкен баланың әкесімен бірге тұрғанын көрді. Ал кіші баласын әйел өзі ұстап тұрып, оған біреу жақындаса, секіретінін айтып айқайлаған. Тәртіп сақшыларының бірі әйелді сөзге тартып, мұндай қадамға бармауын өтініп жатқанда, екінші полиция формасын азаматтық киімге ауыстырып, сосын пәтерге кіріп, байқатпай жақындап, бір қолымен баланың қолынан, екінші қолымен анасын мықтап ұстап алып, бөлмеге қарай тартып кіргізген.



24 жастағы әйелдің отбасылық жанжалдан кейін осындай әрекетке бел бұғаны белгілі болды. Оның күйеуіне қатысты Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 73-бабының 1-бөлігі «Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер»

бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Отбасы ерекше бақылауға алынды. Әйел балаларымен бірге Астана қаласының Дағдарыс орталығына орналастырылды. Онымен профилактикалық әңгіме жүргізіліп, психологиялық көмек көрсетілді.

# ҚАЙ АЙМАҚТА БАЛА КӨП ТУАДЫ?



**Ұлттық статистика бюросы Қазақстанда ең көп бала туатын өңірлерді атады.**

Бюроның мәліметінше, 2023 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша халық саны 19 899 377 болған, оның ішінде 12 317 671 адам – қала, 7 581 706 адам – ауыл тұрғындары, 48,8% – ерлер, 51,2% – әйелдер.

Бірінші жартыжылдықта Қазақстанда 189,5 мың бала дүниеге келсе, оның 98 мыңы – ұл, 91,5 мыңы – қыз.

Ең жоғары туу көрсеткіші Маңғыстау (1 000 тұрғынға шаққанда 25,97 адам), Түркістан (25,46) облыстарында және Шымкент қаласында (24,70) тіркелді.

Көрсетілген кезеңде қайтыс болғандар саны 63,6 мың адамды құраса, ал 1 000 адамға шаққандағы өлім-жітім коэффициенті 6,44 адам. Осылайша, жарты жылда халықтың табиғи өсімі 125,9 мың адамға жеткен.

Өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші Шығыс Қазақстан (1 000 тұрғынға 11,07 адам), Солтүстік Қазақстан (11,06) және Қостанай облыстарында (10,04) байқалды, бұл осы өңірлер халқының жас құрылымымен байланысты.

Биылғы алғашқы алты ай ішінде 1 жасқа дейінгі 1 454 нәресте шетінеп, 1 000 туылғанға шаққандағы нәресте өлімінің коэффициенті 7,67 болды.

Сауал – бізден

## МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ, ОҚУШЫ?



**Аз уақыттан соң жаңа оқу жылы басталмақ. Уақыт жақындаған сайын ата-аналар балаларын мектепке дайындау үшін қамдана бастайды. Балаларын жетектеген ата-ана жаңа оқу жылына керекті киімдер мен құрал-жабдықтарын сатып алу қамымен базар жағалайды. Әрбір ата-ана перзентін қатардан қалдырмай, керек-жарағынан тарықтырғысы келмейді. Баланы мектепке дайындау қарапайым отбасылар үшін оңай болмасы анық. Мектеп формасына, аяқ киіміне, оқуына қажетті құрал-жабдықтарға кететін қаржы әсіресе қазіргідей нарық қыспағында оңай емес. Осы ретте біз де ата-аналар оқу жылына әр оқушыға қанша қаражат жұмсайтынын, білім басқармасының күнкөріс деңгейінен төмен отбасыларға қандай жеңілдік жасайтынын анықтауға тырыстық.**

Әйгерім БАҚЫТҚЫЗЫ,  
көпбалалы ана:

– Мен алты баланың анасымын. Жыл сайын жаңа оқу жылы басталарда әр баламызды қатардан қалдырмай киіндіріп, керек-жарағын алып беруге тырысамыз. Дегенмен баға жыл сайын өсіп барады. Бір баласы бар ата-ана үшін де салмақ болатын бұл жағдай, көп балалы ата-аналарға тіптен қиын. Мысалы, біз жаңа оқу жылына алты баламызға үнемдеп жұмсаған күннің өзінде 200 мыңнан аса қаражат жұмсадық. Бір ер балаға шамамен 60-70 мыңның арасындағы ақша кетсе, қыз балаға орта есеппен 80-90 мың қаражат кетеді. Мәселен, кенжеміз Еркебұланнның костюм-шалбары – 25 мың теңге болды. Ақ жейдесі – 12 мың, аяқ киімі – 10 мың, сөмкесі – 10 мың, дене шынықтыру сабағына алған спорттық шалбары – 5 мың, футболкасы – 4 мың теңге болды. Бұл тек киіміне кеткен қаржы. Одан бөлек дәптер, қаламсап секілді оқуға қажетті құралдар да айтарлықтай қаржыны талап етеді. Жыл сайын кезігетін мәселе болғандықтан жаңа оқу жылына ерте бастан қамданамыз.

Серік ӘДІЛБАЕВ,

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары:

– Ітамыздан бастап қаламызда Жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы бойынша «Мектепке жол акциясы» бастау алды. Акция 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекке дейін жоспарланған. Биылғы акция «Жақсылықты жаса!» ұранымен басталды. «Мектепке жол акциясы» бойынша Астана қаласы әкімдігімен бірнеше іс-шаралар жоспарланды. Атап айтсақ, жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы аясында әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар, әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар, отбасыларда тұратын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және басқа санаттағы, яғни қиын жағдайға тап болған отбасылар, оның ішінде мүгедек балалары бар жағдайы төмен отбасыларға (мектеп киімдерін, аяқ киімдерін және мектепке қажетті кеңсе тауарларын сатып алу үшін) ақшалай көмек көрсетіледі.

Биыл Астана қаласы бойынша 22 700 балаға көмек көрсетіледі. Оның бірінші бағыты бюджет қаражаты есебінен 14 200 балаға көмек берілетін болады. Ол көмекті алу үшін ата-аналарға мектепке барып өтініш жазып, банкте арнайы шот ашуы қажет (несиелік қарызы жоқ және бұғатталмаған банктік карточканын 20 таңбалы нөмірін ұсынады). Жоғарыда аталған отбасыдан шыққан балаларға биылғы жылы жалпыға міндетті оқу қорынан көрсетілетін қаражаттың көлемі 41 мың теңгені құрайды.

Ол балаларды мектепке дайындауға арналған қаражат. Осыған байланысты ата-аналардан берілген қаражатты тиесілі мақсатта балалар үшін жұмсалуды қамтамасыз етулерін сұраймыз.

Білім басқармасы осы мәселе бойынша білім беру ұйымдарының басшыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептер әкімшіліктері халықтың мұқтаж санаттарының тізімін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Ал екінші бағыт «Мектепке жол» республикалық акциясы бойынша аудан әкімдіктерімен бірлесіп демеушілік қаражаты есебінен әлеуметтік осал санаттағы 8 500-ден астам баланы қамту жоспарлануда.

Азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету үшін білім беру ұйымдарында «Жедел желі», «Сенім» телефондары (55-69-60, 55-68-51) және қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмыс істейтін болады.

Наурызбек САРША



# ЖАСТАР ҚАНАТЫ АУҚЫМДЫ БИ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗДІ



Кеше Астанадағы Триатлон саябағында Қазақстанда алғаш рет **Bir Tolqyn** заманауи би чемпионаты өтті. Оған әртүрлі жастағы 300-ден астам адам қатысты. Сайысты «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты мен Спорттық би федерацияларының қауымдастығы ұйымдастырды. «Есірткіге жол жоқ!» жобасы аясында өтіп жатқан шараның салтанатты бөліміне «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Жастар күніне орай өткен іс-шараның басты мақсаты — жастарды саламатты өмір салтын ұстануға үндеп, бос уақытын пайдалы әрі белсенді өткізуге, нашакорлықтан аулақ болуға шақыру.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек **Bir Tolqyn** чемпионаты тек би мерекесі ғана емес, жастарды қоғам денсаулығы мен әл-ауқаты үшін күресуге белсенді қатыстыруға бағытталған сенімді серпін екенін атап өтті.

«Есірткімен күрес жүргізу партия мен жастар қанаты үшін басым бағыт саналады. Саламатты өмір салты — қуатты әрі гүлденген қоғамның кепілі. Біз денсаулық сақтау жүйесін жақсартуды көздеп қана қоймай, жастардың белсенді дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасауға, олардың өз қабілет-қарымын танытуына мүмкіндік беруге ұмтыламыз. Біздің сайлауалды бағдарламамызда «Жастармен бір толқында» атты жеке тарау бар. Бүгінгі чемпионаттың осыған ұқсас атаумен өтіп

**Tolqyn** заманауи би чемпионаты жастар қанаты өткізіп жатқан «Есірткіге жол жоқ!» жобасы аясында ұйымдастырылып жатқанын хабарлады. «Жастар Рухы» жастар қанаты өскелең ұрпақты саламатты өмір салтын ұстануға шақырып, есірткіге қарсы күресуге үндейді. «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаевтың айтуынша, жастар арасында нашакорлықпен күресті насихаттау — аса маңызды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында және Ұлттық құрылтайда жас ұрпақтың денсаулығына зиян келтіретін есірткі заттарының таралуына тосқауыл қоюды тапсырды. Ресми дерекке сәйкес, Қазақстанда психоактивті заттарды қолданған 108 мың адам есепте тұр. Оның ішінде алкогольге тәуелді — 90 мың, есірткіге тәуелді 18 мың адам бар. Синтетикалық есірткі — ұлт денсаулығына үлкен қауіп. Есірткінің өндіру мен таратуға қарсы күресті күшейту қажет. Жастар қанатының

бәсеке емес, есірткіге қарсы күрестің қарымды қадамы», — деді «Жастар Рухының» төрағасы Нұржан Жетпісбаев.

Өз кезегінде Спорттық би федерациялары қауымдастығының төрағасы Бауыржан Сейфуллин қатысушылардың жеңіске деген ұмтылысы, шеберлігі мен шығармашылығы аталған чемпионатты айрықша оқиғаға айналдырғанын айтты.

«Біздің фестиваль хип-хоп мәдениетінің туған күнімен сәйкес келді. Аталған би жанрының пайда болғанына биыл — 50 жыл. Бұл — өте маңызды күн. Сондай-ақ осы чемпионат халықаралық Жастар күнімен тұспа-тұс келіп, есірткіге қарсы күресті жандандыру мақсатында өткізіліп отыр. Шығармашылық қоғамдастық бұл бастаманы толық қолдайды. Би өнері мен саламатты өмір салтын үйлестіруді ұтымды шешім деп бағалаймыз. Тиісінше, есірткімен күресетін жастар саны артып келеді», — деді ол.

Үздік бишілерді қазылар алқасының мүшелері анықтады. Олардың арасында брейкингтен түрлі чемпионаттың финалисі В.Вой Уега, Орталық Азия аумағындағы көптеген фестивальдың жеңімпазы Алик, Бельгиядан келген әлемдік деңгейдегі үздік биші Thanh Long (CHARMANT) және «Танцы» телеарна шоуының хореографы Anton Pashulia aka Slam бар.

Осылайша, 6 номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Яғни:

1. Hip-Hop 3x3 — Айдос, Хьюго, Саня;
2. Hip-Hop new players 1x1 — Nursaya;
3. Krump 1x1 — Saint Sinner;
4. Breaking 2x2 — Simple System;
5. Breaking & House 2x2 — Маня & Линара;
6. All styles 2b4 — Big Out, Twin Out, Кося, Лука.

Жеңімпаздарға арнайы ақшалай сертификаттар табысталды.

Ал биші Twinn Out арнайы Red Bull Wild Card номинациясында жеңіске жетті және енді ол Алматы қаласындағы Red Bull dance Your Style ұлттық финалына қатыса алады.

Айта кетейік, жыл басынан бері «Жастар Рухының» белсенділері есірткі граффитін бояп, үнемі рейдтерге шығып келе-



жатуының да өзіндік мәні бар деуге болады. Жастарға жасампаз болу үшін мүмкіндік беру керек. Осы орайда біз шығармашылық бастамаларды қолдау, мәдениет пен спортты дамытуға жағдай жасау міндетін өз мойнымызға аламыз», — деді ол.

Турнир қарсаңында өткен баспасөз мәслихатында «Жастар Рухының» төрағасы Нұржан Жетпісбаев, Республикалық Спорттық би федерациялары қауымдастығының төрағасы Бауыржан Сейфуллин және әлемдік деңгейдегі бельгиялық биші, OG Legion X және The Sage халықаралық командасының мүшесі Thanh Long (CHARMANT) чемпионатқа дайындық барысы туралы айтты. Нұржан Арғынұлы **Bir**

маңызды міндеті — өскелең ұрпаққа саламатты өмір салтын ұстануды, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды насихаттау, жастардың бос уақытын пайдалы өткізуге ұмтылу және оларды спортқа баулу үшін қолайлы жағдай жасау. Осынау қызықты да серпінді чемпионат «Есірткіге жол жоқ!» жобасының қағидаттары мен құндылықтарын насихаттай отырып, есірткіге қарсы күрес кезіндегі басты оқиғаның біріне айналады. Біз қоғам назарын есірткінің таралуы мәселесіне аударып, отандастарымызды жастарға барынша қолдау көрсетуге шақырамыз. Бидің қуаты мен күш-жігері жастарды жат елден аулақ болуға үндейді. Бұл сайыс — тек

ді. Еліміздің барлық 20 өңірінде осындай 4 мыңнан астам «хабарландыру» жойылды.

Сонымен қатар түрлі оқу орнында есірткі заттарының зияны туралы дәрістер өткізіледі. Сараптамалық алаңдар ұйымдастырылып, онда жастар қауымы танымал тұлғалармен, депутаттармен кездеседі.

Бұған дейін «AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық Жастарды қолдау кеңесінің мүшелері жасөспірімдер мен жастардың денсаулығына зиян келтіретін электронды темекінің, алкогольдік ішімдіктердің, есірткінің таралуы мен заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатандату мақсатында заңнамаға түзетулер енгізуді ұсынды.



# ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Бейсенбі күні «AMANAT» партиясының Орталық аппаратында «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі Республикалық кеңес төрайымы Жұдыз Сүлейменованың төрағалығымен өткен жиының күн тәртібі жана оқу жылына дайындыққа қатысты үш мәселеге арналды. Олар — Жол картасында қарастырылғандай мектептердің құрылыс және жөндеу жұмыстарының барысы, колледж бен жоғары оқу орындары студенттері үшін жатақханалардағы орынның жеткілікті болуы, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды мектеп формасымен және құралдарымен қамтамасыз ету, жазғы демалыс кезінде болған төтенше жағдайлар мен ондағы білім беру ұйымдарының жауапкершілігі туралы.

Осылайша, 6 номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Яғни:

Бұл мәселелер туралы Ғылым және жоғары оқу вице-министрі Талғат Ешенқұлов пен Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан баяндама жасады. Баяндама барысы талқылау және сұрақ-жауаппен өрбіп отырды.

Талғат Илиясұлының айтуынша, ЖОО-лардың инфрақұрылымдарын оқу жылына дайындау кең ауқымда жүреді. Бүгінде 22 ЖОО, 14 жатақхана, 7 кітапхана, 4 асхана ретрелі жөндеуден, 91 ЖОО, 215 жатақхана, 65 кітапхана корпусы, 69 асхана ғимараты ағымдағы

Оның айтуынша, орын тапшылығы күтіліп отырғаннан екі есе болуы да ықтимал екен. Мұндай проблема негізінен мегаполистерге тән. Сондықтан да бұл мәселе басы ашық күйінде қалып отыр. Хостелдердің санитарлық-қоғамдық жағдайы да кеңес мүшелерінің көңілін көншітпей отыр. Өйткені «ондағы контингент әртүрлі болатындықтан, студенттердің қауіпсіздігі алаңдатады», — дейді олар.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе — жалпы білім беру нысандары туралы болды. Жол картасы бойынша алдағы бес жылда елімізде 1,5 миллионнан астам жана оқушы орын құру, 1 000 мектепті жаңғырту, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзияны қолдау кабинетін ашу жоспарланған. Осы ретте өз баяндамасында Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан елімізде өткен үш жылда 340 мың орындық 626 мектеп іске қосылғанын, ал биыл 132 мың орынға 154 мектеп пайдалануға берілетінін хабарлады. Соның ішінде ең көбі 31 мектеп Түркістан облысында екен. Мектептерді жөндеу, жаратандыру және жаңғырту бойынша биыл 1 000 мектепте жұмыс жүріп жатыр. Өзірге олардың тек 54,6%-ы дайын. Ал биылға жоспарланған инклюзивті кабинеттер саны — 42. Оның 5-еуі бүгінде



жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстар 15 тамызға дейін бітуі тиіс. Жатақхана мақсатында 106 977 орындық 345 нысан дайындалып қойылған. Өйтсе де, әлі де болса кем дегенде 28 272 төсек-орын тапшылығы сезілуі мүмкін екен. Өйткені барлығы 134 645 орын қажет. Ең көп қажеттілік Алматы қаласында. Онда 60 мыңға жуық орын керек. Оқу орындары жатақхана тапшылығы мәселесін шешу үшін хостелдермен келісім-шартқа отырған. Бүгінде жалпы орын саны 18 897 бірлік болатын 119 нысанды жалға алу бойынша меншік иелерімен келісімшарттар жасалған.

Десе де, кеңес мүшелері былтыр қоғамда резонанс тудырған жатақхана тапшылығы проблемасын шешуде дәрменсіздік танытып отырған министрлікті сына алды. Өйткені биыл да сондай жағдай болып, 30 мыңдай студенттің қанғып қалу қаупі жоқ емес. Бұл тұрғыда Ғылым және жоғары оқу вице-министрі Талғат Ешенқұлов тұшымды жауап бере алмай, жиынға онлайн және оффлайн қатысып отырған депутаттар мен қоғамдық ұйым мүшелерін сендіре алмады.

Ақмола (1), Атырау (2) және Жамбыл (2) облыстарында ашылған. 2024-2025 оқу жылдары 41 кабинеттен, 2026-2027 оқу жылдары 38 кабинеттен ашылу жоспарлануда. Сонда мүгедектігі бар балалар жалпы саны 200 кабинеттен қамтылмақ. Одан бөлек, Оқу-ағарту вице-министрі колледж студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету, жалпыға білім беру қорынан балаларды қолдау, «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы, балалардың демалысын, сауықтыруын ұйымдастыру туралы мәлімет берді.

Мұнда да вице-министрге қойылған сұрақ өте көп болды. Сол секілді тұшымды жауап ала алмаған кеңес мүшелері министрлік өкілдерінің дайындықсыз келгенін ескертті. Партиялықтар Еділ Оспанның Астанада үстіне футбол қақпасы құлап қайтыс болған баламен болған оқиғадан министрлікті ақтап алуға тырысқан әрекетін сынға алды. Қалай болғанда да, жана оқу жылына дайындық мәселесін «AMANAT» партиясы тікелей назарында ұстайтын болады.



# «AMANAT» ДЕПУТАТЫ ТЕГІН БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫН АШТЫ

Бұған дейін «AMANAT» партиясының Алматы облысындағы Іле аудандық филиалының Қоғамдық қабилдауларға келетін азаматтардың басым көбі жұмыссыздық мәселесін көтереді. Осыны ескере отырып, арнайы оқу орталығын ашуды жөн санадық. Онда 9 мамандық бойынша білім беріледі. Білім алушыларға 200 мың теңге көлемінде шәкіртақы төленеді. Жұмысқа орналасқан кезде қызметкерлер алғашқы 2 айда 200 мың теңгеден жоғары жалақы алады. Үшінші айдан бастап еңбекақы 300 мың теңгеге дейін көтеріледі. Соған қарамастан бос жұмыс орындары әлі де көп», — деді халық қалаулысы Дінмұхамед Қузиев.

Оның айтуынша, бұл жерге кез келген жұмыссыз тіркеліп, білім ала алады. Кейін түлектер «Бент» зауытында немесе өзге де мекемелерде қызмет етсе болады. Айта кетейік, «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасы аясында өңірде 175 мың жұмыс орны құрылмақ.

Депутат басқарып отырған газобетон шығаратын «Автоклав КЗ» ЖШС-ға қарасты «БЕНТ» зауыты 1987 жылдан бері еліміздегі шойын жолдарды темірбетон шпалдарымен қамтамасыз етіп келеді. Зауыт өнімі әлемдік стандартқа сай әзірленеді. Аталған кәсіпорын биыл өздеріне қажет мамандарды даярлайтын оқу орталығын ашты.



# КӘУСАРДАН ТАРЫҚҚАН

еле

## АЙНАЛАМЫЗ БА?

**Дүниежүзілік банк 2050 жылы Қазақстанның әлемдегі судан әбден тарыққан елдердің қатарына кіруі мүмкін екенін жариялады. Мұны Су ресурстары комитетінің мамандары растап отыр. Оған жол бермеудің қамын қазірден жасаған жөн. Әйтпесе, мысалы, Жамбыл облысында қалыптасқан ахуалды Экология министрлігі аса ауыр деп бағалап отыр. Себебі өңірге Қырғызстаннан су беру доғарылған. Ұқсас жағдай өзге өңірлерде байқалады.**

Айхан ШӘРІП

Дүниежүзілік банк болжамынша, 8 жылдан соң Қазақстанда қажетті судың 15%-ы жетпейтін болады. 2040 жылға қарай елде суға деген сұраныс 50% артады, нәтижесінде ғасыр ортасында қазақ елі су тапшылығының шегіне жеткен елдердің санатына ауысуы ықтимал.

Бұл негізі, тым алыс перспектива емес, небары 26 жылдай ғана уақыт қалды. Проблеманы шешу жолында пәрменді шаралар қабылданбаса, қазіргі өмір сүріп жатқан қазақстан-

сумен жабдықтау проблемаларын көтеріп, 2 мыңнан астам адам жүгінген. Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне былтыр ауызсудың сапасыздығына қатысты шамамен 900 арыз түскен. Яғни, суға қатысты проблемалар тау басынан құлаған жентек қардай өсіп барады.

Ел коммуналдық салада қордаланған проблемалардың астында қалмауы үшін Үкімет «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын қолға алып, шетін қадамға барды: биылдан бастап, коммуналдық қызметтердің тарифтері 30%-ға дейін күрт көтерілді. Бұл қымбаттау тұрақты түрде, жыл сайын жалғастады. Мемлекет тек осал санаттағы отбасыларға ғана қолдау көрсетіп, коммуналдық төлемдерін бюджеттен өтейді. Басқа қазақстандықтардың отбасылық бюджетінің шығындары арта бермек.

Үкіметтің сендіруінше, жаңа тарифтік саясат жыл сайын халықтан артық жиналған кем дегенде 400 миллиард теңгені инженерлік желі-

шаруашылығы салалары 2022 жылы – 14,2 текше шақырым су алған, оның 2,7 текше шақырым ысырап еткен. Өнеркәсіп кәсіпорындары былтыр 5,9 текше шақырым су алған, оның 0,2 текше шақырымын босқа төкті. Коммуналдық-тұрмыстық сектор 1,3 текше шақырым су жұмсады, оның 0,2 текше шақырым жол-жөнекей шіріген құбырлардан төгіліп, жерге сінді, бұға айналды. Басқалары 3,5 текше шақырым су тұтынып, оның 0,3 текше шақырым рәсуаланған.

Осылайша, бір жыл ішінде Қазақстан өзен-көлдерден 24,9 текше шақырым су алып, оның 3,4 текше шақырымын текке құртты.

Салдарынан, Қазақстан жыл сайын тұтас бір су шаруашылығы бассейнін ысырап етеді деген сөз. Мысалы, су ресурстарының осы айтылған 3,4 текше шақырым өнімсіз шығындары тіпті, Жайық (Қазақстан аумағындағы су көлемі 3,13 текше шақырым), Есіл (2,68), Сырдария (2,16), Тобыл-Торғай (1,68), Шу-Талас (0,94), Нұра-Сарысу (0,87 текше шақырым) су шаруашылығы бассейнінің суынан да көп.

Егер зая кететін су көлемі едәуір қысқартылса, осы өзендердің ең қырсы біреуінің көмегіне тең көлемде су ресурстары үнемделер еді.



ағысы 12,5 текше шақырымға азайды. Өзендер ағынының қысқаруы Балқаш-Алақөл және Тобыл-Торғай бассейндерінен басқа барлық бассейнде тіркелуде», – деді комитет мамандары.

### ТАЛАС ТАРТЫЛЫП ҚАЛА МА?

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ғалидулла Азидуллин қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты Жамбыл облысына барды. Атап айтқанда, Қырғыз республикасы бізге жіберетін су көлемін тоқтатты. Салдарынан, 2023 жылдың 9 тамызындағы жағдай бойынша Талас өзенінің бассейні бойынша Киров су қоймасының көлемі 32,48 млн текше метрге дейін таязданды. Сөйтіп, бір жыл бұрынғымен салыстырғанда алапат көлемге, 144,8 миллион текше метрге азайып кеткен. Бұл су қоймасында былтыр 177,28 млн текше метр су болған еді. Осынша құлдырау апатқа тең.

– Талас өзенінде былтырғы жылдың тамызындағы кестелік көрсеткіш бойынша Қазақстанның қажеттілігі секундына 45 текше метр. Іс жүзінде келгені – 0. Яғни, көрші су бермеді. Қазіргі уақытта «Жамбыл ГРЭС» АҚ жұмысын тоқтатпау үшін су қоймасынан кемінде 5 м³/сек су беру туралы Қырғызстанның Талас СШББ қызметімен арада келіссөздер жүргізілуде. Сондай-ақ Талас өзенінің арнасына экологиялық тазарту қарастырылып отыр, – деп хабарлады Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Сондай-ақ Талас өзенінің арнасына судың түсуін ұлғайту мақсатында «Қазсушар» РМК филиалы мемлекеттік шекара бойында коллекторлық-дренаждық желілерді тазартпақ. Бұл Талас өзеніне судың түсуін секундына 5-тен 8 м³-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл Таласты құтқара ма? Мамандар бас шайқайды. Бүгінде Талас су торабындағы су көлемі коллекторлық сулармен толтырылғанын өзінде 7,26 текше метрден аса алмайды. Ал Қазақстанның қажеттілігі секундына 45 текше метр. Және бұл қалыпты режимдегісі. Ал Қазақстанда қуаныштылық құбылыстары өрістеуде, салдарынан су да қалыптағыдан көбірек қажет етіледі.

Қазіргі кезде тұтас Талас ауданы суарудан толығымен ажыратылды, ол солай қала береді. Суармалы судың тапшылығын Байзақ, Талас және Жамбыл аудандары сезінді. Киров су қоймасынан судың жеткіліксіз жетуіне байланысты шамамен 4 мың гектар пияз бен қант қызылшасы алқаптарына қауіп төніп тұр. Су тапшылығына байланысты Қордай ауданының Сарыбұлақ, Бетқайнар, Қақпатақ және Степное ауылдық округтері суарудан ажыратылды.

### ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

Сумен қамтамасыз ету бойынша қалыптасқан ауыр жағдайды ескеріп және аталған аудандарда әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың тапсырмасымен ведомстваралық комиссия құрылған-тын. Комиссия 18-20 шілде аралығында Қордай, Байзақ және Талас аудандарының егіс алқаптарын тексерген. Тексеріс қырғыз елі тарапынан суармалы суды беруді азайту салдарынан, егістіктердің күйіп кетіп жатқанын

көрсетті. Жұмыс тобы трансшекаралық көздерден суармалы судың жеткіліксіз берілуінен зардап шеккен шаруашылықтарға өтемақы төлеу туралы ұсыныстар енгізілетін болды.

– Су ресурстарының тапшылығы барған сайын артуда. Осыған орай біз жылда ылғал сүйгіш дақылдарды егуді қысқартуды, ылғал үнемдейтін технологияларға көшуді, ауыспалы егістерді, суару режимдерін және басқа да мелиорациялық шараларды сақтауды ұсына отырып, бұл мәселені көтереміз, – деп уәде етті өңір өкілдерімен кездесуде вице-министр Ғалидулла Азидуллин.

Су үнемдеу үшін қандай шаралар қабылданады? Біріншіден, ауыл шаруашылығы салаларының суды тұтыну көлемінің шектен тыс өсуіне байланысты енді егістік алқаптарына жаппай тексеріс жүргізілетін болады.

Екіншіден, қазіргі уақытта «Қазсушар» РМК Жамбыл филиалы пилоттық жоба бастап, «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ-ымен бірлесіп, келесі вегетациялық кезеңде қолданыстағы егістік алқаптарына су берудің қажетті көлемін есептеу үшін егістіктің нақты картасын анықтау жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Үшіншіден, бұрын Қытай, Ресей, Орталық Азиядан келетін өзендер толтырған арналардың біразы тартылып қалды. Олардың орнын жерасты суымен ауыстыру қарастырылады.

Шаруашылық және ауызсу мақсатына жарамды 201 кен орны барланды. Тарата айтсақ, оның ішінде 50 кен орнының барланған су қоры – тәулігіне 50-100 мың м³. 55 кен орнының қоры – 100-500 мың м³. Небары 10 кен орнының қоры 500 мың – 1 миллион м³. Сонда бар-жоғы 8 кен орны ғана ірі саналады және қоры тәулігіне 1 миллион текше метрден асады.

Төртіншіден, ғалымдардың айтыныша, су ресурстарымен жеткіліксіз қамтамасыз етілген өңірлерді шаруашылық – ауызсумен жабдықтау жерасты суларының ресурстарын қайта бөлетін топтық су құбырларын салу арқылы жүзеге асырыла алады. Мысалы, Көкжиде, Айшуақ және Солтүстік Айшуақ кен орындары есебінен Атырау және Маңғыстау облыстарының едәуір аумағының көзсарға деген сұранысын өтеуге болады. Батыс Қазақстан облысында сумен жабдықтау мәселелерін шешу үшін Токпай, Январцев және Көшім жерасты суларының кен орындарын пайдалануға тартуға болады.

Бірақ ең бастысы, әрбір қазақстандық суды барлық жерде үнемдеуге, оның әрбір тамшысын тек орнымен, ұтымды жұмсауға үйренуге тиіс. Мысалы, Көкжиде, Айшуақ және Тұтқасын басып тұруды қиынсынып, тығын тығатын тәжірибе бар. Алайда кейбір адам шелегі суға толған соң тығынды алып тастауға ерініп, суды сарқырата ағызып кете береді.

Қалаларда бүгінде көлік жуу бизнесі кең өріс алды, алайда олардың көбі суды орталықтандырылған ауызсу жүйесінен алады. Бұл да ысырап. Дамыған елдер тек техникалық суды, сондай-ақ жаңбыр суын қолданады. Бумен жуу технологиялары дамуда. Қазақстанда алып өнеркәсіп кәсіпорындары да суды босқа шығындаудан аулақтарады. Қазақстан шөл далаға айналмауы үшін осындай көптеген кесір істен арылу қажет болады.



дықтардың көбісі сол зұлмат заманды бастан өткеруі мүмкін.

Халықаралық қаржы институтының сарапшылары соған соқтыратын кесірдің бірі сумен қамту және жылу беру жүйесінде белен алып жатқанын ескертті. Бұл жүйелердің құбырының жартысына жуығы әбден тозған: тот басып, шіріген, шұрық тесік құбырлардан су тұтынушыға дейін жетпей, жолай ысырап болады.

Су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы – республикада шамамен 98 мың шақырымдай. Бұл – әлемдегі ең ұзын желілердің бірі. 2022 жыл қорытындысында ел бойынша оның орташа тозуы 43%-ды құрады. Кейбір өңірлерде жетпіс пайызға дейін жетеді. Салдарынан, ауызсудың 40%-ына дейінгісі босқа рәсуа болады.

Сарапшылар бұл ысырапты тоқтату үшін Қазақстанның сумен жабдықтау желілерінің кем дегенде 41,9 мың шақырымын дәл қазір күрделі жөндеу немесе мүлдем ауыстыру керек деп отыр. Бұл көлем тек өсе береді. Күрделі жағдай Алматыда, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ұлытау, Абай және Қарағанды облыстарында қалыптасқан.

Қоғамдық саясат институты жүргізген әлеуметтік зерттеу қорытындылары көрсеткендей, қазірдің өзінде қазақстандықтардың 27,2%, яғни үштен бір бөлігіне жуығының ауызсу сапасына көңілі толмайды. Наразылардың басым көпшілігі – Қарағанды (62,9%), Маңғыстау (50,5%) және Ақмола (56,4%) облыстарының тұрғындары. Ал орталықтандырылған ауызсумен жабдықтаудың жоқтығына шағым көп түскен өңірлердің тізімін Абай, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары бастады.

«AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдауларына 2022 жылы

“  
Су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы – республикада шамамен 98 мың шақырымдай. Бұл – әлемдегі ең ұзын желілердің бірі. 2022 жыл қорытындысында ел бойынша оның орташа тозуы 43%-ды құрады. Кейбір өңірлерде жетпіс пайызға дейін жетеді. Салдарынан, ауызсудың 40%-ына дейінгісі босқа рәсуа болады.

лерді жанартуға бағыттауға мүмкіндік береді. Әрине, егер «бармақ басты, көз қысты» жолмен тағы талан-тараж етілмесе. Өйткені бұрынғы билік те «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасын іске асырған. Соның барысында халықтан 1 триллион теңге жинап алды. Алайда желілер тек тоза берді.

### ҚАЗАҚТЫҢ ДАРИЯЛАРЫ ТАУСЫЛЫП ЖАТЫР

Оңсыз да аз су ресурстарының елімізде орынсыз шашылатынын Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті растады. Өткен отыз жылдықта республикада су үнемдеуге қатысты қаншама бағдарлама жүзеге асырылды, қиуар қаржы шығын болды. Қайтарымы жоқтың қасы. Экономика салалары мен халықтың қажеттіліктеріне су шығындау көлемі 2020 жылы – 24,6 км³, 2021 жылы – 24,5 км³, 2022 жыл қорытындысында – 24,9 текше шақырымды құрады. Яғни тек өсіп барады.

Ведомство суды қажеттіден Вартық шығындайтындарды атады, бұлар – ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық сектор. Нақтылағанда, ауыл

Су ресурстары комитеті мамандарының айтуынша, Қазақстанның су ресурстары басқа мемлекеттермен салыстырғанда аз. Жан басына шаққандағы түшкі судың көлемі бойынша Қазақстан әлем елдерінің тізіміндегі соңғы жағынан орын алады. Салыстырсақ, жан басына шаққанда су ресурстарының жалпы көлемі Қазақстанда небары – 6 миллион текше метр ғана. Ал халқы бірнеше есе көп Ресейде – 31,4, Бразилияда – 41,1, Канада – 83,2 миллион текше метрден келеді.

Мұның сыртында көршілер су беру көлемін жыл өткен сайын кемітуде.

«Гидрографиялық қағидат бойынша Қазақстан аумағы 8 су шаруашылығы бассейніне бөлінген: Арал-Сырдария, Балқаш-Алақөл, Ертіс, Есіл, Жайық-Каспий, Нұра-Сарысу, Тобыл-Торғай және Шу-Талас. Елдің су ресурстарының негізгі орташа жылдық көлемі 102,3 текше шақырым. Оның басым көпшілігі, 50,4 пайызы Қазақстаннан тыс жерлерден, Қытай, Өзбекстан, Ресей және Қырғызстаннан, трансшекаралық өзендер арқылы келеді. Бұл ретте 1895-1960 жылдар кезеңінен салыстырғанда Қазақстан аумағына жететін өзен



**Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында қос дипломға қол жеткізудің мүмкіндіктері туралы сан түрлі пікірдің бар екені рас. Бұл мүмкіндікті отандық білім ордалары өздерінің кәсіби бағдар беру жұмыстары кезінде де сәтті пайдаланып жүр.**

Қазақстанда қос дипломды білім беру бағдарламасы туралы 2009 жылдан бастап айтыла бастады. Араға уақыт салып еліміздегі ұлттық университеттер қос диплом беру бағдарламасын әзірлеп көпке үлгі болды. Қазір елімізде қанша ЖОО бар болса, соның барлығы да қос дипломды білім жүйесін барынша тиімді пайдалануға тырысып бағуда.

Еске сала кетейік, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы қаңтарда Мәжілістің жалпы отырысында елімізде бес шетелдік беделді университеттің филиалын ашуды тапсырған болатын. Осылайша, қос диплом жүйесін мықтап қолға алу мәселесіне нақты бағдар берген еді. Бұл бағытта алғашқы қадам жасаған М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Аризона университетімен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойып, бүгінде алғашқы білім алушыларын қабылдап үлгерген.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің хабарлауынша, қос дипломдық білім беру бағдарламалары қазақстандық жоғары оқу орындары мен олардың серіктес университеттері арасында жасалған келісімдер негізінде жүзеге асырылmaq. Бүгінде қазақстандық 41 жоғары оқу орны серіктес университеттермен бірлесе отырып, 200-ден аса қос дипломдық бағдарламаны жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық аясында қазақстандық университеттер әлемнің 99 жоғары оқу орнымен әріптестік байланысқа түскен. Бұлардың арасында жасалған келісімдердің басым көпшілігі Ресейдің, Польшаның, Ұлыбританияның, Францияның және Германияның университеттері деп айтуға болады. Атап айтқанда, Ресейдің 120-дан астам, Польшаның 20-ға жуық, Ұлыбританияның 10-нан астам, Германияның он шақты университетімен меморандум жасалыпты. Одан бөлек, АҚШ, Оңтүстік Корея сияқты елдердің оқу орындары тағы бар. Дегенмен статистикаға қарасақ, қос дипломды бағдарлама Ресейге көбірек бағытталғаны байқалып тұр. Ал Ресейдің өзі қазір түрлі санкцияға ұшырап, жаһанда беделі түсіп келе жатқанын ескерсек, дәл теріскейдегі көршінің университеттерімен тығыз қарым-қатынас орнату жастарға мол мүмкіндік бере қояр ма екен?! Бұл әзірге жауапсыз сауал болып тұр. Байқауымызша, қазір ресейлік ЖОО-лар посткөпенестік елдердің университеттерімен жаппай ынтымақтастық орнатып жатқанға ұқсайды.

Әдетте қос дипломды білім беру деп екі немесе одан да көп университетте бірлескен жүйедегі білім беру бағдарламасы бойынша оқып, маман болып шығуды айтады. Мұндай бағдарлама бойынша оқыған жастар екі елдің де дипломын алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл қазақстандық жоғары білімнің халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануының басым бағыттарының бірі.

Қос дипломды білім беруді елімізде алғаш болып бастаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болатын. Білім ордасы көптеген шетелмен ынтымақтастық қарым-қатынастар орната отырып, 2009 жылдан бастап магистратураның бірқатар өзекті және сұранысқа ие мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырып келеді.

Аталмыш білім ошағының математика кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты Қонатбек Қомпышұлы аталмыш бағдарламаның жастар үшін мүмкіндігі зор екенін айтып отыр. Егер осы бағдарлама тікелей Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылатын болса, мүмкіндік тіптен көп болмақ екен. «Қазір екі елдегі білім ордалары өзара ынтымақтастық негізінде арнайы білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру арқылы жобалар жасап, олардың негізінде студенттерді шетелге білім алуға жіберіп отырмыз. Арнайы бағдарламалар негізінде қаражаттың шектеулі ғана болатынына байланысты білім алушылардың саны да кейде 5-6 дан аспай қалады. Дегенмен



қиналғаны шындық. Ағылшын тілі кейбір пәндерде қолданылып, көп жағдайда тіпті күнделікті өмірде де тіл мәселесі қатты қиындық туғызған. Жастар жатақханада өз бетінше корей тілін үйренуге мәжбүр болды. Дегенмен білікті болуды көздеген біздің жастарымыз өте белсенді», — дейді үйлестіруші Құралай Қуанышқызы.

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ресми мәліметінше, 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы бойынша білім алып келген жастар еліміздің қай өңірінде болса да жұмысқа орналасуын университет өз басшылығына алып отыр. Білім ошағының мұндай қамқорлығы, әрине қуантарлық жағдай.

Қос дипломдық бағдарлама жүйесімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жоғары математика факультетінің және Францияның Реймс университетінің түлегі қос диплом иегері Аяужан Раимбаева бүгінде Алматыдағы Республикалық физика-математика мектебінде қызмет атқарып жатқанын айтады. «Шетелде білім алу

олардың саны 1 120 адам болған. Яғни, жүздеген мың студенті бар ел үшін бірер мың адамның қос диплом бағдарламасымен білім алуы мақтанарлық көрсеткіш емес. Оның үстіне, қос диплом бағдарламасына қатысатын шетелдік университеттің көбі ресейлік екенін байқадық. Демек, бұл мәселеге көзқарас өзгеруі керек шығар. Көзқарастың өзгеруі бола жатар, бастысы бағдарламаға мемлекеттің тарапынан арнайы қаражат бөлінуі керек.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, министрлік тарапынан жоғарыда айтып өткен М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кейбір бағдарламалары мемлекет тарапынан қаржыландырылады екен. Осы аталған үш ЖОО арасындағы ең белсендісі саналатын М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да қос дипломдық бағдарламаға қатысу үшін 500 орын қарастырылған болса, қазір берілген өтінімдер саны 2 720 болып тұр. Бұл сан қыркүйекте оқу басталған шақта күрт өсетіні белгілі. Демек, талап бар. Тек мемлекет жастардың

# МОЙЫНДАЯЛСА —

“

*Халықаралық бағдарламалар бәсекеге қабілетті мықты мамандарды даярлап шығаруға бағытталған. Сол себепті студенттерге қойылатын талаптар да аса жоғары. Көптеген серіктес жоғары оқу орны тілдік дайындықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ оқу процесіне толық енуі талап етеді.*

# ДИПЛОМ ЖАРАР ҚАЖЕТКЕ



де бағдарламалар негізінде оқуын бітіріп, қызметке орналасып жатқан жастарымыздың білімі де білігі де жоғары болып отыр», — дейді Қонатбек Қомпышұлы.

«Шетелде білім алып жатқан жастарымыз біздің елде ақылы негізде оқыса, сырт елде болған уақытта отандық білім ордасында оқу үшін ақы төлеуден босатылады. Сонымен қатар шетелдік білім ордалары біздің студенттерге жеңілдіктер қарастырып, ол жақтағы оқу ақысын білім деңгейіне байланысты 90%-ға дейін жеңілдету мүмкіндігі тағы бар. Бұл мүмкіндіктер біздің жастарымызды одан сайын ынталандыра түседі», — дейді Мақсұт Нарикбайев University KAZGUU Қос диплом бағдарламаларының үйлестірушісі Құралай Қазихан.

Әрине, әлемнің дамыған елдерінде білімін шындап, қос диплом алу жастарға біршама артықшылық ұсынары сөзсіз. Дегенмен осы мүмкіндік барлық студентке бұйыра бермейді. Өйткені шетелде білім алудың өзіндік қиындықтары да бар. Ең бірінші тіл мәселесі болса, екінші екі елдің білім бағдарламаларының сәйкеспей қалуы. Шетелде білімін шындауға баратын студентке бізде білім үлгерімі мен қоса ағылшын тілін білу талабы қойылады. Ал тандалған елдегі білім ордасында оқыту көбіне жергілікті тілде жүргізілуі ықтимал.

Бірден екі жоғары оқу орнында оқуды жоспарлап отырған студентке екі елдің оқу бағдарламасына ілесу қиын болатынын түсінуі керек. Жастарға екі диплом алу үшін көп күш жұмсауға тура келеді. Себебі Халықаралық бағдарламалар бәсекеге қабілетті мықты мамандарды даярлап шығаруға бағытталған. Сол себепті студенттерге қойылатын талаптар да аса жоғары. Көптеген серіктес жоғары оқу орны тілдік дайындықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ оқу процесіне толық енуі талап етеді. Бұл талаптарды серіктес-жоғары оқу орындарына келген студенттер мінсіз орындауы тиіс.

«Біздің бірнеше студентіміз Оңтүстік Кореядағы университеттердің біріне білім алуға барған сәтте тіл мәселесінен


мен тәжірибенің ерекше болатыны айтпаса да түсінікті. Алдағы уақытта докторантураға АҚШ-қа түспекшімін, сол кезде Франциялық дипломым біраз рөл атқарады деп сеніп отырмын. Өкініштісі, өзге елдерде көбіне Қазақстан дипломы мойындала бермейді екен. Ал Франциялық дипломымызды көрсеткен кезде жағдай бірден өзгереді. Ең бастысы, ағылшын, француз тілін жалпы тілді оқу керек екенін түсіндім. Тіл білсең, шетелде мүмкіндік өте көп», — деді Аяужан Қонысбекқызы.

Жастарымыздың шетел асып білім нәрімен сусындауы, елге тың жаналық әкеліп, өркениеттің өресін кеңейтуі, әрине жақсы. Бірақ қарап отырсақ бағдарламаға қатысушылар саны тым көп те емес. Айталық, 2019-2020 оқу жылында қос диплом бағдарламасы бойынша 1 308 адам білім алыпты. 2020-2021 оқу жылында

білімге деген ынтымақ қанағаттандыра алмай отырғаны анық көрініп тұр.

Шетел дегеннен шығады, бүгінде әлемнің дамыған елдерінде оқып келіп, қайтадан сол жаққа қарай бет алып жатқан жастардың саны басым. Әрине, жастардың шетелде білім алуының позитивті жақтары да жоқ емес. Өйткені дамыған елдің білім жүйесі қалай десеніз де, дамудың бірнеше сатысынан өтті. Оның үстіне, ғылым мен соңғы технологияның отаны да солар. Оны мойындауымыз керек. Сондықтан да дамыған мемлекеттерде білім алушылар қатарының көбеюі дұрыс. Бірақ білім үшін бойына сіңіріп келген жастарды өзімізде ұстап қалуымыз үлкен мәселеге айналады. Жыл сайын сан мыңдаған білімді жастарымыз өзге елге қоныс аударып жатқанына куә болып жүрміз. Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2021 жылы шетелге 32 209 азаматтың кеткені анық болған. Олардың 8 жарым мыңнан астамы жоғары оқу орнын тәмамдаған білікті мамандар. 2022 жылы Қазақстанның 8 мыңға жуық азаматы жұмыс іздеу мақсатында шекара асқан. Олардың басым бөлігі — 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтардың үлесінде болып отыр.

«Біз отбасымызбен 2021 жылдың маусым айында Түркияға көшіп бардық. Түркияға көшкен себебіміз — климатына, өмір сүру мәдениетіне баса назар аудардық. Қыс айы өте жылы болады екен. Біз Анталья қаласын тандап, бір жыл тұрдық. Табиғаты сұлу туристік қа-



ла. Өзге де қалаларға саяхат жасадық. Жұмыс мәселесіне келетін болсақ, қазақстандық диплом бұл жақта жарамсыз болып қалды. Сол себепті мен әзірге үйдемін. Тек мұнда халықаралық дипломдар ғана жарамды. Жолдасым өткен жылы қос дипломдық жүйемен оқып Қазақстан мен Франциялық ЖОО дипломын алып шықты. Қазір ІТ саласында онлайн түрде жұмыс істейді», — деді Түркияда білім алып жүрген Макпал Бөлекбаева есімді азамат.

Байқағанымыздай, біз қанша жерден қос дипломды жүйеге көшіп жатқанымызбен қазақстандық дипломдар өзге елдерде көп жағдайда мойындала бермейтіні анық болып отыр. Бұған қай жағынан келуіміз керек? Тағы да сол Мемлекет басшысы араласып бір жақты қылу қажет пе, әлде Ғылым және жоғары білім министрлігі нақты әрекетке көшуі тиіс пе? Бәлкім, қазақстандық дипломның өзге елдерде мойындалуы мәселесімен жүйелі түрде айналысқанымыз жөн шығар.



# ЖҰМЫСҚА МҰҚТАЖ ЖАС МАМАН



**Тамызда мектеп түлектері бақ сынасып академиялық білім алу үшін университеттерге ағылатын кез. Бірақ біз осы секілді белгісіздікті бастан кешіретін тағы бір топты назардан тыс қалдырамыз. Олар – енді ғана дипломға қол жеткізіп, еңбек нарығына жаңадан жолдама алған жастар. Бүгінде еліміздегі түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші артып келеді. Бұл мемлекеттік жұмыспен қамту саясаттың тиімділігі ме, әлде еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің жастарға басымдық беруінің нәтижесі ме?**

Кәмила ЕРКІН

Елімізде 2022 жылы ЖОО түлектерінің 79,5 пайызы жұмысқа орналасқан. «Атамекен» ҰҚП мәліметтеріне сүйенсек, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 8,5 пайызға жоғары. Аймақтар арасында ең жоғары түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші Батыс Қазақстан облысына тиесілі – 86%, екінші орында Алматы облысы – 84%, үшінші орында Атырау облысы – 85%. Жұмыспен қамтудың ең төменгі деңгейі – 73%, Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша анықталған. Алматы облысының түлектері алғашқы жылы орташа есеппен 196 769 теңге жалақы алса, Шымкент түлектерінің ең төменгі медианалық жалақысы 124 895 теңгені құрайды.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы 2023-2030 жылдары жалдамалы жұмысшыларға деген сұраныс 2 миллионға жуық адамға жетуі мүмкін деген болжам келтіреді. Мұның басты себептерінің бірі 2023 жылдан 2028 жылға дейін әйелдердің зейнеткерлік жасын арттыру тоқтатыла тұратыны дейді сарапшылар.

## МАМАНҒА ДЕГЕН МҰҚТАЖДЫҚ ҚАНДАЙ?

Бүгінде білім беру (395,6 мың адам), ауыл шаруашылығы (196,3 мың адам) және сауда (193,2 мың адам) салаларының мамандарына деген сұраныс жоғары деңгейде. Тізімнің көші басындағы білім беру саласының кадр жетіспеушілігі елдегі 2000-шы жылдардың басынан бері байқалып келе жатқан «бейби бумның» айқын көрінісі.

«Атамекен» ҰҚП кадр қажеттілігі бойынша жүргізілген сауалнамасында 51,2 мың кәсіпкерлік субъектінде 134 051 жұмысшыға қажеттілік бары анықталған. Әсіресе, Алматы, Астана қалалары, сондай-ақ Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Атырау облыстарында кадр жетіспеушілігі айқын сезіледі.

Оның ішінде сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, білім беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы – кадрларға өте мұқтаж салалар қатарында.

Сондай-ақ нарық тігінші, аспаз, күзетші, колөнерші, автомеханик, бухгалтер, ауылшаруашылық өндірісінің тракторист-машинисі және сату менеджері секілді мамандарға мұқтаж.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы мәліметтерінше, цифрландыру жағдайында көптеген ел секілді Қазақстан да білікті IT мамандарының жетіспеушілігіне тап болып отыр. Бүгінде 69,5 мың IT маманы қазақстандық кәсіпорындармен 84,1 мың электронды еңбек шартын бекіткен. Бұл әрбір бесінші қызметкер бір мез-

гілде бірнеше ұйымда жұмыс істейтінін білдіреді. Ал мұндай маманның орташа айлық жалақысы 516 мың теңгені, ал медианалық жалақысы 352 мың теңгені құрайды.

## ТҮЙНДЕМЕ – ТҮЛЕКТІҢ ВИЗИТ КАРТАСЫ

Көбіне жастар диплом алғаннан кейін бірден армандаған жұмысқа орналасамын деп ойлайды. Өйткені көп жағдайда жас маман қызметтік жолын компаниядағы төменгі лауазымдардан бастайды. Сізге шынымен жақсы жұмыс табу үшін кәсіби қабілеттілігіңізді дәлелдеуге және ысылуға тура келеді. Университет түлектері мамандығы бойынша теориялық және практикалық дайындықтан өткенімен, өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігі кейде тұсау болады. Әсіресе, алғаш рет жұмыс іздей бастағанда, түйіндеме әзірлеу және сұхбаттасу жастарға оңай соқпауы мүмкін. Сондықтан жоғары оқу орындарының түлектеріне мансап жолын ойдағыдай бастауға көмектесетін кеңестермен бөлісуді жөн көрдік.

“

*Көбіне жастар диплом алғаннан кейін бірден армандаған жұмысқа орналасамын деп ойлайды. Өйткені көп жағдайда жас маман қызметтік жолын компаниядағы төменгі лауазымдардан бастайды.*

Түйіндемеге ерекше назар аударыңыз! Дұрыс емес немесе сапасыз жасалған түйіндеме беделді компанияға кіруге кедергі келтіреді. Өйткені бұл сізді болашақ жұмыс берушімен байланыстыратын алғашқы мүмкіндік. Бір күнде жұмыс беруші ондаған түйіндемені қарайды. Сондықтан түйіндеменіз орфографиялық және стилистикалық тұрғыдан сауатты болғаны абзал және қажетті лауазымды бірден көрсеткен дұрыс. Фотосуретті де назардан тыс қалдырмаңыз.

Қазір жұмыс берушілер арасында түйіндемеге балама CV атты құжат танымал. Латын тілінен аударғанда Curriculum Vitae (CV) «өмірлік бағыт» дегенді білдіреді. Оның түйіндемеден айырмашылығы, CV-де ақпарат толығырақ көрсетіледі. Мұнда сіз жетістіктеріңізді жай ғана тізіп қоймай, марапаттарыңыз бен құндылықтарыңыз туралы айта аласыз. Түйіндеменің ұзындығы – бір-екі бет, CV – екі, алты, тіпті он екі бетке дейін жетуі мүмкін.

CV әсіресе ғылыми сала қызметкері болуға ұмтылсаңыз көп көмегін тигізбек. Егер сіз университеттерге өтініш берсеңіз, міндетті түрде CV жазыңыз. Профессорлар сіздің қайда ғылыми мақалалар жарияладыңыз, не туралы жаздыңыз және сіздің ғылыми қызығушылықтарыңыз қандай екенін білгісі келеді.

## ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ТЕТПІ ТИІМДІ МЕ?

Қазақстанда жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған барлық бағдарлама 2,5 жылдан астам уақыт қана жұмыс істейтінін айтады мамандар.

Бүгінде жастарды жұмыспен қамту мәселелері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саясатын іске асыруда үлкен маңызға ие. Өйткені еңбек нарығындағы жастар халықтың осал тобы. Себебі олардың жұмыс тәжірибе-

сі жоқ, мемлекеттік қолдау шараларынан хабарсыз және ұзақ уақыт жұмыссыз жүрген немесе үй шаруашылығымен айналысатын біліктілігі төмен және бала тәрбиелеп отырған жас аналар.

Қазақстанда жастарды қолдау және «Жергілікті жерлерде» жұмыссыздықпен күресумен Халықты жұмыспен қамту орталықтары айналысады. Орталық еңбек делдалдығынан бастап микрокредиттер алу туралы кеңес беру, қоғамдық жұмыстарға жіберу, әлеуметтік жәрдемақыларды ресімдеуге дейін қызмет көрсетеді.

Анна Альшанская Қоғамдық саясат саласындағы жас зерттеушілер бағдарламасы аясында жүргізген талдауда «Мемлекет жүзеге асырып жатқан шараларға қарамастан жастарды жұмыспен қамтудың қолданыстағы тетіктері тиімсіз екенін көрсетті» деп қорытынды шығарған. Себебі көп жағдайда Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын бос орындар спектріндегі мамандықтар саны шектеулі немесе жалақысы төмен. Жұмыс берушілер де тәжірибесі жоқ немесе ұзақ уақыт жұмыстан үзіліс алған жастарды еңбекке тартуға құлықсыз. «Электронды еңбек биржасын енгізу де проблеманың толыққанды шешімі деп көрсетуге жеткіліксіз. Бірақ халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік орталықтарынан бас тарту және міндеттерді жеке секторға ауыстыру жастардың еңбек нарығындағы белсенділігін арттыру процесін одан әрі кешеуілдетуі ғажап емес. Сондықтан ХҚКО-ны одан әрі реформалау қазіргі ең тиімді шешім болуы мүмкін» деп қорытындылайды сарапшы.

## JEFES ЖОСПАРЫ

2001 жылғы қаржы дағдарысынан кейін Аргентинада іске қосылған Jefes жоспары жұмыспен қамтуға кепілдік беру негізінде жұмыс істеген болатын. Оның аясында жұмыссыз азаматтарға федералды қаржыландыру негізінде әртүрлі жұмыс орны ұсынылды. Бұл тәжірибе көптеген әйелге жұмыс табуға мүмкіндік берді, ал 2005 жылға қарай олар барлық жұмыспен қамтылғандардың 3/4 бөлігін құрады. Бұл әйелдерге ата-ана мен үй қызметшісінің рөлмен шектелмей, қоғам өмірінде өзін тәуелсіз сезінуге мүмкіндік берді.

Jefes бағдарламасы көптеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды ресімдеуге көмектескенін де атап өткен абзал, өйткені Қазақстанда бұл барлық жұмыспен қамтылған жастың үштен бір бөлігін қамтиды. Jefes сонымен қатар мемлекеттік жұмыс орнынан жеке секторға ауысқан жұмысшылар үшін ең төменгі жалақы деңгейін белгіледі. Жеке фирмаларға жалданған жұмысшылардың 93%-ға жуығы мемлекет ұсынған жалақыдан жоғары жалақы ұсынды.

Аталмыш бағдарлама 2009 жылы тоқтатылды, бірақ ол шамамен 2 миллион адамға жұмысқа орналасуға мүмкіндік берген болатын. Нәтижесінде, елдегі жұмыссыздық деңгейін 2,5%-ға төмендетті. Сонымен қатар экономистер бағдарлама болмаған жағдайда адамдардың 26%-ы жұмыссыз қалатынын анықтады.

Аргентина проблемаларымен сәйкес Қазақстанның қазіргі ахуалын ескерсек, аталмыш тәжірибе жағдайды айтарлықтай жақсарта алар еді. Ол жастарды ғана емес, азаматтардың барлық тобын жұмыспен қамтуға, сонымен бірге жалпы адамдардың жалақысы мен әлеуметтік қорғалуын арттыруға көмектесе алар еді.

# СПОРТШЫҒА ҚАНША ТӨЛЕНЕДІ?



**Олимпиада медаліне үміткер спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына ай сайынғы төлемдерді анықтау критерийлерін енгізу жоспарланып отыр.**

Министрлік «Жоғары санатты спортшылар, жаттықтырушылар және жоғары санатты спортшыларды даярлайтын денешынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарт бойынша ақша төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы» бұйрыққа өзгертулер әзірледі. Бұйрық жобасына сәйкес, қолданыстағы құжатқа спортшылар және жаттықтырушылармен жасалған шарт бойынша ай сайынғы төлемнің ең төменгі және ең жоғары мөлшерін анықтау критерийлері бар тармақты қосу ұсынылады.

Атап айтқанда, Олимпиада, Паралимпиада немесе Сурдлимпиаданың медаліне үміткер спортшыларға ай сайынғы төлем мөлшері спортшының әлем немесе Азия чемпионатының/кубогының жеңімпазы немесе

жүлдегері болуына байланысты белгіленеді.

Ал жаттықтырушылар мен бас жаттықтырушылар Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиадада, сондай-ақ олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлерінен ересектер арасындағы әлемдік және құрлықтық біріншіліктерде медаль жеңіп алу бойынша міндеттемені алуы тиіс.

Бұл жаттықтырушы-кеңесшілерге де, бірақ тек Олимпиада жүлдесіне үміткер спортшыларды даярлауға қатысатындарға қатысты.

«Құжаттың жаңа редакциясында сомасы мен төлеу мерзімі өзгерген жоқ. Мысалы, Олимпиада медаліне үміткер спортшы ай сайын шартта белгіленген соманың 50%-ын (700-ден 7 500 АҚШ долларына дейін) алады, қалған бөлігі медаль жеңіп алу бойынша міндеттеме орындалған жағдайда ғана төленеді», – делі МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Ербол Мырзобосынов.

# КӨНЕ ДӘУІР ПИРАМИДАСЫ ТАБЫЛДЫ



**Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің археолог-ғалымдары Еуразия даласында кездеспейтін ірі көлемдегі қола дәуірінің дала пирамидасын тапты. Қазба жұмыстары Абай облысында жүргізіліп жатыр.**

2014 жылдан бастап ЕҰУ Тарих факультеті археология және этнология кафедрасының ғалымдары Абай облысы Абай ауданы Токтамыс елді мекенінің жанындағы Қырықкүңгір кешенді ескерткішінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

Оған университет студенттері мен магистранттары атсалысқан. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Еуразия даласында кездеспейтін ірі көлемдегі біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтың басы, яғни осыдан төрт мың жыл бұрынғы қола дәуірінің дала пирамидасы табылды.

«Дала пирамидасы өте дәлдікпен салынған, алты қырлы. Әрбір қырының арасы он үш метр және сегіз қатар

таспен қаланған. Ортасында бірнеше шеңбері бар. Бұл – өте күрделі кешенді құрылыс. Сол кешендегі құрылыстың сыртындағы қабырғаларында әртүрлі жануардың, әсіресе жылқының суреттері басым бейнеленген. Сонымен бірге түйенің де бейнелері бар. Қазбадан табылған мәліметтер, қыш ылыстар, әйел адамның алтын сырғасы және тағы басқа әшекей бұйымдар осы қола дәуірінің үлкен көне дәуірде мәдениеті, ошағы болғанын көрсетеді. Бұл, яғни сол кешеннің өзінде жылқы культінің өте жоғары болғанын сол тас құрылыстың айналасындағы жылқы сүйектерінің табылуы дәлелдеп отыр», – дейді тарихшы ғалым, ЕҰУ археология және этнология кафедрасының меңгерушісі Ұлан Үміткалиев.





Көктем ҚАРҚЫН

**САНАУЛЫ ГРАНТ КӨПКЕ БҮЙЫРМАЙДЫ**  
Жуырда Балалар үйінен шыққан 70 пайыз оқушы Жоғары оқу орындарына түсе алмайды деген статистика жарияланды. Зерттеп көрсек, қазір елімізде 22 080 жетім бала бар екен, оның ішінде 3 790 бала интернаттық ұйымдарда тәрбиеленеді. Сонда жыл сайын интернатты мыңға жуық түлек бітіріп жатыр. Ал 2023-2024 оқу жылында 88 204 студент мемлекеттік грант бойынша білім алатын болды. Осы гранттың тек 1 пайызы ғана жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі. Бұл – шамамен 882 грант. Санаулы орын барлық жетімге бірдей бүйырмайды. Себебі 882 грантқа тек Балалар үйінен шыққан оқушылар ғана емес, туыстарының қолында тәрбиеленіп жатқан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар да ортақтасалды.

— Балалар үйінен кеткен соң түлектердің көпшілігі колледжде түседі. Жоғары оқу орнын оқимын дейтіндер болса, 11-сыныпты бітіріп шығады. ЖОО-ға түскендер көбіне сол университеттің жатақханасына орналасады. Біз Балалар үйінен кеткеннен кейін де балаларға жиі хабарласып, жағдайларын біліп отырамыз. Жұмыс таба алмай жүргендері болса, бізге хабарласып, көмек сұрайды. Кейбірі өз мамандығы бойынша жұмыс істегісі келмейді. Әлі күнге дейін хабарласып, амандасып тұратындары бар, — дейді Балалар үйінің тәрбиешісі Макпал Ескалиева.

Көмелеттік жасқа толған жасөспірімдер балалар үйінің қабырғасынан шыққан соң, ең алдымен әлеуметтік өмірге бейімделуі керек. Бірақ оларға бұл жағынан бағыт-бағдар беретін ешкім табылмайды. Осылайша, балалар оқшауланып, өздерін қоғамға қажетсіз сезінеді. Қазір қоғамда «балалар үйінің түлектерінің 40 пайызы — заң бұзушылардың қатарына қосылады» деген пікірлер де айтылып жүр. 16-17 жаста мектеп бітірген жасөспірім, балалар үйінен шыққаннан кейін қалай ақша тауып, қалай тәуелсіз өмір сүруді үйрене алмайды. Себебі олар осы уақытқа дейін тек мемлекеттің қарауында болып келді. Жоғары оқу орнына түскеннен кейін де қасындағы ортаға бейімделе алмай, оқуын орта жолда тастап кететіндер де бар. Ал оқуға түсе алмағандарды, көшеде қалып қоймау үшін Жастар үйіне жібереді. Бірақ бұл жақта тек 23 жасқа дейін ғана тұра алады. Жанат Қалиева есімді кейіпкеріміз қазір Жастар үйінде тұрып жатыр. Өміріне налымайды, тәубе дейді. Колледж бітіріп, мамандық алыпты.

— Жалпы Балалар үйінің түлектеріне жұмысқа тұру өте қиын. Мен мектепке жұмысқа тұруға құжат тапсырғаныма, ондағылар мені бірден алғысы келмей, әрең алды. Жақында таныс қыз аспаздың көмекшісі болып жұмысқа орналасыпты. Оған ілесе барып, екінші қыз да орналасқан. Тұратын жерін, Балалар үйінен шыққандығын естігенде 2 қызды бірден жұмыстан шығарған. Сондықтан жұмыс іздегенде Балалар үйінде өскенімізді жасырып қалуға тырысамыз. Дайын асқа үйреніп алғандар бар екенін де жасырмаймын. Үкімет асырайды, әкімдік көмектеседі деп жүргендер де баршылық. Балалар үйінен шығады да, оларға қамқорлық мақсатында ашылған осындай «Жастар үйіне» келе салады. Балалардың 80 пайызы осы оймен жүреді десем, қателеспеген болармын, — дейді Жанат Қалиева.

Оның айтуынша, бес саусақ бірдей емес. Балалар үйінен шыққандардың арасында да адам болсам, ізденсем, оқысам, адал еңбекпен өз нанымды тауып жесем деп талпынатындар бар. Алайда жұмыс берушілер оларды жұмысқа алуға аса құлықты болмай шығады.

— Олар біздің дұрыс жұмыс істей алатынымызға күмән-күдікпен қарайды. Балалар үйінде өскен соң ба біздерді



# БАЛАЛАР

## ҮЙІНЕН

### кейінгі ӨМІР

**Мектепті енді ғана бітірген бозбала үлкен өмірді неден бастары, қандай мамандық таңдарын білмей қиналады. Артында қорғаны болар ата-анасы тұрса да, оларға өз жолын табу қиын. Ал ешкімі жоқ, Балалар үйінен шыққан жасөспірімнің интернатты бітіргеннен кейін қайда баратыны жайлы ойлап көрдіңіз бе? Ондай жастардың қоғамға бейімделуі қалай болады? Қаншасы жоғары білім алады?**

ұрлыққа бейімсіңдер, ұрлықшысыңдар деп қабылдайтындар да жоқ емес. Ал шындығын айтсақ, біздің де адамгершілік қасиеттері жоғары қойып, тура жолмен жүргізіміз келеді. Бірақ оны екінің бірі түсіне бермейді, — дейді Жанат.

#### ОҚУҒА ТҮСУГЕ КОЛ ҰШЫН БЕРЕДІ

Иә, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тағдыры қашан да қиын. Олар ел қатарлы өмір сүруді армандайды. Бірақ жоғары оқу орнына грантқа түсе алмай бір қиналса, жұмыс таба алмай екінші рет қиналады. Мұндайда Балалар үйінен шыққан түлектерге арнайы грант бөлетін қайырымдылық қорлары да бар. Бірнеше жыл бұрын Жазира Мейрамбекқызы жетімдер үйінде тәрбиеленген балаларға Жоғары оқу орындарына түсуге қолұшын беретін Big Bala жобасын жүзеге асыра бастады. Big Bala екі жыл ішінде қоғамдық қорға айналды және 42 баланың жолын ашты. Еріктілер Балалар үйінен шыққан оқушыларға колледжді немесе университетті таңдауға, құжаттарды дұрыс тапсыруға, емтихандар мен тестілеуге дайындалуға көмектеседі.

— Big Bala әлеуметтік жобасы балалар үйлерінің, әлеуметтік жағынан осал отбасылардың балаларына бюджеттік негізде оқу орындарына түсуге көмектеседі. Оқуға түсуге мүмкіндік беретін мемлекеттік, жеке бағдарламалар базасын жинадық. Кейбірінің құжатын, енді бір бөлігін емтиханға жеке дайындадық. Әзірге тек Қазақстанның ЖОО мен колледждеріне оқуға түсуге көмек беріп жатырмыз. Алдағы уақытта ең үздік ба-



ларды шетелге оқуға жіберсек деген арманымыз бар, — дейді Жазира.

15 жастағы Айзада сурет салуды жақсы көреді. Big Bala-дан көмек алғаннан кейін ол өзінің арманын жүзеге асырды. Осылайша, қазір графикалық дизайнер мамандығы бойынша білім алып жатыр.

— Балалар үйінің көптеген балалары кейін жасөспірімдер үйіне барады. Осылайша, қоғамда өмір сүруге бейімделеді.

Бірақ көбісі студент болуды, жатақханада тұруды армандайды. Мен балалар үйіндегі барлық бауырларыма жақсы үлгі болуға тырысамын, — дейді Айзада.

Жазира Мейрамбекқызымен бірге командада тағы бірнеше ерікті жұмыс істейді. Жобаның ерекше мақтаншысы — Ильдар Асадуллин. Ол Бюджеттік орындар бағдарламасы бойынша Мәскеу әскери университетіне оқуға түскен. 2019 жылы Big Bala жобасы Social Impact Award әлеуметтік кәсіпкерлер байқауының жүлдегері атанды.

— Мен Алматы облысындағы жекеменшік жетімдер үйіне жақын жерде тұрдым, оларға қонаққа баратынмын. Мектеп түлектері бар екенін біліп, оқуға түсуге көмек қолымды созуды ұйғардым. Әлімжан есімді бала байқауларды жіберіп алып, оқуға түсе алмапты. Мен осы шаруаға шындап кірісіп, колледждерді, жоғары оқу орындарын, білім беру басқармасын араладым. Нәтижесінде,

Әлімжан Мұхамеджан Тынышпаев атындағы колледже грантқа түсті, жатақхана берілді, шәкіртақы алды. Осы балалар үйінің тәрбиешісі маған: «Жазира, сен елге қайта оралмағаның бекер болмапты. Біздің үл екі қолға бір күрек таппай сенделіп қалып еді. Сен тым құрыса бір баланың тағдырын басқа арнаға бұра алдың», — деді. Бұл сөз мені жігерлендірді. Әрекет шағын істен басталады. Осылайша, «Big Bala» әлеуметтік жобасын жасадым. Егер бір балаға көмектесе алсаң, онда бұл істі жүйелеп, жүз баланың тағдырын жақсарту да қолыңнан келеді деген сөз. Ал білім алу — әрбір адамның өміріндегі аса маңызды кезеңдердің бірі, — дейді Жазира Мейрамбекқызы.

#### ЕРКІН ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУ НЕГЕ ҚИЫН?

Статистикаға сүйенсек, Балалар үйінен шыққан түлектерінің 10 пайызы ғана еркін өмірге бейімделіп кете алады екен. Бұған әсер етуші басты фактор, олардың психологиясындағы тұйықтық пен травмалар. Отбасы институтын зерттеу орталығының сарапшысы Ғалия Байболатованың пікірінше, мамандар интернатқа түскен баланың психологиялық даму қарқыны баяулайды және ол бірқатар қиындық тудыратынын айтады, яғни интеллектуалды және эмоционалды даму деңгейінің төмендігін, қиял өрсінің жұтандығын, тәртібі мен мінез-құлқының нашарлауын байқай аламыз. Мұндай қиындық адамның тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Бала интернатқа қаншалықты ерте жастан түссе, салдары соншалық қиын болмақ. Интернатта баланың жеке қажеттілігі мен қабілетін дамытуға мүмкіндік жоқ. Мұндай жағдайда баланың бойында өзгеше тәуелділік дамиды және өзінің «мені» аз көрінеді. Мәселен, балалар үйінде жеткіншектің жеке ерекшелігін ескеруге мүмкіндік бермейтін өмір сүру режимі бар: ұйқыдан тұру, тамақ ішу, ойнау, оқу, ұйықтау және тағы басқа қатан тәртіпке бағынады. Зерттеу барысында көп бала өзін-өзі тану кезінде қойылатын «Мен не істегім келеді?», «Кім боламын?» деген сұрақтарға жауап беруге қиналды. Интернатта қалыптасқан тәртіптен тәуелсіз болу үшін бала жылауық, ашуланып қалуы мүмкін. Бұл проблеманы шешу үшін ол режимге қарсы тұру, қашып кету, ауыру, өзін-өзі жарақаттау, бүлік шығару және т.б. әрекетке барады. Өкінішке қарай, біз интернаттан шыққан балалардың психосоциологиялық дамуының себебі туралы көп айта бермейміз, көбіне оның салдарымен күресеміз.

— Балалар колледже көбіне тәрбиеленушілер тандап берген мамандыққа түседі. Түлектердің жұмысқа орналасудағы қиындықтарының бірі ретінде сапалы білім алмауын айтсақ болады. Қалаған мамандыққа түспеген түлектер көп жағдайда орта жолдан оқуын тастап кетеді немесе мамандығымен жұмыс істемейді. Жоғары білім және ғылым министрлігінің дерегінше, 2016-2021 жылдарғы интернат түлектерінің 16-31 пайызы ғана ЖОО-ға түскен. Яғни, олардың аз ғана бөлігі жұмыс берушілерді қызықтыратындей жоғары білім алады. Зерттеу кезінде жұмыс берушілер арасында балалар үйінің түлектері ұрлыққа жақын болуы мүмкін деген ой бар екенін байқалды. Мұндай күмәнді болдырмау үшін балалар өзінің интернат түлегі екенін жиі жасырады. Сондай-ақ тәжірибенің жоғынан да жұмысқа орналасу қиын. Жеке жұмыс берушілер де, жергілікті атқарушы органдар да интернат түлектеріне көбіне жалақысы төмен және ауыр жұмыс түрлерін ұсынады, — дейді Ғалия Байболатова.

Біз қоғам болып Балалар үйінен шыққан түлектердің шалыс басқан қадамын аңдуға, қылмысын әшкерелеуге шеберміз. Бірақ олардың осы уақытқа дейін қандай қиындықтан өткенін, жарқын болашаққа жетуіне ненің кедергі болғанын ескермейміз. Киің тағдыры үшін әр балаға оқу грантын берсек, интернатты бітіргеннен кейін де психологиялық қолдау көрсетсек артық емес.

## «БҰҚАРЕКЕҢ ЖЫРЛАЙДЫ»...

Қарағанды орталық саябағында еліміздің түкпір-түкпірінен келген «Бұқарекен жырлайды» республикалық фестивалінің қатысушылары екі сағаттан астам уақыт бойы Бұқар жырау Қалқаманұлы мен басқа да ақындар мен жыраулардың шығармаларымен көрермендерді қуантты. Әр нөмірді өнер сүйер қауым жылы қабылдады.

— «Бұқарекен жырлайды» фестивалі Қарағандыда дәстүрге айналды. Ол 2008 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұқар Жыраудың 350 жылдығына бес жыл бұрын біз оны халықаралық деңгейде өткіздік. Биыл 355 жылдығына орай ол республикалық ауқымда өтуде. Фестивальді еліміздің түкпір-түкпірінен 20-дан астам ақын мен айтыскер, жыршы жинады, — деп атап өтті фестивальдің бас ұйымдастырушысы Айтбай Жұмағұлов.

Кештің сәні сахнада өнер көрсеткен танымал ақындар ғана емес, сонымен қатар ұлттық киім киген қарағандылық зейнеткер белсенділер Рысты-қажы

Әкімбекова мен Күләй-қажы Нақышева болды.

— Біз өз қаламызда фестиваль өткізілетіні туралы білгенде, қатты қуандық. Осындай атақты ақындардың қойылымдарын тағы қайдан естиміз?! — дейді қарағандылықтар бір ауыздан.

Дәстүрлі және халық әндерін орындаушы ҚР Мәдениет қайраткері Ерболат Шалдыбеков фестивалге Жетісу облысынан келді. Әнші фестивалге қатысу ол үшін де жақсы дәстүрге айналғанын атап өтті.

— Мен бірнеше рет қазылар алқасының құрамында болдым, бірнеше рет

өзім қатыстым. Жыл сайын біз фестивальді күтеміз, өйткені мұнда ерекше атмосфера, сарқылмас қуат сезіледі, — деп есептейді Ерболат Шалдыбеков. — Болашақта бұл фестиваль ЮНЕСКО деңгейінде өткізілгенін қалаймын.

Өлкетанушы Максұтхан Рақыш фестивалге Бұқар жырау ауданынан арнайы келген. Ақсақал Бұқар жырау Қалқаманұлы кесенесін тұрғызуға және оның құрметіне естелік ас ұйымдастыруға белсенді қатысты.

— Мен фестивалден тыс қала алмадым, өйткені бұл — біздің облысымыз бен жалпы еліміз үшін үлкен оқиға. Бұқар жыраудың тұлғасы аңызға айналған, оның әрбір шығармасы терен мағынаға толы. Біз оның шығармашылығын оқып, насихаттауымыз керек, — деп атап өтті өлкетанушы.

Қоғам қайраткері Майра Әбдірахманова «Бұқарекен жырлайды» фестивалін



ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынады.

— Біз оған үлкен мереке ретінде дайындалуымыз керек, шараға ұлттық киіммен келуіміз керек, жастарды үйре-

туіміз керек, — деп қорытындылады сөзін қоғам қайраткері.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы



# Мұстафа Шоқай

*турасының*

## САЯСИ ДЕРЕКТЕМЕЛІК МӘНІ

**Қайраткерлігі мен білімпаздығын, адалдығы мен әділеттілігін, мәмлегерлігі мен шешендігін айқын байқататын Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы алғаш екі томдық болып 2006 жылы жарық көрген болатын. Оған 276 хат еніп еді. 2012-2014 жылдары шыққан он екі томдық шығармаларының толық жинағының жекелеген томдары мен соңғы он екінші томында 215 хат жарияланды. Ал 2021 жылы ҚР БҒМ, Ғылым комитеті, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві шығарған «ЭМИГРАЦИЯДА: Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. 1919-1941» («В ЭМИГРАЦИИ: эпистолярное наследие Мұстафа Шоқая 1919-1941») атты еңбекке 261 хат еніпті. Жинақтардағы хаттардың бір-бірін толықтырғанын, қайталағандарын ескерген жағдайда барлығы үш жүздей хат жарық көрді. Бұлай деуіміздің өзіндік себептері бар. Көп хат Совет үкіметінің Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының қолына түсіп, бізге жетпей қалған сияқты. Бұл хаттар мазмұнынан байқалады.**



үдеп тұрған кезеңде бұл — аса маңызды нәрсе» деп жазды. 1931 жылдың 16 қазанында Поляк Бас штабының париждік резиденті Г.Роллинге арналған хатында Түркістанның ұлттық мәселесі нәтижелі болуы үшін елдің ішінде де, одан тыс жерлердегі түркістандық эмигранттардың арасынан да мықты ұйымдасқан қолдау керектігін, ұлттық мәселеде эмиграцияның рөлін жай ғана «қосымша» деп қарауға болмайтынын ескерте отырып, Мұстафа Шоқай эмиграциялық қызметтің түпкі мақсатын былайша ашып берді: «Қазіргі жағдайда эмиграцияның міндеті әртүрлі жағдаймен Шығыс елдерінің мыңдаған шақырымында бір бірінен бөлектеп, шашылып кеткен эмигранттық топтар арасындағы ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттау, идеялық байланыс пен ұйымдасқан бірлікті орнатуға үгіттеу істерімен шектеледі. Эмиграцияның міндеті — Түркістан мәселесін «интернационалдык» («халықаралық» деп айтқан жақсырақ болар) ортаға шығару (қозғау) екені өзінен өзі түсінікті нәрсе». Автор бұдан ары Еуропаның да, бүкіл әлемнің де қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайы бейбітшілік пен тыныштықты қалайтынына тоқталып, Еуропа түркістандықтардың өдемі көздеріне бола немесе «каналшылардың тапталған құқықтарын қорғаймын» деп большевиктермен қызыл кеңірдек болмайтынын және соғысуға бармайтынын айта келіп: «Бізге қарсы жүз миллиондық ұлы орыс халқы тұр. Оның ұлттық үстемдігіне қарсы күресті біз барлық «шет аймақтар» кавказдықтар, украиндық және басқалар тығыз байланыста ғана жүргізуіміз керек. «Интернационалдың» тек осы мәнде маңызды және сөзсіз қажет. Ол іске асатын жұмыс және біз оны ұйымдық жағынан жүзеге асырамыз...» деп жазды.

Хаттар толқыны Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық күрестің көреген стратегі, тамаша тактигі болғанын толық растай алады. 1929 жылғы 5 сәуірдегі поляк барлау органдарының Париждегі резиденті туралы қызметкері В.Дабровскийке жазған хатында Түркістан жағдайында жергілікті ұлтшыл коммунистердің билікке ұмтылысын пайдалану және билік басында отырған Мәскеудің үстемдігіне қарсы күрестің қажеттігін айта келе: «Ішкі партия күштері сыртқы Мәскеу үстемдігіне қарсы күреспей, біз ұлттық ісімізді аз болса да алға жылжыта алмаймыз. Бізде бұрыннан қалыптасқан кадрлар жоқ. Қатты айтсақ, ұлттық күрестің дәстүрі де, ұйытқысы да жоқ Ескінің барлығы қиратылды. Кенес жағдайында біздерді жас өскін ұрпақ қана аман сақтап қалады. ...Оларды өз елінде билікке ұмтылуға, өздерінің заңды орнында «зансыз» отырған мәскеуліктерге қарсы күреске итермелеу арқылы ұлттық тәуелсіздікке ұмтылысымызды едәуір жеңілдетер едік» деп жазды.

Эмиграциядағы түркі ұлттық қозғалыс өкілдерінің өзара жазысқан хаттарымен танысу олардың арасында күрделі мәселелердің болғанын да байқатады. Түрік әлемі тағдыры туралы көзқарастардағы айырмашылықтар, кейбір басшылардың жеке менмендіктері, кенестік құпия органдардың араласуы тағы басқа Совет үкіметіне қарсы күресте күштердің бірігуіне мүмкіндік те бере бермеген болатын. 1929 жылы 21 ақпанда Краковтан Мұстафа Шоқайға жазған хатында О.Тенерекұлы: «Түрік зиялылары арасындағы бір-біріне қастық жасау, ұрыс керіс, айыптау — өте

жағымсыз құбылыс. ... Соншама аз түрік зиялылары барлық жағынан біртұтас болып бірігулері керек қой» деумен шектелмей: «Мен де Сіз сияқты жалпытүріктік көзқарасты ұстанамын, Түркістан туралы мәселеге немқұрайлы қарай алмаймын, Ресейде түрік ұлттық мәселесі тәуелсіз Түркістан болғанда ғана шешілетініне сенемін» дейді. 1932 жылғы 12 наурызда Ыстанбұдан жазған хатында «Прометей» басшыларының бірі, эмиграциядағы өзербайжандық қайраткер Мұстафа Векили аттасын: «Сіз мәселеге соншалықты сактықпен және абайлап қарағаныңызға қарамастан Париждегі «біздің көшелердегі» жағдай жөнінде көп нәрсеге көзіміз аштыңыз, оны егжей тегжей түсіндірдіңіз» дейді. Ал Мұстафа Шоқай 1932 жылғы 29 наурызда оған жазған жауабында былай деді: «Сіз дұрыс айтасыз, біздің «түрік майданында» олқылық көп. Бұл олқылықтарды жөндеу, дұрысын айтқанда, бүтіндеу — ең бірінші міндет...» [1, 227б.].

«Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымында қолайсыз жағдай да аз болған жоқ. Әсіресе, Ахмед Заки Валиди бастаған топтың іс әрекеттерінен хабарды Уфа губерниясының тұрғыны, саяси қайраткер, зангер О.Тенерекұлының 1929 жылғы 10 сәуірдегі

“

*Тамаша тарихшы, энциклопедиялық білімдар кешегі Түркістан Мұқтариятының басшысы, Түркістан Құрылтай жиналысын өткізу жөніндегі комитеттің төрағасы Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түрік халықтарының көрнекті қайраткері екеніне көз жеткізеді, өмірі мен қызметінің бұрын бимағлұм жақтарын аша түседі.*

Мұстафа Шоқайға жазған хатында көтерген аса бір мәнді мәселеге назар сала кетейік. Сол кездері «Түркістан Ұлттық Бірлігі» басындағы түркістандық емес А. Валиди мен Абдулқалыр (Инан) мүшелері болған Түркістан комитетінің (ТҰБ) айтып отыр Ә.Б.) Түркістан саяси ұйымы деп атауға болмайды, оны қайта құру үшін жұмыс істеу бірінші және қажетті шарт дей келіп, О.Тенерекұлы: «Бұл ұйым, ең алдымен, Түркістан саяси ұйымы болатындықтан, Сіз келіссеніз, осы істі Өз қолыңызға алуды ұсынамын. Сіз тек қана Түркістандық емессіз, бұрынғы Түркістан автономиялық үкіметінің басшысысыз. Түркістан азаттық қозғалысын Сізден басқа кім басқаруы керек?» деген болатын. Сондай ақ эмиграциядағы өзербайжан қайраткері, «Прометей» ұйымы басшыларының бірі М.Векили 1938 жылғы 17 мамырдағы хатында «Кавказ бірлестігінің» жікшілдіктерге тоқталып: «Біздің ұлттық күштерімізді біріктіру туралы мәселеде Сіздің көмегіңіз бен қолдауыңызды күтемін. Себебі біздің ісімізге Сіздің жаныңыздың аштығын білемін» деп жазуы жайдан жай емес еді. Шынында да кейін Мұстафа Шоқай эмиграциядағы мұсылман эмигранттарының көшбасшысы болды.

Көптеген хат мазмұнынан эмиграциядағы замандастарының Мұстафа Шоқайды Орталық Азияның бірден бір маманы ретінде одан кейбір дереккөздерді анықтағысы, теренірек білгісі келгені байқалады. 1937 жылы 24 наурызда Стэнфорд университетінің Орыс зерттеушілері комитетінен жіберілген, өте қызықты және

керекті хаты үшін алғыс білдіруден басталған хатта 1919 жылғы Осипов көтерілісі және ағылшындардың Түркістандағы қызметі, Большевиктердің Бұхара әмірімен күресі және Бұхарада Кенес режимінің орнауы т.б. тақырыптардың қызықтыратынын, Т.Рысқұловтың «Революция және Түркістанның тұрғылықты халқы» кітабын атап, осы мәселелерде көмектесуін сұрайды. Ал Пенсильванияда (АҚШ) тұратын Д. Федоров Уайт 1936 жылы 28 ақпанында жазған хатында орыс отарындағы Түркістан тарихы туралы кітап жазумен шұғылданып жүргенін, соған байланысты материалдар, кітаптар сұраған болатын. Мұстафа Шоқай 1936 жылы 19 наурыздағы жауап хатында Түркістан туралы кітаптардың барлығын, бірақ отарлық жағдайдағы қарым қатынастардың субъектісі ретінде Түркістан туралы кітаптың табылмайтынын, көтеріліп отырған тақырыптың өте қызық екенін атап көрсете отырып, күнделікті жұмысының көптігіне қарамай, мүмкіндігінше хат иесінің талабын қанағаттандыруға тырысатынын айтқан еді.

Көптеген хаттан Мұстафа Шоқайдың тынымсыз тірлігіне таңғалмау мүмкін емес. Аса көрнекті саяси тұлға, тамаша тарихшы, халықаралық дәрежедегі саяси сарапшы ретінде Мұстафа Шоқайдың Ұлыбританияға, Польшаға т.б. елдерге арнайы тақырыптарда баяндамалар жасауға шақырылуы, АҚШ, Германия, Франция, Италия, Румыния, Жапония, Қытай, Ауғанстан, Голландия, Түркия т.б. елдерден келген хаттарға жауап жазумен қатар «Түркістан Ұлттық Бірлігін» ұйымы мен «Яш Түркістан» журналына басшылық жасау, мақалалар дайындау, зерттеулер жүргізу, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасау, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мақсат мұраттарын түсіндіру, Германияға оқуға келген түркістандық жастарға қамқорлық, саяси топтар мен ұйымдардың жетекшілерімен, қоғам қайраткерлерімен кездесулер, олармен пікір алысу, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-мүдесін түсіндіру сияқты сан салалы қызмет Мұстафа Шоқай сияқты Түркістан десе рухы шабыт алатын, ой қиялы шыңға өрлейтін, қаламы қайсысақ қайсар қайраткердің ғана қолынан келетін тірліктердің түрлері болатын. Осы сәтте Германиядағы Жоғары техникалық мектебін докторлық дәрежемен бітіріп, кейін Түркияда Түр-

анғаруға болады. Жеті айдан бері егесіне тимеген хаттардың тағдыры белгілі. Келесі хатында (1923, 19 сәуір) Мұртаза: «Ташкенттегі Сұлтанбек, Санжарларға барып, сіздің хаттарыңызды алып қайттым» деген. Мұнда аталып отырғандар Сұлтанбек Қожанов пен Санжар Аспандияров еді.

Мұртаза мен ауылдастарының 1923 жылғы 19 сәуірдегі бізге жеткен алғашқы хатында осының алдында бірнеше хат жазғанын, олардың тиген тимегенінен хабарсыз екенін жазып, елдегі, ағайындарының арасындағы өлім жітімді мәлімдеп, жай құлдерінің шамалы екенін жазады. Ал 1923 жылдың 2 қыркүйекте жазылған хатта Мұртаза ағасынан бірнеше хат алғанын, елдің хал жағдайынан хабарлар болғанын білгенін жазған. Ауылдың тұрмыс күйінің нашарлағанын, аяқты малдың күн өткен сайын азайып бара жатқанын, өзінде сауын сиыр, жұмсарлық өгіз ғана қалғанын, негізгі тіршілігі диканшылық екені, бірақ мұның да мардымды емесі айтылған. Ел ішінде түрлі ауру жайлап, екі жылдан бері шегіртке шығып, егінді жесе, қой ешкі қотырдан қырылып, ауылдар малсыз қалғаны жазылған.

Мұртазаның бізге жеткен 1924 жылғы 16 қаңтарда жазған соңғы хатында ағасының 4 қыркүйек, 3 қазан, 6 желтоқсанда жазғандарын алғанын, соңғысында ағасының «неге хат жазбайсың?» деген сөзінің жанына жамаң батқанын айта келіп, өзінің жұмыстағы жағдаймен екі ай қамауда отырып шыққанын, соның себебінен ескен егіннен өнім ала алмағанын хабарлайды. Осы хатта «Еш туысқаннан жақындық көріп жүрген жоқпын» деген жолдар да бар. Бұл кезде Мұстафа ағайындары Кенестің қырқына алына басталған еді, сол себепті олар ол өскен шанырақтан аулақ болуға тырысты. Бұл хаттардың аяғы Мұстафа Шоқайдың тағдырын де шешкен болатын. Ол 1937 жылдың 1 қарашасында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі істер Халық комиссариаты басқармасы «үштігінің» қаулысы бойынша ату жазасына кесілді.

Мұстафа Шоқайдың өзі тікелей редакторлық еткен «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшылары Ә.Оқтай және Т.Шағатаймен жазысқан хаттарын талдау Мұстафа Шоқайдың басшылық өресін, баспагерлік ұйымдастырушылық қабілетін, журналистік қуатын анық байқатып, басшылықтағы күнделікті тірлікке байланысты көп нәрсені аңғартады. Мысалы, журналдың жауапты хатшысы Абдулуқап Исхақұлы Оқтай 1934 жылдың 16 наурыздағы хатында Әзербайжан эмигранттарының қоғамдық саяси «Истиклял» («Тәуелсіздік») газетінде басылған «Тәуелсіздік құрбандары» атты хабардың қорытындыланғаны, Мұстафа Шоқайдың тапсырмасы мен ескертуі бойынша қандас оқырмандарды Құрбан мейрамымен құттықтағаны, тағы басқа мәселелер қозғалған. 1938 жылдың 20 қаңтарындағы хатында Ә. Оқтай 19 қаңтар күнгі елден келген «Қызыл Өзбекстан», «Социалистік Қазақстан», «Совет Түркіменстаны» т.б. газеттерді алғанын, алайда 6-7 қаңтарда жіберілген ел газеттерінің әлі келмегенін айта отырып, газеттер жүйелі түрде алынбаса, баспа ісіне қаншалықты залал келетінін жазған. Осы жылдың 1 ақпанындағы хатында ол бас мақала орнына басшылық көзделген «Совет парламентінің бірінші сессиясы» атты мақала әзірленіп, баспағана жіберілгені айтылған. Сонымен қатар «Қызыл Өзбекстан» газетінде Түркістанның тұңғыш ойел докторы Гүлсім Асфандияр ханымның қайтыс болғаны туралы хабар басылғанын, соны көшіріп, Мұстафаға жібергенін, кейбір мағлұматтар қосып қайта жіберуін сұраған. «Яш Түркістан» журналының 23 тамыздағы 104-105 сандары 90 бет болып, бас редактордың соңғы түзетулерімен шығып жатқаны жөнінде ақпарат берілген.

Соңғы хаттар өздеріңіз көріп отырғандай, бірнеше жыл бірге қызметте болғандардың шынайы пікірлері, шын ықыластары. Ал авторы белгісіз хаттың мына үзіндісінің мазмұнына қарайық: «Сіз барлық ізгі ниетті отаншылдардың сүйіспеншілігі мен ризашылығына бөлене отырып, еш нәрсеге қарамастан, алдағы уақытта да Өзіңіздің адал және тура бағытыңызбен жүретінін бізге сенемін». Бұл хат 1939 жылдың 28 шілдесінде жазылған.

Тамаша тарихшы, энциклопедиялық білімдар кешегі Түркістан Мұқтариятының басшысы, Түркістан Құрылтай жиналысын өткізу жөніндегі комитеттің төрағасы Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түрік халықтарының көрнекті қайраткері екеніне көз жеткізеді, өмірі мен қызметінің бұрын бимағлұм жақтарын аша түседі. Бұл хаттарды талдау адамгершілік пен ізгілік, әділеттілік пен адалдық, шешендік пен көсемдік, парасат пен пайым, қажырлық пен қайсарлық, кішіпейілділік пен кешірімділік, түсіністік пен тағлымдылық сияқты толағай тұлғаның әлеуметтік һәм саяси қайраткерлік қырларын айқындауға таптырмас дерек көздері бола алады. Бұл сан салалы адам қасиеттер эмиграциядағы түркі деңгейдегі, түрлі мақсаттағы ұлт өкілдерімен қарым қатынаста да айқын аңғарылады.

Сонымен жалпы хаттар мазмұны Кеңес Одағы мен Түркістан тарихын зерттеуде саяси дереккөздік қызмет те атқарады. Олар сол кезеңдегі ел ішінде саяси әлеуметтік ахуалды, саяси қуғын сүргіннің адам жанын түршіктірер сияқын көрсетеді. Ол қиыншылықтар күшейе түсіп, Екінші дүниежүзілік соғысқа ұласқаны белгілі.

Әбділәлі БӘКІР,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
профессоры,  
саяси ғылымдар докторы



Жетісу өңірінің ғана емес, қалың қазақтың өткенінен ойып тұрып орын алатын Біләл Сүлеевтің атында Талдықорғанның жанындағы Еркін деген ауылда кішкене ғана шолақ көше бар. Бұдан басқа облыста, елімізде, оның ішінде туған жері Ақсу ауданында мемлекет және қоғам қайраткері атында бірде-бір көше немесе мектеп, кітапхана, мекеме жоқ. Еркіндегі көшеге 1997 жылы 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, тағзым ету күні болып алғаш белгілеген кезде өлкетанушы Жемісбек Толымбеков пен сол жылдары облыс орталығындағы Илияс Жансүгіров мұражайын басқарған Кәмила Қоқымова шапқылап жүріп, Біләл Сүлеевтің атын қойғызған еді. Кейін 2015 жылы осы қысқа көшеден де айырылып қала жаздағанымыз тағы бар. Жергілікті пысықайлар «Біләл Сүлеев деген кім?» дегенді қоздатып, көшені басқалай атауға тырысқан. Оларды қалалық әкімдік қолдап, ақырында Сүлеевтің іздеушілері жеңіп шыққаны есте қалыпты. Бірақ атқарушы билік тарапынан сол салғырттық пен мұрынның астындағыдан басқаны көрмеу әлі күнге жалғасып келе жатқандай.

Енді өлкетанушы Жемісбек Толымбековтың біздің бүгінгі кейіпкер туралы жиған-тергеніне кезек берейік. 1893 жылы Қопалдағы Баян-жүрек тауында туған Біләл Сүлеев (1893-1937 ж.ж.) — ағартушы, педагог, методист, драматург, журналист, ақын, сатирик, юморист, фельетоншы. Қазақ әдебиетіндегі фельетон жанрының негізін қалаған. Оның «Картаға салынған қатын (пьеса)», «Қайтсең көсем боласың? (сатира)», «Қабанбай мен Сазамбай (өлең)», «Жүт жеті ағайынды (өлең)», «Қазақ мұғалімі» (өлең), «Қыз бен жігіт» айтысы, «Қазақтың 24 бас алқа дыбысы (сатира)», «Жолың болсын материал» сияқты туындылары газет, журналдарға жарияланған. Әкесі Сүлей Майлин 1860 жылы Алматы облысы, Бүйен-Ақсу ауданы, 11 ауылда өмірге келген. Сол кезге лайық бастауыш білімі болған, соған қарамастан Кенес дәуірінде қолхозда мал баққан. 1927 жыл 1 қаңтардағы санақ тізімінің отырықшы елді мекендер құжатында: «Талдықорған уезі, Жетісу губерниясы, Қопал болысы, IV — ауыл/советі, ауыл атауы — Сүлей. Шаруашылық саны — 5, орналасқан жері

«Алаштың намысын сақтаймыз, Отанды жат жұртқа сатпаймыз», — деп жалаулатқан Алаштың атпал азаматы Біләл Сүлеевтің туғанына биыл 130 жыл толады. Өкінішке қарай, жаппай қуғын-сүргіннің нағыз қызған шағы 1937 жылы өзімен замандас басқа да қазақ зиялыларымен бірге жазықсыз жазалаудың құрбаны болған тарихи тұлғаны Жетісу жерінде іздеу-сұрау салып жатқан, елі мен жерінің ертеңі үшін еңіреп өткен азаматтың атын әспеттейік, 130 жылдығын жұрт жадында қалатындай қылып атап өтейік дейтіндер қатары сирек болып тұр. Аудан, облыс басшылығы тарапынан да беделді сұраушы табылмайтын сынайлы. Жалпы Жетісу облысындағы мәдениет саласына жауаптылардың жауапсыздығы, өткенді жете білмейтіндігіне бірнеше мәрте куә болған едік. Осыдан бірер жыл бұрын жазушы Сайын Мұратбековтың 85 жылдығын атап өтуге қатысты түсінбестіктер туындағанда, сол кездегі Алматы облысы мәдениетіне жетекшілік етіп отырғандардың аузынан «ол кім еді?» дегенді естігенбіз, жағамызды ұстағанбыз. Қара кейін облыс екіге бөлінді. Басшылар ауысты. Соған қарағанда, руханият саласындағылардың Біләл Сүлеевті жете білмейтіндігіне таң қалудың да қажеті шамалы деп ойлайсың.



# АЛАШ АРЫСЫ

## АТТАУСЫЗ

### ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

Азат — биыл сегізде, Біләлдан қалған қос бала», — деп жазды. Азат Сүлеевті қазақ елінің зиялылары жақсы біледі.

1918 жылы Жетісу облысы қазақтарының II-ші Алашорда облыстық съезі өтеді. Облыстық Алашорда құрамы 8 адамнан тұрған. Ақсу ауылы, Қопал уезінен № 6 болып семинарист, мұғалім Біләл Сүлеев сайланады. Дербес «Алаш» атты отрядтың құруға қатысқан. 1920 жылы Ақсу өлкесін басып алған атқарушы бір полк әскерін үгіттеп, Қызылағашқа алып кетеді және сол аралықта қазақтарды Бөрілі мен Балқаш құмдарына қашырып, аман

тономиялық Республикасының атынан Ахмет Байтұрсын, Елдес Омаров, Қазақ театрының жетекшісі А. Байсеменов, Қаз АССР НарКомПрос коллегиясының мүшесі Біләл Сүлеев сол съезге делегат ретінде қатысқан. Съезде араб немесе латын әліпбиіне көшуге қатысты талас туындайды. Жеті дауысқа қарсы 101 дауыспен латын әліпбиін жақтағандар жеңеді. Түркологтар жиыны туралы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында түсірілген 8 минуттық фильмді 2022 жылы А.Байтұрсынның атындағы тіл білімі институтының қызметкерлері Ермұхамбет Маралбек (директор орынбасары) пен ономастика бөлімінің кіші қызметкері Жереке Сейтбақты тапқан. «О переводе казахского алфавита на латиницу в 20—30 гг. XX века» деген материал 1927 жылы 24 ақпанда «Советская степь» газетінде де басылыпты.

Біләл Сүлеев 1926-1928 жылдары Жетісу губерниясының халыққа білім беру басқармасына басшылық еткен. 1927 жылы Жетісу губерниясының 5 съезінде Біләл Сүлеев, Мұхамеджан Тынышбаев, Шамай Шынасылов Жетісу губерниясы атқару комитетінің құрамына мүше болады. Сол жылдары Ташкенттегі жерлестер қазақ ұйымының ұйымдастыру бюросына да жетекшілік жасаған. 1928 жылы Жетісу губерниясы бойынша қазаққа латын әліпбиін енгізу президиумына мүшелікке сайланады және Алматы округінің білім басқармасын басқарады.

Илияс Жансүгіровтың «Балдырған» қолжазбасын қазақ-қырғыз білім комиссиясына ұсынып, оқушыларға оқулық кітап ретінде жобаға енгізіп, Ташкент қаласындағы қазақ-қырғыз институты-

сол институттарда ректор міндетін атқарады.

Түлкібек Құрақбаев «Фатима» поэмасында Біләл Сүлеевтің қысқа ғана ғұмырында елі үшін атқарып кеткен ұшан-теңіз еңбегін төмендегіше толғайды: «1930 жылдары, әсіресе, Біләлдің, Ұшатынын жел біліп, қонының сай біліп. Сая таппай, сай таппай, орнығуға жай таппай, Құйын қуған қаңбақтай, мынау байтақ даланы. Ақтөбеден — Орынбор, Орынбордан — Оралды, Орал асып Ташкенті, Ташкент өтіп Семейді, Кезіп жүрген кез еді, көшпендінің өзі еді. Ақыр келіп Семейге, орныққаны сол еді. НКВД-ді келді де, ұстап алып жөнелді», — деп сипаттайды.

1931 жылдың 27 наурызынан 1932 жылдың 20 сәуіріне дейін Біләл Сүлеев Алматыдағы НКВД-ды түрмесінде отырады. «Айыбы жоқ» деп ақталып шығады. Одан қазақ даласынан пана таппай, Мәскеуге кетіп, өндірісте мәдени-ағарту

еленгені жайлы облыстық тілдерді дамыту, мәдениет басқармаларына хабарласқан едік. Тілдерді дамыту басқармасындағылардың мәлімдеуінше, дәл қазіргі кезде Біләл Сүлеевке біз жоғарыда айтқан, Еркін ауылындағы шолақ көшеден басқа ештеңе бұйырматты. Бірде-бір мектеп немесе кітапхана, мекемеге есімін беру жайлы ауданды қоса алғанда, ешбір жерден ешқандай ұсыныс түспепті. Соған қарағанда, басқаны айтпағанда, Ақсу ауданындағылар Біләл Сүлеевтің есімін мүлде ұмытқан сынайлы немесе ол жақта өткенді өнге тұтатындар қалмаған.

Мәдениет басқармасы біздің сұрауымызға биылға белгіленген салақұлаш тізім жіберді. Оның ішінде атқарылғандармен бірге, алдағы кезге жоспарланғандары да бар. Бірақ соның ішінде дәл қазіргі кезде Жетісу өңірінің бас қаласы, облыс орталығы, мәдениеті мен әдебиетінің, руханиятының ордасы Талдықорған қаласында өтетін, елді елең еткізетін, республикадағы зиялы қауымды жинайтын жиын жоқ десек артық айтқандық бола қоймас.

Биылғы ақпан-шілде айларында Жетісу облыстық мемлекеттік архивінде 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу» күніне орай өткен «Жетісудағы қызыл қырғын құрбандары» атты дөңгелек үстелде М. Тынышбайұлы атындағы Жетісу облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Алаш қайраткері — Б.Сүлеевтің өмірі мен қызметі жайлы баяндама жасап, сол күні Алаш қайраткері Біләл Сүлейұлының туғанына 130 жыл толуына орай тақырыптық экскурсия ұйымдастырылыпты. С.Сейфуллин атындағы облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен «Ақиқатқа айналған ата-баба арманы» атты тарихи танымдық кеште М.Тынышбаев пен Б.Сүлеевтің өмірі мен қызметіне арналған көрме безендірілген. І.Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінде «Ақсулық алаш қайраткері» атты тақырыпта дәріс оқылған. І.Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінде «Жетісулық ағартушы Біләл Сүлейұлы» атты тақырыпта өмірбаяны мен еңбек жолына арналған тақырыптық экскурсия өткен.

Облыстағы кітапханалар алдағы айларға бірқатар шаралар жоспарлап отырған көрінеді. Соның ішінде іліп алары қыркүйекте Ақсу аудандық кітапханасында ұйымдастырылатын «Ұлт мұратын ұлықтаған тұлға» атты облыстық конференция. Тағы бірнеше аудандық кітапханада кішігірім шаралар өткізілмек. Қалай болғанда да, Алаш арысының бұл жолғы мерейтойының да аудандық деңгейден аспайтыны қынжылтады. Қысқа ғұмырында елі үшін ерінбей еңбек еткен, басын қатерге тіккен Алаштың атпал азаматы Біләл Сүлеевтің есімінің мүлде елеусіз қалуы, ел көлемін айтпағанда туған жері Жетісу өңірінде лайықты ескерілмеуі бүкіл қазаққа сын десек, артық айтқандық бола



— Сарелітөбе», — деп жазылған. Сүлей Майлинді 1930 жылы 10 қазанда Бүйен-Ақсу ауданы ОГПУ бөлімі тұтқындап, ПП ОГПУ үштігі сол жылы 30 желтоқсанда 3 (үш) жылға жер аударған. 1990 жылы 30 сәуірде ақталған.

Біләл Сүлеев Қарағаштағы «Мамания» мектебін үздік бітіріп, Есенқұл Мамановтың көмегімен Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Орынбордағы Мұғалімдер семинариясында білім алады. Осында оқи жүріп, Орынборда шығатын «Қазақ» газетінде қызмет істейді. Сол кездегі көзі қарактылар арасында беделді болған, татар тілінде шыққан «Садақ» қолжазба журналына, «Шура» журналы мен «Уақыт» газетінде ғылыми-танымдық мақалалар жазып тұрған. 1917-1918 жылдары Қопал мектебінде мұғалім, оқу ісін басқарушы қызметін атқарады. Осында жүріп кейіннен қазақтың үш бірдей тұлғасына жар болып, өнегелі ұрпақ қалдырған Фатима Ғабитовамен кездесіп, екеуі 1919 жылы отау құрады. Ел ішінде екеуінің жарасымдылығына қызыққан жұрт оларды «Қос қарлығаш» деп атаған.

«Жаным сүйеген жарым бол» деп, Ғашықтығын ол білгізді. Қыз да мұны сынап бақты, Жігіт те оған шыдап бақты. Ақырында қол ұстасын, «Қос қарлығаш» қанат қақты. Кездестірген екі жасты, Қопал, сенің жолың жақсы. Мың тоғыз жүз он тоғызда, Отау тіктің басын қосты», — деген өлең жолдары сақталған.

Екеуі үш бала көреді. Жәнібек, Азат, Фарид (Пәку). Пәку 12-13 жасында Ақтөбеде қайтыс болады. Жәнібегі Ұлы Отан соғысында шейіт кеткен. Түлкібек Құрақбаев өзінің «Фатима» поэмасында: «Ең үлкені — Жәнібек, Он бестегі бозбала.

алып қалады. Сол жылы Талдыда «Садыр-Матай» қорын құрып, елді аштықтан құтқаруға ат салысқан. Алғаш рет әрбір ауылда екі жылдық бастауыш мектеп, аудан орталықтарында төрт жылдық мектеп, облыс орталықтарында жеті жылдық мектептер аштыртуға ықпал етіп, қазақ жастарының білім алуына жол ашады. 1921 жылдың қазан айында



Дәл қазіргі кезде Біләл Сүлеевке біз жоғарыда айтқан, Еркін ауылындағы шолақ көшеден басқа ештеңе бұйырматты. Бірде-бір мектеп немесе кітапхана, мекемеге есімін беру жайлы ауданды қоса алғанда, ешбір жерден ешқандай ұсыныс түспепті.

Алматы қаласында Жетісудағы қазақ-қырғыз ұл-қыз балаларына арнап үш жылдық педагогика мектебін аштырып, жатақхана, киім-кешек, үш мезгіл тамақты қазынадан бөліртелді.

1920-1921 жылдары Жетісу облысының халық ағартуының басшысы болған. Әубүкір Диваев экспедициясына халық ауыз әдебиетін жинауға көмектескен. 1923 жылы Жетісу білім басқармасының саяси бөлімін басқара отырып, облыстық білім тексеру инспекторы қызметін қоса атқарады. Босқындарды игеру мен орналастыру облыстық комиссиясының құрамына енеді. 1924 жылы НарКомПрос білім басқармасының Жетісу облысы бойынша инспекторы, «Қосшы» ұйымының мүшесі, 1925 жылы Жетісу губерниясының білім басқармасының инспекторы болып, Жетісу губерниясының партия ұйымын басқарады.

1926 жылы наурызда Баку қаласында І-ші Түркологтар съезі өтеді. Қазақ Ав-

ның қолдауымен баспадан шығартады. «Қазақ ұл-қыздарын қараңғылықтан құтқару қолдарыңнан келеді», — деп Халел Досмұхамедовке «Жануарлар», Кәрім Жәленовке «Физика», «Есеп құралы», Иемберген Табынбаевқа «Педагогика», «Психология», Файзулла Ғылымжановқа «Есеп амалдары», Сұлтанбек Қожановқа «Арифметика» оқулықтарын жазуға тапсырыс беріп, олардың еңбектерін баспадан шығартады. Қазақстанда ең алғашқы болып кәсіптік білім жүйесін өркендетуге қозғау салған. Ақсу ауданында Қарағаштағы мектеп іргесіне жетімдерді жан-жақтан жинатып, кәсіптік мектеп аштырған. Ақтөбеде облыстық білім басқармасының менгерушісі болған. НарКомПростың Қазақстан бойынша жоғарғы оқу орындарын ұйымдастыруға да белсене қатысқан. Орынбордағы мұғалімдер институтын Оралға, Ташкенттегі мұғалімдер институтын Семейге көшіруге атсалысқан. Өзі



саласында қызмет істейді. 1934 жылы Мәскеуден Қарақалпақ НарКомПросының жоғарғы оқу орындарын басқаруға жіберіледі. Ақыры андыған жау алмай қоймайды. 1937 жылы НКВД үштігі қамауға алып, Өзбек ССР бойынша НКВД-ның «Сталин тізіміне» енгізіп, бірінші категориямен соттап, ату жазасына кеседі. Қаз ССР жоғарғы соты оны 28.02.1958 жылы ғана ақтады.

Мақаланы жазу барысында Жетісу өңірі үшін ғана емес, барша қазақтың болашағы жарқын, тұрмысы бақуатты болуы жолында басын бөйгеге тігіп, небәрі 44 жасында жала мен жаппай жазалаудың құрбаны болған тарихи тұлғаның есімі қаншалықты

қоймас. Бұған дейін де елі үшін еткен еңбегі дұрыс бағаланбаған Алаш арысының туғанына 130 жыл толып отырғанда, есімін жарқыратып, жұртқа таныстырар қадамдар болмай тұрғаны бүкіл Жетісу жұртшылығын, оның ішінде Ақсу ауданының азаматтарын ойландыруға тиісті. Аты аудандан аспағандарға, облыстан оза шаппағандарға беріліп жатқан көбейді көп көшелердің бірін Біләл Сүлеевтің есімімен атасак, мектептер мен кітапханаларға, мәдениет үйлеріне берсек, қалың қазақ «неге бұлай істедіңдер?» дей қоймасы анық.

Болат АБАҒАН,  
Жетісу облысы



Наурызбек САПША

ДНК физикалық тұрғыдан тек тұқым қуалайтын ақпаратты сақтаумен ғана шектелмейді, ол бір жасушадан бүкіл ағзаның дамуына нұсқаулық бола алатын макромолекула. ДНК-ның бірегейлігі мен кереметін алғаш рет 1984 жылы 10 қыркүйекте британиялық генетик Алекс Джеффрис анықтаған. Ол әр адамның ДНК-сы қайталанбайтын өзіндік касиетке ие екенін білген. Міне, сол мезеттен бастап генетикалық саусақ ізі туралы түсінік пайда болады. Саусақ іздері сияқты, генетикалық сынақ арқылы сіз туыс екеніңізді немесе күдікті адамның қылмысқа қатысын анықтайсыз. ДНК алғаш рет әртүрлі генетикалық материал арқылы идентификация жүргізілетін криминалдық салада қолданылды. Кейінірек ДНК медицинада қолданыла бастады. Көптеген кеселді ерте анықтауға, тұқым қуалайтын дерттер, тамақтану ерекшеліктері, тіпті талант пен қабілетке бейімділігі, туыстық қатынасы сынды күрделі жайттарды анықтауға жол ашты.

#### ҚЫЛМЫСТЫ УАҚЫТЫЛЫ АШУДА ПАЙДАСЫ БАР

Ғылымның қарыштап дамуы криминалистика тәжірибесіне адамның жеке басын тап басып анықтайтын жаңа тәсілді енгізді. Әлемдік тәжірибе генетикалық зерттеулерді қолданудың қылмыстарды уақытылы ашуда және тергеуде үлкен практикалық пайдасы бар екенін көрсетеді. Тарихы 1869 жылдан басталатын ғылыми жетістік тек 1940 жылдары ғана криминалистикаға келген екен. Ал еліміз бұл көшке енді-енді ғана қосылып жатқанымен нәтиже жаман емес секілді. Қазақстан алғашқылардың қатарында ТМД елдерінде баламасы жоқ ДНК генетикалық зертханасын 2006 жылы ашқан болатын. Жалпы Қазақстан — Орта Азия елдерінің арасында бірінші болып ДНК деректер базасын қалыптастыру бойынша жұмысқа бел шеше кіріскен ел. Ал 2014 жылы генетикалық зертхана Астана қаласына Ішкі істер министрлігінің жанына ауыстырылды. Бүгінде ДНК сараптама сыйлығы ашуда 60 пайызға дейін сәйкестік беретін бірден-бір нәтижелі құралға айналып отыр.

Жалпы әлем тәжірибесіне көз жүгіртер болсақ, алғаш рет 1995 жылы Ұлыбританияда ДНК деректер базасы құрылған болатын. ДНК деректер базасын қалыптастыру арқылы қылмысты ашуға кететін уақытты үнемдеуге қол жеткізіледі. Әлемнің 51 елінде ДНК деректер базасы қалыптастырылған. Қазақстан солардың қатарында.


Бүгінгі таңда мұндай бәсе Жер шарының 60 елінде бар екен. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, геномдық деректер қылмысты ашу мен алдын алуға тиімді екенін дәлелдеп отыр. Сондай-ақ осы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу



Елшір КАБА (қолжазба)

туралы» заң қолданысқа енгізілген екен. Екі кезеңмен жүзеге асыру көзделген құжаттың өзектілігі, ең алдымен қауіпсіздік мәселелеріне негізделген. Екінші кезең 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Геномдық тіркеуді ІІМ-ның Жедел-криминалистикалық департаменті жүзеге асырады.

Арнайы деректер базасында дактилоскопиялық және геномдық ақпараттардың болуы күдіктілер мен құрбандардың, сондай-ақ хабар-ошарсыз кеткен және танылмаған мәйіттердің биоматериалдарын сәйкестендіріп салыстыруға мүмкіндік береді. Геномдық тіркеуге биоматериал кез-келген адамнан алынбайды. Оған ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады делінетін күдіктілер, соның ішінде жыныстық қылмыстардың барлық санаттары, қылмыс болған жерден табылған биоматериалдардың барлығы, жеке басы белгісіз мәйіттер, хабар-ошарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстары жатады. Соңғыларының жазбаша келісімі керек. Сондай-ақ бұл ақпараттардың жинауды Ішкі істер министрлігі ДНК зертханаларына, Әділет министрлігінің Сот және сот-медициналық сараптама органдарының қатысуымен ғана жүзеге асыра алады. Бұл қатынастардың барлығы жаңа заңда және 2018 жылы Үкімет Қаулысымен қабылданған оған дейін қолданылып келе жатқан Ережеде реттелген.



# ДНК – ҚҰПИЯ КОД

**XX ғасыр молекулалық биология, генетика, медицина және химия саласында тың жаңалықтарға толы болғаны белгілі. Соның ең бір озығы – ДНК-ның ашылуы десек болады. Жыл сайын 25 сәуірде әлемде генетика мен осы салада жасалған ғылыми жетістіктердің маңызын мойындау үшін ерекше мереке – Халықаралық ДНК күні атап өтіледі.**

Қазақстан бойынша 2021 жылы 14 613 жазасын өтеуші мен тіркеуде тұрған азаматтардың және хабарсыз жоғалғандардың 224 туысының геномы, ал өткен жылдың 9 айында 12 189 сотталған және тіркеуде тұрған азаматтар мен 285 туыс адамның биоматериалдары базаға тапсырылды.

#### ТҰҚЫМ ҚУАЛАЙТЫН АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ

Адам гендерінің құрылымын анықтау денсаулық сақтауды дамытудың маңызды қадамы болып табылады. Қазір мемлекетіміз бұл салаға айтарлықтай көңіл бөліп отыр. 1995 жылы елімізде Жалпы

#### ЕЛІМІЗДЕ ГЕНЕТИКА ҒЫЛЫМЫ ҚАЛАЙ ДАМУЫП КЕЛЕДІ?

Осы ретте PhD, қауымдастырылған профессор, Ұлттық биотехнология орталығының адам генетикасы лабораториясының меңгерушісі Максат Жабағиннен бүгінгі таңда адам генетикасына қатысты қандай ғылыми жұмыстар атқарылып келе жатқанын сұрадық. Оның айтуынша, біздің елімізде оның маңызды бірнеше бағыты бойынша ғылыми жұмыстар атқарылып келеді екен. Олар — медициналық адам генетикасы, популяциялық адам генетикасы және қолданбалы бағыт ретінде криминалистикалық адам генетикасы.

*«ДНК арқылы тұқым қуалайтын және созылмалы ауруларға бейімділікті анықтауға болады. Елімізде де мұндай талдау сұранысқа ие. Мамандардың айтуынша, сынаманың нәтижесі арқылы, кеселдің даму қаупін анықтап, аурудың алдын алуға болады. Мұндай талдау тіпті адамның қай салаға қабілетті екенін де, біліп береді.»*

«Адам генетикасы — негізінен кең ауқымды ғылыми сала. Мысал ретінде біздің ұлттық биотехнология орталығында осы адам генетикасына қатысты мен айтқан үш бағыт бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігінен гранттар бөлініп, ғылыми жұмыстар атқарылып келеді. Медициналық адам генетикасын біз медицина саласындағы әріптестерімізбен бірге туа біткен сколиоздың генетикасын зерттеп бастадық. Популяциялық адам генетикасын біз тарихшылармен бірге пәнаралық бағытта қазақ халқының шежіресін, қазақ руларының генетикасын зерттеп келе жатырмыз. Сонымен қатар қолданбалы бағыт ретінде криминалистикалық адам генетикасын Ішкі істер министрлігі акадмиясымен бірге адам көзі түсінің негізі болып келетін гендердің полиморфизмін зерттеу үстіндеміз», — дейді ол.

Біздің ғалымдардың осы сала бойынша ғылыми қандай жаңалықтар бар деген сауалымызға: «Осы ДНК төңірегінде біздің қазақ ғалымдарының жаңалық-

тары бар. Мысалы біздің әріптестеріміз қазақ халқының бойында кездесетін қатерлі ісік аурулардың генетикасын зерттеп, осы ауруға алып келетін мутациялардың бар-жоғын анықтап, болашақта осы дерттердің алын-ала диагностикасын жақсартып жатыр. Осыған ұқсас басқа да аурулардың генетикасын зерттеп, біздің популяциямыздың бойындағы көңіл аударуға тұрарлық мутацияларды тауып жатыр. Жоғары айтып кеткен популяциялық адам генетикасындағы зерттеулер нәтижесінде біз қазақ халқының шежіресі миф емес екенін, астарында генетикалық негізі бар екенін анықтадық. Сондай-ақ көп рулардың шығу тегін зерттеп келеміз», — деп жауап берді.

Осы ғылыми бағыт бойынша қандай мәселелер барын, әлемдегі ғылыми үдерісте біздің қандай деңгейде екенімізді сұрағанымызда Максат Жабағин бірқатар мәселені алға тартты.

«Біз көштің ортасында келеміз деуге болады. Бұл бағытта біздің потенциалымыз бар. Дегенмен осы салада арнайы көңіл аударылатын мәселелер бар. Мәселен, бізде адам генетикасы деген мамандық бойынша бакалавриат та, магистратура да жоқ. Медициналық оқу орындарында мелгенетик бойынша мамандық ала алмайсыз. Ондай бағдарлама жоқ. Мен білетін мелгенетиктер Ресейде оқыған. Өзім де генетика мамандығын кезінде Мәскеу мемлекеттік университетінде тәмамдағанмын. Бұл жерде тағы айтып кететін мәселе, жалпы генетика бағытын дамыту үшін, одан нақты нәтижелер шығару үшін ауқымды қаражат етеді. Көп уақыт мамандар даярлауға кетеді. Еліміздегі жоғары оқу орындарының көпшілігінде генетикаға қатысты заманауи лабораториялар жоқ. Ондай лабораториялар тек Алматыдағы кейбір институттарда, Астана қаласындағы Назарбаев университетінде, сосын Ұлттық биотехнология орталығында ғана бар. Егер біз дамыған мемлекеттердегідей осы бағытта алдағы онжылдықта жүйелі нәтижеге жетеміз десек, әлемдік генетикалық орталықтармен серіктестікте ғылыми жұмыс атқарамыз десек, мамандар даярлаймыз десек, инфрақұрылым құрамыз десек онда осыған көңіл аударуымыз қажет. Мысалы адам гендік инженериясы, гендік терапиясы деген секілді ғылымды дамытуға арнайы бағдарламалар қажет. Генетика және физиология, оның негізгі зерттеу бағыттары адам генетикасына байланысты. Соған қарамастан бізде Алматыда Генетика және физиология институты деген бір ғана институт бар. Осы егемендік алған 30 жыл ішінде оның әлі күнге жеке ғи-

көптеген ғылыми жұмыс атқарылып жатыр. Осыған қоса, пәнаралық зерттеулерден бөлек, археологиялық қазбаларда табылатын көне сүйектерден ДНК айырып, оның генетикасын түсініп, қазіргі адамдармен салыстыра отырып, адамзаттың генетикалық тарихы зерттеліп келеді. Сөз басында айтып кеткен қолданбалы криминалистика бойынша адамның көзінің, терісіннің түсі, бет әлпеті және жасын ДНК арқылы анықтау бағытында зерттеулер жүргізіліп келеді», — дейді лаборатория меңгерушісі.

Ғалым алдағы уақытта адам генетикасына қатысты бірқатар жоба бар екендігін, осы бағытта жұмыстар атқарылып келе жатқандығын да айтып өтті.

«Негізгі біздің бағытымыз — генетикамен байланысты пәнаралық зерттеулер. Алдағы уақытта тек қана қазақ халқының ғана емес, Орта Азия халықтарының шығу тегін, денсаулығын, тұқымқуалаушылық мәселелерін зерттеуді қолға алсақ дейміз. Егер мүмкіндік адам генетикасын дамыту бағдарламасын әзірлеуге қатысу, мамандар даярлау төңірегінде жоспарларымыз бар», — дейді ол.

#### ТАРТПАЙ ҚОЙМАС НЕГІЗГЕ

Генетика — тарихтың кілті екені бәрімізге белгілі жайт. 2013 жылы Қазақстан тарихшылары мен генетиктері бас қосқан «Тарих толқынындағы халық» атты пәнаралық бағдарлама әзірленді. Бұл бағдарлама бойынша қазақтардың генетикалық коды зерттелді. Археологиялық қазба жұмыстары, Қазақ шежіресі, молекулалық-генетикалық әдіспен Қазақстан аумағында тұратын халықтың ДНК-сы зерттелді. Бұл жоба қазақтың әлемдік тарихтағы маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Біздің жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүріміз қанның, геннің тазалығын сақтаудағы рөлі ерекше. Бұған бір ғана мысал айтуға болады. Қазір түркі тілдес елдер ішінде қазақтың көнеден келе жатқан халық екені дәлелденді. Көрнекті антрополог Оразак Смағұлов өз зерттеулерінде осыдан 4-5 мың жыл бұрын қазақ жерінде өмір сүрген тайпалардың гендік ерекшелігінің үштен бір бөлігі бүгінгі қазақтардың дене құрылымында сақталып қалғанын айтады. Яғни қазақтар популяциясында биоәлеуметтік ерекшеліктерінің тамыры осыншама уақыт үзілмеген. Былайша айтқанда, біздің генетикалық тарихымыз өзіміздің генімізде, физиологиялық, морфологиялық ерекшелігімізде толық орын алды. Егер біз 4-5 мың жыл бойы өз ерекшелігімізді сақтап қалған болсақ, онда әрі қарайда яғни осы үшінші мыңжылдықта ұрпақтарымызды генетикалық тұрғыдан сақтау мүмкіндігіміз бар деген сөз.

Еуропада өткен ғасырдың 50 жылдары адамның ата тегін ерекше мән беріп зерттей бастады. Фрэнк Анселлин-Шутценбергер деген француз психологы өзінің «Бабалар синдромы» деген әйгілі кітабында ата-бабасының өмірінде болған жағдайды оның ұрпағы да қайталайтынына назар аударған. Ол ата-бабасының тағдырын қайталаған біраз адамның мәліметін жинап, статистикасын жасаған. Адамның көп қасиеті, негізінен, тегіне тартатынын білеміз. Бірақ ата-бабамыздың басынан өткен жағдайлар бейсаналы түрде ұрпағының да басынан өтетін болса ше?! Мұны тек генетикалық қолданбалы зандылықтарымен ғана түсіндіруге болады.

#### ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ БЫРЫС


Біздің әрбір сөйлеген сөзіміз генетикамызға әсер ететінін білесіз бе?! Соңғы зерттеулерге сүйенер болсақ, адам балағат сөздер айтқан кезде жағымсыз энергияны өзі ғана қабылдап қоймай, жанындағы өзге адамдар мен жан-жануарларға, тіпті су мен тағамдарға да таратады екен. Ғалымдар балағат және жағымсыз мағынаға ие сөздердің радиация әсері секілді адам генінің мутацияға ұшырауына себепкер болатынын, ал ол өз кезегінде ағзаның картаю процесін тездетіп, түрлі психикалық және тән ауруларының пайда болуына ықпал ететінін анықтаған. Ал, жақсы мағынаға ие, қайырымды-мейірімді сөздер, дұғалар, тіпті кейбір әдемі өлең-жырлардың өзі көптеген кеселдерді емдеп, адамға жағымды ықпал етіп, ағзаның картаю процесін тежейді екен.

Ресей Ғылым Академиясы кванттық генетика институтының ғалымдары да балағат және бейәдеп сөздердің жағымсыз салдары туралы біраз зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, айтылған сөздердің электромагниттік тербелісі ДНК молекуланың құрылымына тікелей әсер ететін болып шықты. Егер балағат және жағымсыз сөздер айтылса, ДНК молекуласы осы сөздерді қабылдайды және қабылданған әсердің тым артық әрі жағымсыз болуынан «теріс бағдарлама» немесе «өзін-өзі тарату (самолiquidация) бағдарламасын» іске қосады. Демек, өзін-өзі күйретуге, булдіруге бағытталған үдерістер басталады. Осылайша ақпараттардың үнемі күйреп, бұрмалануы, өзгеріске ұшырап тұруы ДНК-ның құрылымын сау қылған ауру күйіне ұлаша етеді. Демек, жағымсыз, қайбат сөздер радиациялық сәулелілігі мың рентгенге тең келетін мутгендік әсер береді. Бұл дегеніміз денсаулығымыздың зиянға ұшырап жатқандығын хабар береді.



# VOYAGER-2:

## «ҮНІ» ӨШПЕСЕ, ҮМІТ ТЕ ӨШПЕЙДІ



Әдетте жаһан жұрты геосаяси оқиғаларға, мәдениет пен спорттағы жаңалықтарға көбірек назар аударғанымен, адамзат өркениетін алға сүйрейтін ғылымдағы жаңалықтарға да көңіл бөлмеске болмас. Әсіресе, соңғы көздері ғарышты игеру бағытында жаңа тренд басталғаны байқалады. Айға адам қондыру бағытында АҚШ, Қытай, Ресей үшеуі өзара бәсекеге түскен сыңайлы. Ал «ғарыш» дегеннен шығады, бір апта бұрын ғалымдар 46 жыл бұрын ұшырылған «көнекөз» ғарыш аппаратымен арадағы үзіліп қалған байланысты қалпына келтірді.

олардан да өтіп кеткен еді. Сөйтіп, адамзат Күн жүйесіндегі алып ғаламшарлардың фотосын түсіріп, оны талдауға мүмкіндік алған-ды. 1990 жылдың 14 ақпаны мен 6 маусымы аралығында Voyager-1 аппараты 6 млрд шақырым қашықтықтан Күн жүйесіндегі ғаламшарларды фотоға түсірген. Сол фотода Жер құм түйіршігіндей ғана болып көрінеді. Voyager-2 аппараты Уран мен Нептунның мыңдаған фотоларын түсірді. Әрі олардың бұрын ғылымға белгісіз болып келген көптеген серіктерін тапты. Ең қызығы, осыдан 46 жыл бұрын ұшырылған аппараттардың жетістігін заманауи, техниканың озық үлгілері орнатылған жаңа құрылғылар әлі қайталай

қойған жоқ. Мәселен, NASA Уран ғаламшарына жақындайтын келесі аппаратты 2031 жылы ұшыруды жоспарлап отыр. Ол ғаламшарға 2044 жылы жетеді деседі. Осы мәліметтерден-ақ қос аппараттың адамзат үшін қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Ал қазір екеуі де гелиосферадан шығып кетті. Жұлдызаралық кеңістікте ұшып барады. Voyager-2 аппараты 19,9 млрд шақырымға жетсе, Voyager-1 Жерден 24 млрд шақырым алыста деседі.

шам қарапайым. Камералары да, оперативті жады да қазіргі смартфондардың мүмкіндігіне жетпейді мүмкін. Айталық, Voyager және олардан бұрын ұшырылған Pioneer аппараттарының компьютерлерінде 8 биттік RCA1802 микропроцессорлары орнатылған. Ал қазіргі кез келген компьютерде 64 бит болатын микропроцессорлар болады. Voyager аппараттарындағы компьютерлердің оперативті жады 640 килобайт еді. Қазір смартфондарда гигабайттық жады қолданылады. Voyager ғарыш аппараттарын ұшыру туралы идеяны NASA-да тәжірибеден өтіп жүрген аспирант айтқан. Ал ғалымдар бұл идеяны қолдады. Сөйтіп, Күн жүйесіндегі

алып ғаламшарларға сапар басталған. Кейін гелиосферадан шығып кеткен жағдайда, ғарыштың түпкірінен бөгде ғаламшарлық тіршілік иесі кездесіп қалса, адамзат жайлы білсін деп алтын жалатылған диск әзірлеген. Онда адамзат 55 тілде сәлем жолдайды. Түркі тектес халықтардан түрік тілінде жолданған сәлем бар онда. Көптеген халықтардың әуендері жазылған. Ішінде әзербайжан музыкасы да бар. Түрлі фотолар, Жер шарының ғаламдағы координаты да жазылған. Қысқасы, ерекше құрылғы еді. Бәлкім содан да болар ғалымдар қос аппаратпен байланыс үзбеуге тырысады. Барынша пайдалануға ұмтылып жатыр. Күндердің күнінде, 2026 жылы немесе одан сәл ерте, не кеш Voyager-лердің қуаты толық сарқылады да Жермен байланыс үзіледі. Одан соң шексіз ғарышта өз бетінше ұша бермек. Оған дейін аппараттардан ғылыми деректер алу маңызды болып тұрса керек. Сол себепті тамыздың басында әлемдік медиа Voyager-2 мен байланыс орнатылғанын сүйіншіледі.

Әйгілі ғалым, америкалық астроном Карл Саган Voyager-1 түсірген фотодан Жер шарының шексіз ғарышта құм түйіршігіндей кішкентай көгілдір зат екенін көргенде айтқан сөзі бар.

«Мына кішкентай нүктеге тағы қараңыздаршы. Бұл біздің үйіміз. Бұл — бізбіз. Сүйгендеріңіздің, танитындарыңыздың, тым болмаса атын естігендеріңіздің, күні бүгінге дейін өмір сүрген адамдардың баллығы осында тіршілік етті. Біздің қуанышымыз бен қасіретіміз, біздің тарихымыздағы мыңдаған діндер, идеологиялар мен экономикалық доктриналар, әрбір аншы мен терімші, әрбір ер мен ез, әрбір өркениет жасампазы мен күйретуші, әрбір патша мен шаруа, бір-біріне ғашық болған әрбір жан, әрбір ана мен әке, қабілетті бала, өнертапқыш пен саяхатшы, этика оқытушысы, өтірікші саясаткер, әрбір «супержұлдыз», әрбір «ұлы көсем», әрбір әулие мен күнәһар осы жерде — Күннің шұғылынаша шомылған түйіршікте өмір сүрді.

... Жер — әзірге өмір сүруге қолайлы бізге белгілі жалғыз әлем. Біз кем дегенде жақын болашақта ешқайда кете алмаймыз. Басқа орынға баруымыз мүмкін, бірақ көшіп кете алмаймыз. Сіздерге ұнай ма, жок па Жер біздің жалғыз үйіміз, — деген еді К.Саган. Бірақ адамзат Жер шарының ғарышта түйіршіктей ғана екенін сезінген жоқ, соғысып, сыймай емес, сыйсыпай жүр онда.

Ардақ СҰЛТАН

# БИОПРИНТЕР

## СИЯ «ЖЕП», СҮЙЕК БЕРЕДІ

**3D биопринтердің көмегімен зертханада адам сүйегін жасап шығаруға бола ма? Назарбаев университетінің биомедициналық инженерия саласындағы профессоры Дана Ақылбекова бастаған бір топ ғалым бүгінде осы жоба аясында еңбек етіп жатыр.**

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

Осыдан екі жыл бұрын Назарбаев университетінің гранты мен Білім және ғылым министрлігінің екі грантын жеңіп алған Дана бұл қаражатқа өз зертханасын ашты. Қарапайым ғана тамшұырдан бастап супер дәлдікпен өлшеуші таразыға дейін барлық жабықты тіркеп жинаған ғалым бастапқыда логистикадан қатты қиналғанын айтады.

«COVID-тен кейін әлем бойынша жеткізу қызметі қиындап кетті. Кейбір реагенттер мен құралдарды Amazon мен Aliexpress арқылы алдырдық. Кейбірін Израиль мен Германияға барып сатып алдым. Әлі күнге дейін достарым маған қажет болып қалады-ау деген дүние тапса, салып жіберіп тұрады», — дейді профессор.

### БИОПРИНТЕРДІҢ БӨЛЕК ТІЛІ БАР

Бұл зертханада еліміздегі жалғыз 3D биопринтер бар. Онда жұмыс істеу принципінің өзі біраз білімді қажет етеді екен. Ең әуелі, биопринтерден шығаратын модельді 3D BioCat секілді арнайы компьютерлік бағдарламада әзірлеп аламыз. Дайын болған модельді биопринтердің жадына енгіземіз. Келесі қадам — калибрация, оның барысында сия құятын шприц, модель орналасатын тактайша секілді бөліктерді бір-біріне ыңғайлы етіп өзара дұрыс орналастырып аламыз. Сия демекші, оны алдын ала жасап алу керек. Сия деп отырғанымыз — 3D модельдің қаңқасына қажет сұйықтық. Оған әдетте желатин, альгинат сияқты табиғи материалдар қолданылады. Оларды белгіленген пропорцияда қосып, араластырады.

Тек табиғи материалдардан дайындалатындықтан, оны жай сия емес, биосия дейміз. Оның құрамын супер дәлдікпен өлшейтін таразыда мұқият есептеп барып араластыру керек. Расында таразының ерекшелігіне таң-тамаша болдық. Ол заттың 0,0001 грамына дейін өлшеп бере алады. Биосия әзір болғанда, бастапқыда өте сұйық болғандықтан, тоназытқышта салып, қоюлатып аламыз. Одан соң консистенциясы қажетті қалыпқа келгенде, биопринтердің шприціне құямыз. Осыдан кейін тарсылдатып модель басып шығара беремін деп ойлау қате. Биопринтердің қысым, температура, жылдамдық деген секілді параметрлерін реттеу керек. Мұның біреуі дұрыс болмаған жағдайда сия шприцтен дұрыс шықпайды. Мәселен, негізгі құрамы желатиннен жасалған биосияға қысымды 120-125 килопаскаль төңірегінде етіп белгілейміз. Осы кезеңдердің бәрін жасап болғаннан кейін, биопринтер болашақ модельді қабат-қабаттымен басып шығаруды бастайды. Басып шығарылған модельдер «скаффолд» деп аталады.

### ЖАСУШАЛАРДЫ «ОТЫРҒЫЗУ» ОНАЙ ІС ЕМЕС

Процестің одан кейінгі барысы жайлы профессордың ассистенті, Назарбаев университетінің түлегі Фариза Мұқашева былайша түсіндіріп берді.

«Скаффолд дегеніміз — жасушалық матрицалар, басқаша сөзбен айтсақ, тасымалдағыштар. Әдетте біз оның үстіне бағаналық жасушаларды орнатамыз. Бірақ ол бірден бола қоятын шаруа емес. Әуелі скаффолдқа бірнеше эксперимент жасап, тексереміз. Ол не үшін керек десеніз, алам ағзасына енгізгенде, ағзадағы жасушалармен сәйкесе алуы керек. Мысалы, зертханада оның тексерінін өлшемін тексереміз, механикалық тест жасаймыз, қанша уақытта деградацияға ұшырайтынын анықтаймыз. Өйткені біз оған бағаналық жасушаларды орнатқанда белгілі бір уақыттан кейін скаффолдтың құрамы еріп, жоқ болып, орнын жасушалар басуы керек. Бірақ ол жаңа жасушалар өсіп үлгермей жатып тез жоқ болып кетпеуі де

керек, ұзаққа дейін ерімей қалмауы да керек. Одан соң материалға реологиялық тест жасап, ақыштық қасиетін тексереміз. Қысқасы, материалдың өзіне бірнеше эксперимент жасаймыз. Егер материалда бізге керекті қасиеттер болса, бұл дегеніміз — жоғарыдағы эксперименттің бәрі сәтті болса, онда үстіне бағаналық жасушаларды орналастырамыз», — дейді ол.

Бұл зертхана бағаналық жасушаларды Ұлттық биотехнология орталығынан алдырады екен. Ол жақта бағаналық жасушаларды егеуқұйраттардың жілікмайынан алады. Зертханаға әкелінген 200-500 мың бағаналық жасушаны мұндағылар инкубаторда көбейтіп, 2-3 миллионға жеткізеді.

«Бағаналық жасушаларға арнайы маркерлер қосып, сигналдар берген жағдайда олар небір түрлі жасушаға айнала алады. Мысалы, біздің зертханада оларға ортеогенетикалық, яғни сүйек қалыптастыруға арналған сигнал бергенде, олар остеобластқа, яғни сүйек тінінің жас жасушаларына айналады. Бұл аталған эксперименттер 3-6 апта уақытты алады. Бағаналық жасушалар остеобластқа айналды ма, жоқ па — оны энзим тесті арқылы анықтаймыз. Одан соң гистология жасаймыз. Ол дегеніміз не? Мысалы, сүйек жасушалары кальций бөледі. Сондықтан біз материалда кальций бар ма, жоқ па — соны тексереміз. Бағаналық жасушалар орналасқан скаффолдта ағзаға орнатқанда, жасушалар өздерінің минералдарын шығарады. Сол кезде оларға параллель біздің материал еріп жатады. Осылайша, біртіндеп биоматериалдың орны сүйекпен алмасады», — дейді профессордың ассистенті Фариза Мұқашева.

### ҒЫЛЫМ ОПТИМИЗМДІ СҮЙЕДІ

Жоғарыда айтылған процестердің бәрі тек сүйектің бір бөлігін жасауға бағытталған. Ал сүйектің өзі түрлі бөліктен, оның ішінде қантамырлардан тұрады. Демек, тұтас сүйекті жасап шығару үшін әрбір бөлікті толықтай жасап шығарып, оған қоса оларды өзара бірге үйлестіңдей етіп дайындау керек. Бұл — әзірге әлем ғалымдары бас қатырып жатқан мәселе.



«Біздің зертхананың әрбір мүшесінің өз жобасы бар. Бір жобадан материалдың бір қасиетіне деген ағзаның реакциясын зерттеледі. Екінші бір жобадан басқа қасиетіне деген реакция зерттелуі мүмкін. Ал екеуінің комбинациясы басқа бір үшінші жобадан зерттеледі. Менің жобам келетін әдіснама екіншіге мүлдем жарамауы мүмкін. Биомедициналық инженерия дегеніміз — бір сала емес, биология, химия, материалтану, инженерия, медицинаның тоғысуынан шыққан ғылым ғой. Тұтас бір ақырғы өнімді шығару үшін осы бес айналымның арасындағы ортақ нүктені табу керек. Ол өте қиын», — дейді Фариза Мұқашева.

Тін инженериясы жаңа сала болғандықтан мамандар да тапшы, сол себепті зерттеулер де аз. Мәселен, біздің елде дәл осы саламен бар болғаны 3-4 ғалым ғана айналысады.

«Тін инженериясында алға жылжу бар. Яғни жекелеген процестердің мейлінше жетілдірілген қадамдары табылып жатыр. Бірақ ақырғы өнім әзірге жоқ. Әрбір жасуша — кішкентай lego бөлшегі сияқты. Біз, ғалымдар, қазір осы кішкентай бөлшектерді қалай біріктіруге болатынын түсінуге тырысып жатырмыз. Ал ол өте күрделі іс. Ғылым дегеніміз осы. Мысалы, менің идеяларымның 99 пайызы сәтсіз болып шығады, эксперименттеріміздің 99 пайызы он нәтиже бермейді. Соған қарамастан біз оптимистіміз. Бізге осы ізденістің өзі ұнайды, процестің өзінен ләззат ала аламыз», — дейді профессор Дана Ақылбекова.

Бүгінде аталмыш зертханада 9 ғалым жұмыс істейді. Сондай-ақ зертханаға келіп, 3D орган жасау жұмысының басы-қасында жүрген мектеп оқушылары да бар екен. Солардың бірі — елордалағы Quantum мектебінің оқушысы Сағынай Жанбыршин. Сағынай бұл зертханада жасанды құлақ жасаумен айналысады.

«Келесі жылы мектеп бітіремін. Өзім биоинженерияға қызығатын едім. Профессор Дана Ақылбекованың жобасы туралы Instagram желісінен көріп қалдым. Дерек профессордың электронды пошталына хат жазып, зертханада жұмыс істегім келетінін айтып едім, келісті. Қазір биопринтерде құлақ жасап жүрмін. Құлақ тек бір ғана бөліктен, яғни сінірден тұратындықтан, сүйек сияқты қатты қиын емес. Бірақ процесті 0-ден бастап үйрендім. Ең басында құлақтың моделін де өзіміз салдық. Мен сурет сала алмайтын болғандықтан, қиналғаным рас. Кейіннен биопринтермен жұмыс істеуді менгердім. Температура, қысым, жылдамдық, биосия құрамының пропорциясын дәл есептеуді де игердім. Келесі аптада басқа зертханада мен жасаған құлақ модельдерін сынақтан өткіземіз», — дейді Сағынай.

Кішкентай зерттеушінің ынта-ықыласына ерекше риза болдық. Қазіргі ғылымның әлеуеті әзірге жетпей тұрған сүйек, өкпе, жүрек секілді күрделі органдардың 3D нұсқалары өмірге келетін күнді көру бақыты Сағынай сияқты жас буынның өкпелеріне бұйырар. Бәлкім, біз де оған куә болып үлгерерміз?! Бағана Дана айтқандай, «ғылым оптимизмді сүйеді» ғой...



Төрехан аға ұзақ жылдар Орынборда, сосын Қостанай облысының Лисаковск қаласында тұрған. Тіпті, өзінің Ахмет Байтұрсынұлына жақындығы бар екенін соңғы жылдары ғана біліпті. Бала кезінде Ахмет туралы еміс-еміс естігені болмаса, көп хабарлар болмаған. Мінезі біртоға, қак-соқпен ісі жоқ, өмірбойы мектепте мұғалім болған кісі екен. Ең қызығы, өнерге біртабан жақындығы бар. Сурет те салады, мүсін де соғады, карикатураға да бейім. Мұның бәрін хоббиім деп түсінеді.

Төрехан аға соңғы он жыл бойы бас ауруымен алысып келеді екен. Мида ісік пайда болып, екі рет отаға түскен. Соңғы екі жыл ескі ауруы қайта мазалап жүрген сияқты. Мидағы ісік көзге де әсерін тигізбей қоймапты. Портрет жанрын ерекше менгерген Төрехан ағаның үйі сурет көрмесі ме дерсін. Түрлі жанрдағы портреттер үйде самсап тұр.

«Менің туған жерім — Орынбор облысы Адамовка ауданы. Әкем Әбу шығармашылыққа жақын болды. Жазған өлеңдері, көркем дүниелері бар. Өкінішке қарай, өмірден ерте кетті. Әжеміздің есімі — Нұрзипа. Нұрзипаның әкесі — Жұқан. Ол Ерғазы атаның баласы. Ерғазы — Байтұрсынның інісі. Ерғазы ағамыз Ахмет атаны қолынан жетектеп, төрт жылдық орыс казак училищесіне апарған. Ахмет ата жетімдер мен сырттан келген балаларға арналған пансионда жатып оқыды. Бала Ахметтің бұрын ауыл молдасынан хат танығаны бар, әрі анасы Күнше де орыс кириллицасымен әліппені үйреткені бар, тез үйреніп кетеді. Кішкентай кезімізде Ахмет атамен туыс екенімізді білген жоқпыз. Әкеміз өте ерте, 28 жасында қайтыс болды. Анам маған кейде сыбырлап, Ахмет ата туралы айтып отыратын. Онда Ахмет ата ақтала қоймаған кез. Орынбор облысында казак мектебінде оқыдым. Кейін әкем қайтқан соң, Қостанай облысына көшіп келдік. Лисаковскіде казак мектебі жоқ. Мен орыс тілін білмеймін. Соңғы партаға отырғызды. Сөйтіп, қиналып жүріп, тілді үйрендік. Ол кезде бізге Ахмет аталар туралы «Халық жауы» деп түсіндіретін. «Халық жауының» ұрпағы екенімізді білмеппіз де. Бір күні Қостанайда туыс ағамыз бар екенін білдік. «Ол кісіге хабарласыңдар» деді. Хабарласуға ұялдым. Кейін сол нөмірді жоғалтып алдым.

Өткен жылы қызық оқиға болды. Бір күні таксиге отырсам, шоппыры аңқылдап қалған жігіт екен, ол да қостанайлық болып шықты. Құдайдің құдіреті, сол баяғы өзім жоғалтып алған нөмірім. Содан келесі күні әлгі кісіге хабарластым. Есімімді айтқаным сол еді, «Төрехан, сен қайдасың, мен сені көптен бері іздеп жүрмін ғой» дегені. Сөйтсем, ол кісі Баймағамбетов деп іздеп жүріпті. Шошак атадан тараған ұрпақтар осылай табыстық» дейді аға.



# Ахметтің

## АРДАҚТАПТЫ ЖИЕНШАРЫ



Алматыдан Ахмет Байтұрсынұлы музейінің директоры Райхан Сақыбекқызы хабарласып, Астанада Ахметтің жиеншары тұратынын айтып, «сол кісімен жолығып, сұхбаттассаң қайтеді» деді. Ахметтің жиеншары дегенге біз де елең ете қалдық. Төрехан Сәдуаулымен біз осылай таныстық.

«Нұрзипа апаның Бадыгүл деген туған сінлісі болған. Аталарымның қабірін іздеп, Ақкөлге барғым келеді. Атамның музейі де сол жакта. Ахмет атам тұрған үйлерді көрсем деймін. Оған қазір денсаулығым мүмкіндік бермей тұр. Тіпті, Алматыдағы музей-үйіне де жете алмай отырмын» дейді Төрехан аға.

Тарихтан белгілі, Шошактан тараған бес ұл бар. Оның екіншісі — Байтұрсын. Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың да тағдыры оңай болмаған. Қазак жерінде отарлық аймақтық басқару жүйесі жүзеге асқан он жеті жыл ішінде «Орыстың уезд басқарып отырған полковник бастығын ұрған» деген ерек оқиға еш жерде болмаған. Уезд бастығы Яковлевті ұрды деген желеумен Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың қолдарына кісен салынып, түрмеге айдаған. Уездің қатаң бұйрығымен Шошак балаларының барлық мүлкі, малы түгелдей қанпескеге ұшырап, Торғайға айдалды. Шошактың басқа балалары ол кезде ауылда болмағандықтан, қуғыннан аман қалады. Олардың бірі — Ерғазы. Тергеушілердің Ақтас пен Байтұрсынға көрсетпеген қорлықтары қалмаған. Көп ұзамай сот болып, үшеуін де Сібірге, қаторғаға айдаған. Сол қуғын-сүргіннен аман қалған Ерғазы ағаларының балаларына ие болып, білім алуына, азамат болып қалыптасуына айрықша еңбек сінірді.

Төрехан Сәдуаулы әкесі қайтыс болған соң, анасы екінші рет тұрмыс құрғанын, сол себепті Қостанай облысына қоныс аударғанын айтады. Бала Төрехан да анасымен бірге кетеді. Сөйтіп, туыстарынан көз жазып қалады.

«Аталарым туралы шежірелермен енді қанығып отырмын. Солардың бәрін жинақтап, бір кітап шығарғым келеді.

“

Тарихтан белгілі, Шошактан тараған бес ұл бар. Оның екіншісі — Байтұрсын. Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың да тағдыры оңай болмаған. Қазак жерінде отарлық аймақтық басқару жүйесі жүзеге асқан он жеті жыл ішінде «Орыстың уезд басқарып отырған полковник бастығын ұрған» деген ерек оқиға еш жерде болмаған. Уезд бастығы Яковлевті ұрды деген желеумен Ақтас, Байтұрсын, Сабалақтың қолдарына кісен салынып, түрмеге айдаған.

Аштық болды, зұлмат жылдардың қасіреті тағы бар. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен заман. Нұрзипа апа да бауырларынан айрылып, жоғалтып алған. Ұзақ жылдар бойы сінлісі Бадыгүлді іздеп, таба алмаған. Бадыгүлдің балалары да Нұрзипадан тараған ұрпағын іздеген. Әжеміз Ахмет атаны әке тұтқан, үнемі мақтанышпен айтып жүреді екен. Оны да кейін біліпті.

Ахмет ата туралы деректерді де енді жинақтап жатырмын. Атама құрметім болсын деп, фотожурналистермен ол кісінің портретін салып шықтым» дейді жиеншары. Ол портрет Төрехан ағаның үйіндегі ең құнды дүниенің бірі. Оны Алматыдағы музейге тапсырғысы келетінін де жасырмады.

Ұзақ жылдар бойы Лисаковск қаласында мектепте бейнелеу пәнінен сабақ берген. Магнитогорск


қаласында жоғары білім алған. Көркемсурет мамандығын бітірген. Әскерде жүргенінде де суретшілікпен айналысқан. Қабырғаларды безендіру, түрлі картиналар салу — Төрехан ағаның сүйікті ісі. Лисаковск қаласында да қосымша осындай жұмыстармен айналысқан. Бір жылдары қала әкімдігі тапсырысымен мұзды қалашық салып бастаған. Мұз қалашықта көбінде казактың батырларын, ұлттық жәдігерлерді салады екен. Ол мұз қалашық жергілікті тұрғындардың көз қуанышына айналған. Қандай жұмыс болса да тартынбай, аянбай еңбек еткенді жаны сүйеді.

«Ахмет атамның портреті — менің үйімдегі ең құнды дүние. Одан бөлек,

Жасым 64-ке келді. Соңғы алты айда қатты жүдеп кеттім» дейді кейіпкеріміз.

Суретші ретінде салған суреттерінен Лисаковск қаласында арнайы көрме өткізген екен. Үлкен қалаларда сурет көрмесін өткізгісі келгенімен, мүмкіндігі жоқ. Суретшілер одағына да, Мүсіншілер одағына да мүше емес. Астанадағы Суретшілер одағына барғанымен, бірлесе жұмыс істейтін қауқары болмай тұр. Үйден жарты қалам аттап шыға алмайды. Жолдасының көмегімен ғана аулаға шығады. Ендігі тағдыры — Астанадағы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» дәрігерлері қолында. Үшінші ота жасала ма, жоқ па, әлі де белгісіз.

Төрехан ағаның ең үлкен арманы — аман-есен сауығып шықса, «Ахмет



портрет салатын әдетім бар. Інілерімнің, балаларымның портретін салдым. Мұның бәрі жаңа стильмен яғни абстракттілі экспрессионизм жанрын пайдаланамын» дейді кейіпкеріміз.

Денсаулығы сыр бере бастаған Дәсоң, Астанаға көшуге тура келген. Өйткені екі рет отаны да осы қалада жасатқан. Лисаковск мен Астананың ортасында жиі-жиі қатынау қиын болып кетіпті. Бірінші отадан кейін үйде біраз уақыт ем қабылдап, үйде жатқан.

«1917 жылы мектептен жұмыстан шығуға тура келді. Содан бері үйде жұмыс істеймін. Колонермен айналысамын. Үйге қажетті заттарды істеу — маған ұнайды. Салған суреттерімді де, жасаған бұйымдарымды да ешкімге сатқан емеспін» дейді.

Талантты суретші болса да, ешқашан тапсырыспен сурет салып көрмеген. Таныстардың, туыстардың өтінішімен бірнеше рет портреттерін салыпты, оған да бір тиын алмапты. Әлі де көп дүние жасағысы келеді. Тек денсаулығы мүмкіндік бермей отыр. «Әлсізбін, тез шаршап қаламын. Көзім де дұрыс көрмейді.

атам жүрген жолдармен жүріп өтсем» дейді.

P.S.

Қазақстан тарихының ең қайғылы беттері — ол жаппай ашаршылық пен қуғын-сүргін көрген жылдар. Зұлмат жылдардағы орасан зор шығын талайлардың жүрегіне жара салды. Жарияланбаған, әлі де құпия сақталған деректер өте көп. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен қиын уақытта туған қайда, ағайын қайда, бәрінен бейхабар кеткен жандар көп. Ата-бабасының кім екенінен хабарсыз қалғандар да жетерлік. Төрехан Сәдуаулының екіншісі де осы. Жоғалтқанын тауып, өшкенін қайта жаңғыртқысы келеді.



# МУЗЕЙДЕ ӨТКЕН МАЗМҰНДЫ КЕШ



**10 тамыз күні Алматы қаласы музейлер бірлестігі Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде Абай Құнанбайұлының дүниеге келген күніне орай «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты танымдық дәріс өтті. Шараға зиялы қауым, өнерпаздар және Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты музейлерден келген қызметкерлер қатысты. Шара басталғанға дейін келушілерге музей-үй жәдігерлері таныстырылды. Таныстыруды Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің экскурсоводы Манатжан Аширов жүргізді.**

Сағат 11.00-де «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты танымдық дәріс басталды. Ұлттың ұлы ұстазының үйінде ұлы тұлғаның туған күніне орай өткелі жатқан шараның шымылдығын Алматы қаласы музейлер бірлестігінің өкілі Тарыбаев Қайрат Сағынғалиұлы ашып берді.

Шараны музей-үйінің бөлім меңгерушісі, ақын Әділет Ахметұлы жүргізді. Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған орта мектеп-интернатының түлегі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс докторанты, өнерпаз Абзал Жаңабай Шәкәрімнің «Бұл ән басқа әннен өзгереді» атты әнін орындап мерейлі сәттің салтанатын асырды. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі, ахметтанушы ғалым Райхан Сахыбекқызы «Абай және Ахмет арасындағы үндестік» атты танымдық дәріс оқыды. Дәрісте Р.Сахыбекқызы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары шығарған «Қазақ» газеті

көтерген жүктің маңызы мен ұлт тағдырының ісіне келгенде арыстардың жұдырықтай жұмыла білгенін, «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты тұрақты тіркеске айналған ұлы сөзге Абай даналығы мен парасатын тең сыйдырған Ахметтің сұңғалылығын тілге тиек етті.

Белгілі күйші, Алтай, Іле, Тарбағатай күйшілік мектебінің өкілі, Қазақстан күйшілер одағының мүшесі Саркытбай Қалиұлы күйшілік мектептің бірнешеуін қамтып күйлер орындап берді. Профессор, музей-үйдің ғылыми қызметкері Светлана Смағұлова хакім Абайдың қайраткерлік қырын таныстырып өтті. Сөз тізгінін ұстаған Ә. Ахметұлы өзінің хакім Абай рухына арнап жазған «Жалғыз» атты өлеңін оқып берді. Ұлт ұстазы тағылым мектебін көруге келген Жетісай қаласы Б.Момышұлы атындағы мектептің оқушылары, ағайынды Ахылбек Ислам мен Ахылбек Назым Абай өлеңдерін жатқа оқып, көпшілікті сүйіндірді.

Іс-шараның аса құнды жәдігері – Абайдың домбырасын Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар музейі көпшілік көзайымына айналдырып, бұл домбыраның тарихын аталған музейдің ғылыми қызметкері Раушан Айболқызы таныстырды. Ал Ахмет домбырасының табылу тарихын Райхан Сахыбекқызы түсіндіріп өтті.

Жиын соңында өнерпаздарға Алматы қаласы музейлер бірлестігі дайындаған алғысхат және кітаптар ұсынылды.

**Нұрлан ОКТЯБР,**  
Ахмет Байтұрсынұлы  
музей-үйінің қызметкері



**Бекзат өнер саналатын биді адам баласы көзбен көріп қана қоймай, ішкі жан дүниесімен сезініп, түсінетінін петропавлдық саңырау бишілер он сегіз жылдан бері әлем сахналарында дәлелдеп жүр. Sensitive би театры саңырау бишілерден құрылған. Театр мүшелері – Петропавл қаласындағы облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзету мектеп-интернатының оқушылары мен түлектері. Құлағы естімесе де, олар осы жылдар ішінде көптеген халықаралық беделді би жарысына қатысып, талай жүлделі орынға ие болды. Төлайым табыстарға жетіп жүрген еліміздегі осындай жалғыз және бірегей өнер ұжымы бүгінде облыстың ғана емес, Қазақстанның мақтанышы.**



## ТҮЛСЫМ ТҮНІШТІҚТА МҰҢ БҰРАЛЫП БИЛЕГЕН

Sensitive-тің тарихы сонау 2006 жылдан бастау алады. Дәл сол жылы Өнер колледжінің хореография бөлімшесінің түлегі, бүгінде театрдың көркемдік жетекшісі Ольга Ростовщикова құлағының мүкісі бар балаларға би өнерін үйрету үшін мектеп-интернатқа жұмысқа қабылданған болатын. Күмән мен күдік басым болса да, жас кыз өз күшін сынап көруге бел буды. Ол кезде тәжірибесіз ұстаз есту қабілеті нашар және саңырау балалармен бірге бүгінгідей жетістікке жетпек түгіл би үйрету алады дегенге сенетіндер аз еді.

«Шынымыды айтайын, балалармен алғаш рет кездескенде абырап қалғаным рас. Оларға хореография техникасын қалай түсіндіремді, ырғақ пен музыканы есту сезімін қалай бойына сіңіретінді, тіпті қалай сөйлесетінді мүлдем білмедім. Мен үшін бұл қолімдідей сынақ болды, алынбас қамалдай көрінген-тін. Алайда ерекше білімді қажет ететін балалардың қабілеті де ерекше болып шықты. Олардың ақ жарқын қалпы мен асқан жауапкершілігі бірден өз нәтижесін бере бастады. Бүгінде біз бір-бірімізді көзбен түсінеміз, тіпті менің тәрбиеленушілерім көзбен естиді дер едім. Олар маған әбден үйреніп алды, менің бет-әлпетімнің мимикасы мен артикуляциямнан-ақ барлығын түсінеді. Хореограф ретінде оларды бірде мақтап, бірде ұрысатын сәттер болады. Кейде тіпті қол қимылысыз-ақ ұрысып жатсам, олар маған: «Неге сонша айқайлайсыз? Біз бәрін де естіп тұрмыз» дейтін кездер бар», – деп ағынан жарылды Ольга Ростовщикова.

Бастапқыда ансамбль мүшелерімен жазбаша «өңгілескенін» бүгінде ол күле еске алады. Өрқайсысы сабаққа қойын дәптері мен қаламын ала келіп, сөзбе-сөз хат жазысқан. Бишіге қойылатын талап пен оның міндетін тек осылайша түсіндіру мүмкін болыпты. Бара-бара балалар мұғалімге ым тілін, мұғалім оларға би тілін үйретіп, оңай тіл табысып кеткен.

«Қажымас қайрат пен тынымсыз еңбектің арқасында біз биік белестерді бағындыра білдік. «Саңыраулар елінің» табалдырығын енді аттаған кезде мен мұндай жетістік туралы тіпті армандамаған едім», – дейді көркемдік жетекшісі.

### КАНАТ БІТІРГЕН – АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІС

18 жылдың ішінде Sensitive қазақстандық қана емес, сондай-ақ халықаралық жарыстарда керемет биіктерге жетті. Қазақстанның Ұлттық Дельфий ойындарының екі мәрте жеңімпазының қоржынында 35-тен астам жүлделі орын бар. Олар Ресей, Болгария, Италия, Испания, Біріккен Араб Әмірліктері, Мысыр елдерінің сахнасында жарқ етіп көзге түсті.

Сонғы кезде жеткен жетістіктерінің арасында АҚШ-та өткен 25-ші әлем чемпионатының Гран-при бар. Шілде айының соңында өткен бұл долада әлемнің 72 елінен келген үш мыңнан астам кілең мықты биі бақ сынасқан болатын. Еліміздің намысын лайықты қорғаған Sensitive ұжымы АҚШ, Ирландия, Франция, Аустралия, Оңтүстік Африка Республикасы, Тайланд, Канада, Германия және басқа да елдердің он екі мүшесі сау бишілерімен қатар бақ таластырып, бас жүлдені жеңіп алды. Бұл – би ұжымының ең үлкен жетістігі. Көркемдік жетекшісі Қазақстанның Туы желбіреген кезде көзіне жас алғанын жасырмайды.

Жуырда Испанияның Льорет-де-Мар қаласында өткен халықаралық SEA SUN FESTIVAL фестивалінде өнер ұжымының жұлдызы тағы да жарқырады. Байқауға би тобының сегіз солісі қатысып, «Сола» аталымында Даниял Қанғожин «Спойлер» қойылымымен бірінші орынды жеңіп алса, «Дуэт» номинациясында тағы да ол Милена Новиковамен бірге бірінші дәрежелі лауреат атанды. Өнер ұжымы спорттық бал биі аталымында бірінші дәрежелі, заманауи хореография бойынша Гран-при иегерлері атанды. Олар үшін әр жеңіс – қымбат, үлкен-кішісі жоқ.

Бастапқыда мектепшілік іс-шараларға ғана қатысып жүрген балалар біртіндеп калалық, одан соң облыстық байқауларда бақ сынап көрген. Бірде облыстық «Қалбұлақ» байқауында олар дені сау балалармен қатар жарысып, бал биі бойынша

бірінші орынға ие болғаны жас дарын иелеріне қанат бітіргендей болыпты. Өз күшіне деген сенім пайда болғаннан кейін ғана би ұжымы басқа елдердегі байқауларда бақ таластыруды біртіндеп әдетке айналдырған. 2013 жылы Ресейдің Чебоксары қаласында өткен жарыста Sensitive-ке алтын жүлде мен Болгариядағы халықаралық байқауға қатысуға сертификат берілген болатын. Сол Болгария сапары бишілердің әлі есінде. Қазылар алқасының мүшелері мен көрермендер олардың мылқау екенін тіпті сезбей де қалыпты. Ал білген кезде түрегеп тұрып қол шапалақтап, құрмет-қошеметке бөлеген көрінеді.

### ТОЛАЙЫМ ТАБЫСТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Ең өкініштісі, тілмен жеткізуге болмайтын дүниелерді бимен айшықтап жүрген Sensitive мүшелері көрерменнің ду қол шапалағын да, жаудырған алғысын да, қиқуын да, тіпті музыканы да естімейді. Дегенмен хореограф түсіндіргеніндей, қандай да бір билі үйренбес бұрын олар, кез келген биші сияқты алдымен музыкамен танысады. Бірақ олардың музыка тыңдау әдісі мүлдем бөлек. Колонка дыбысы бар дауысына қойылған кезде пайда болатын еден дірілінен музыканың ырғағын сезінеді, жылдам не баяу екенін түсінеді.

«Жақсырақ сезіну үшін жалаңаяқ билеген кезіміз де болды. Бұған қоса, мен ырғақты саусақпен санап көрсетіп тұрамын», – деп хореограф өз құпиясымен бөлісті. Тіпті, байқауларға қатысқан кезде де Ольга Ростовщикова өз тәрбиеленушілері сахнаға шыққанда музыканың ырғағын залдан саусақпен санап тұрады.

Оның айтуынша, құлағы еститін, он екі мүшесі сау адамдардың өзін билеуге үйрету оңай шаруа емес. Ал ерекше балалармен жұмыс тіпті қиын. Бірақ ниет пен тынымсыз жұмыс өз нәтижесін беретініне бүгінде оның көзі әбден жеткен. Олар аптасына 5-6 рет, 4-5 сағаттан жаттығады, тіпті релитация таңғы 4-5-ке дейін созылған кездері болыпты. Байқауға дайындық барысында күніне екі рет жаттығады. Бір биді үйрену үшін олар кейде алты ай уақытын сарп етеді. Бірақ мақсат қойғыш жастар шаршаса да, жұмыс істеуден ешқашан бас тартпайды. Сондықтан да көркемдік жетекші оларға бәсекелес жок деген ойла.

«Кейде байқауларға барғанда, Sensitive келіпті, Гран-приді алып кетеді» дегенді естиміз. Шынымен де солай. Бірде мен бәсекелестерге: «Жүйелі түрде жұмыс істесеңіздер, сізде де осындай жетістікке жетесіздер» дедім. Біз үнемі жұмыс істейміз: қажет болса – аптасына жеті күн, тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істеуге дайынбыз. Себебі біз жауапкершілікті түсінеміз», – дейді Ольга Николаевна.

### ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Sensitive-тің солісіс Айнұр Саиновамен жазбаша сұхбаттасудың сәті түсті. Ол 7 жасқа дейін дені сау бала болыпты. Есту мүшелерінің қабынуы оның тағдырын басқа бағытқа бұрған. Айнұр облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде-ақ би өнерін меңгере бастаған. Бүгінде ол кәсіби биші ғана емес, сондай-

ақ әнші! Ол саусақ, дене және бет-әлпетінің қимылымен ән салады.

«ЫМ тілімен ән салғанда би элементтерін, актерлік шеберлікті қолдана білу керек. Көрерменнің қошеметін сеземін. Соған қарағанда тыңдаушыны дауысыз-ақ өнердің терең тұңғығына бойлауға болады», – дейді ыммен ән салу аталымы бойынша көптеген байқаулардың жеңімпазы.

Өнерпаздың ойынша, құлағы еститін, сөйлейтін адамдарға би үйрену жеңілрек. «Себебі олар музыканы тыңдап, ақпаратты естиді. Біз болсақ Ольга Николаевнаның қолына, саусағына қарап, ырғақты сезінеміз. Мәселен, мен өз басым жалғыз билеп үйренгендіктен, жұппен билеуді көпке дейін меңгере алмадым. Қиын болды, ескеуімдеңде құлағымыз естімейді, бір-бірімізді түсіне алмадық. Мұны үйрену үшін бір жыл уақытым кетті», – дейді Айнұр. Айта кетейік, бытыр Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау үшін құрылған халықтық коалицияның форумында Айнұр Саинова сахнада «сөз сөйлеген» кезде көпшіліктің көзіне жас үйіріліп, түрегеп тұрып қол шапалақтаған болатын.

Көптеген байқаудың жеңімпазы Айнұрдың арманы – мимикалық ым театрын ашу. Мұндай театр Мәскеуде бар көрінеді. Ол құлағы естімейтін актерлер пантомимадан бастап мюзиклга дейінгі барлық жанрды көрерменге паш еткенін қалайды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Ольга Ростовщикова би театрын ашуды армандаған болатын. Түрлі мюзикл, хореографиялық спектакль қою, ыммен ән салуды паш ету, басқа да салаларды меңгертіп, тәрбиеленушілер жана қырынан таңыту оның арманы еді. 2020 жылдан бастап оның 9 тәрбиеленушісі Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрына жұмысқа қабылданды. Бүгінде театрдың штатында ресми түрде жұмыс істеп жүрген Sensitive мүшелері жаңа биші-ғарыштарды меңгеруде. Кіші және орта топ мүшелері – облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттың тәрбиеленушілері. Дегенмен 40 адамнан құрылған ұжым – тұтас бір отбасындай.

«Мен өз балаларымды ешқашан тастап кете алмаймын. Олармен бірге өсіп-өніп, дамып-жетілуді қалаймын. Тәрбиеленушілерім мені ерекше ынталандырады әрі шексіз шабытқа бөлейді. Әлемдегі ең әдемі тіл – би тілі арқылы көрерменмен қауышып, қуанта берсек деймін», – деп өз ойымен бөлісті «Құрмет» орденінің иегері Ольга Ростовщикова.

Ол өз тәжірибесімен бөлісіп, басқа өмірлерде филиал ашуға да дайын. Тек ол үшін бұл іске жан-тәнімен берілген, саңырау балалармен жұмыс істеуге дайын хореограф қажет.

Бүгінде Sensitive орындалған арман деуге болады. Кезінде мектеп-интернат табалдырығын имене аттаған жас кыз жобаның сәтті болатынына іштей сенген еді. Табысқа жетелейтін шексіз идеяларының арқасында көркемдік жетекшінің ойы іске асып, Sensitive барлық қырынан әлемге танылып, толыққанды, жұлдызы жарқыраған ұжымға айналды.

**Роза ШӘКЕН,**  
Солтүстік Қазақстан облысы







# ТАҚЫР ЖЕР

## ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕП ТҰР

**Бар күнкөрісі қорасындағы бес тұяқ малына тірелген ауылдағы ағайын қазір шырылдап отыр. Мал жаятын ұларақтай жайылым мен шабындық жердің аздығы өз алдына, енді жаз бойы жауын-шашын болмауынан әрі қара қарғаның мий қайнайтын аптап ыстықтан шөп шықпай, қу тақырдан шөп жинай алмай қалған қалың жұрт әбден тығырыққа тірелген.**

Ақмола облысы аумағында жайылым жердің тапшылығы аса өткір тұрғаны осыған дейін де бірнеше мәрте көтерілген. Ауылдың маңында мал жайып, шөп шабатын жер таппай қалатын жұрт енді осы қыста нақты жұт бола ма деп қатты алаңдайды. Ала жаздай жаңбыр болмауының салдарынан бүгінге дейін белуардан келетін қалың шөп шығатын жерлерде биыл өсімдік атаулы мүлде селдіреп кеткен. Бойы аласа әрі аса сирек. Кей жерлер тіпті тақырға айналыпты. Сол себепті шөптің бағасы да қымбаттап барады.

Бір орам ғана түк шөптің өзі 10 мың теңгеге жетіп, ал тіркеме шөптің құны 100 мың теңгеден асып жығылғаны ауыл жұртын алаңдата бастады. Малды бағып-күтудің құны енді оны сатып пайда табудан асып кететінін айтқан ауылдағы ағайын енді қолындағы малынан да айырылып қаламыз ба деп алаңдайды.

— Өңірдің барлық аумағындағы жағдай қазір аса күрделі. Жауын-шашынның

болмауынан егістік алқаптарының да жағдайы мәз емес. Егіннің масақтары әлдеқашан сарғайып кеткен. Ол да болар-болмас кішкентай ғана. Сондықтан биыл астықтың көлемі де аз болатын сияқты. Ал шөпке келсек, шөк-шөк ормандардың арасы мен өзен-көлдердің айналасында ғана болмаса, жазық далаларда шөп мүлде жоқ десе де болады. Осыған дейін 6-7 тіркеме шөп алатын жерлерде қазір бір тіркеме шөп те шықпай қалған. Жайылым жердің бәрі тақырланып барады. Биыл шөпті қалай жинап аламыз деп жұрттың бәрі дағдарып, қайтерін білмей отыр. Шөп болмаса мал бағудың өзі қып-қызыл шығын болғалы тұр. Шөп сатумен айналысатын шаруалардың бағасы да удай. Әр тіркемесін одан сайын бұлдап, құнын аспандатып алған. Ол, әрине, заңды құбылыс. Жергілікті билік бағаны бақылауға алып, жем-шөптің құнын бір межеде ұстауына жәрдем берсе жақсы болар еді. Бес-алты тіркеме шөпті шаптырып алу үшін ғана 100 мың теңгеден астам қаржыны шығындауға тура келеді. Ал шөпті сатып алсақ, бұдан тағы бірнеше есе асып түседі. Бірақ азық-түліктің бағасы жүгенсіз кетіп жатқанда жем-шөптің құнын тұрақтандыру бола қоймас деп қапалаңамыз, — дейді Зеренді ауданының тұрғыны Ерден Көпжасаров.

Ауыл жұрты жайылым жердің де тапшылығы жердің тақырланып кетуіне басты себепші болғанын айтып отыр.

Мал тұяғына тапталып, алақандай жерлі малдың шиырлай беруінің салдарынан осыған дейін мал оты болған шөптің көп түрі мүлде жойылып кеткен. Есесіне оның орнын зиянды шөптер басып кеткен. Мұны саланы зерттеген ғалымдар да мойындап отыр.

— Жайылым жердің аздығынан төрт түлікті тоқымдай ғана жерде иіре беруден, оның үстіне биылғы аптап ыстықтан облыстың барлық аумағында шөп шықпай қалды. Шаруалардың жағдайы шынымен қиынға түсіп тұр. Топырақ сортаңданып, деградацияға ұшырауда. Топырақтың құнары төмендеп кеткен. Сондықтан ауыл шаруашылығы мен ғылымға назар аударылмаса, жағдай одан сайын құлдырай бермек, — дейді Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, биология ғылымының докторы Әбілжан Құсайынов.

Өңірде жем-шөптің аздығын облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшылығы да мойындады. Жауын-шашынның аздығынан іргелі шаруашылықтардың өзіне жем-шөп қорын әзірлеу аса қиынға түскен жайы бар. Дегенмен басқарма облыстағы шаруашылықтар шөп қорын әзірлеуге барын салып жатқанын жеткізді.

— Әрине, мал шаруашылығы саласының дамуы тікелей тиісті жем-шөптің қаншалықты әзір болуына байланысты.

тандырмайды. Әзірге қажетті жем-шөптің тек 73,8 пайызы ғана жиналған. Әлі кемінде 1 308 тоннадан астам шөп қажет. Шаруалар шөптің буыны қатып, сарғайып қурап кетсе де қалған шөп қорын толықтыруға тырысуда.

Ведомство өңірде малға қажетті дәруменге бай арнайы егілген жем-шөптің де қоры аса мәз емес екенін жеткізді. Басқарманың дерегіне сенсек, облыста биыл жаздық егісте жем-шөп 223,4 мың гектардан астам алқапқа егілген. Оның ішінде малға берілетін сүрлем үшін 13,5 мың гектарға жүгері себілген. Мұнымен қоса, 137,3 мың гектар алқапқа біржылдық, 45 мың гектар жерге көпжылдық шөп себілген.

Алайда жем-шөптің қазіргі қоры жылдағы қарағанда айтарлықтай аз. 1 300 тоннадан астам шөп, 260 мың тонна қысқы пішен, 190 мың тонна сүрлем, 750 мың тонна сабан мен 650 мың тонна басқа да құрама жем-шөп дайындау қажет. Ал оған ауа райының қолайсыз болып, аптап ыстықтан шөптің сұйық шығуы мүмкіндік бере қоймаған.

Ресми деректерге жүгінсек, жем-шөп пен астықтың биылғы шығамы тұтас республика аумағында аса қиын жағдайда. Әсіресе, Қарағанды, Павлодар облысында жем-шөп пен астықтың шығамының төмендігі шаруаларды аса күйзелтіп отыр.

Түйінді мәселені шешу үшін облыстық әкімдіктерден бастап Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Үкімет тиісті шешімді дереу қабылдап, шаруалар мен қорасында бес тұяқ малын қалай бағарын білмей дағдарған қарапайым ауыл адамдарын тығырықтан шығарар жол таппаса, қыс ортасында жұттың болмасына ешкім кепілдік бере алмас...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы



**Тіршілігін теңізбен байланыстырған Арал өңірі халқы келешегіне алаңдаулы күй кешіп отыр. Су маржанын сүзіп, атакәсіптің желкенін кереген жұртшылық тұрмысы құлдырап бара жатқанын айтып, мұңын шақты. Халықтың үежіне құлақ түрсек, биыл келген мол судан қайыр болмай тұрғанын алға тартады.**

Тұрғылықты халықтың айтуынша, күн санап Кіші Арал теңізінің болашағы бұлыңғыр тартып барады. Қазір Көк-аралдағы су деңгейі вегетациялық кезеңнің әсерінен күрт азайып кеткен. Оған Сырдариядан түсетін су мөлшерінің төмендеуі және аптап ыстықтан судың булану мөлшерінің артуы кері әсер етіпті.

«Вегетациялық кезеңнің әсерінен дария суының деңгейі биыл да түсіп кетті. Яғни, Сырдариядан келетін су мөлшерінің күрт азаюына байланысты теңіз деңгейі 48,80 белгісіне жетіп, судың тұздылығы артып барады. Теңізде су маржаны да азайды. Өйткені тұзды су ұялдырық шашу былай тұрсын, балықтардың мекендеуіне де қауіп туғызып тұр. Дарияда су тапшы. Соның салдарынан жағалай қоныстанған елдің еккен азын-аулақ бау-бақшасына су

# ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫ

## ТОЛҒАҒАНДЫРАДЫ

жетпей жатыр. Жағдай бұлай жалғаса берсе, тұрғылықты халықтың тұрмысы төмендеп кететін түрі бар», — деп түсіндірді бұл жайында «Тұран ойпаты-Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Айжарық Ералиев.

Жергілікті жұртшылықтың айтуынша, былтыр басталған бөгет жұмысы да көңіл көншітпейді. Бұл жұмыстарға Үкіметтен 5 млрд теңге жөндеу жұмыстары тоқырап тұрғанын алға тартады. Халық соның себебін білмей, әрі-сәрі күйде жүр. Сондай-ақ «Сарытерек» каналының да жағдайы мүшкіл. Каналды құм басып, келешегі бұлыңғыр тартып тұрғанына алаңдаулы.

«Теңізде аулайтын балық қалмағандықтан, балықшы қауымы тағы сенделіп кетті. «Қой көрмеген қуалап өлтіреді» дегеннің кері келіп, баз біреулер теңізді теңдей бөліп алып, майшабаққа дейін тауысты. Жергілікті тұрғындар бірлі-жарым малына шөп шабатын жер таппай, өзара таласып жатыр. Ауылдардағы жайылым және шабындық жерлердің күйі қашқан. Бұл тұрғыда Аралды құтқару қоры меншігіндегі Барсақалмес қорығы мен орман шаруашылығының жұмысына халықтың көңілі толмайды. Соның ішінде ауданға қарасты Жаңақұрылыс пен Қаратерек ауылындағы бұқараның жағдайы сын көтермейтін күйге жеткен», — деп ойын толықтырды қоғамдық бірлестік директоры.

Онсыз да теңізге шөліккеген халық енді жайылым жердің тапшылығынан зардап шегіп отырғанын айтады. Елеусіз қалған елді мекен аз емес. Сондай аталмыш ауыл тұрғындары тұрмыс кешу күн санап қиындап тұрғанына алаңдаулы. Жағдай түзелмесе, тоқырау жылдарындағыдай жайлы мекенге үдере көшуден басқа амал қалмай тұрғанын жеткізді.

«Біз Арал ауданынан шалғай орналасқан Қаратерек ауылында тұрамыз. Қазір ауыл халқының 70 пайызы жұмысыз. Биыл Сырдария суының төмендеуіне байланысты балық болмай, халықтың

тұрмыстық ахуалы күрт нашарлады. Онсыз да теңізді аймақта балық шаруашылығының болашағы бұлыңғыр тартып тұр. Соған орай ауыл халқы мал өсіруге бет-бұрыс жасады. Алайда Барсақалмес қорығы мен орман шаруашылығы ауыл маңындағы мал жайылымы жерлерін бөліп алды. Соның салдарынан ауыл халқы жайылым және шабындық жерге зәру күйде отыр. Елдің жайын ойлап, ең болмағанда тұрғылықты халықтың төрт түлігін түлетуге жағдай жасалса нұр үстіне нұр. Бірақ халықтың талабын есітер құлақ табыллар емес», — деп мұның шағады Қарате-

рен ауылының тұрғыны Ғарифолла Еңсенов.

Осылайша, ауыл тұрғындары балық шаруашылығынан береке қашқанын айтып отыр. Бұл аздай, төрт түлігін түлетуге де мүмкіндік жасалмай тұрғанына ашынады. Сондықтан шалғай ауылдардың тұрмыстық ахуалына мән берілсе деген жанайқайын жеткізіп отыр. Теңіз тағдырына бейжай қарамай, ауылға тиесілі жайылым және шабындық жерлер ел игілігіне берілсе деген талап-тілегі бар.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы





# ЕҢБЕКТИҢ КӨЗІН ТАЛҚАН

«Ауыл аманаты» партиялық жобасын солтүстікқазақстандықтар қуана қабылдады. Қазірдің өзінде оның игілігін көріп отырған азаматтар бар. Солардың бірі – Қызылжар ауданына қарасты Чапаев ауылында тұратын Қаймақовтар отбасы. Бірнеше жылдан бері қымыз баптаумен айналысатын олар енді мал басын көбейтуге ниетті.

Қаймақовтардың отбасылық бизнесінің тасы өрге домалағалы бірнеше жылдың жүзі болды. Кәсіпкердің айтуынша, 2000 жылдардың бас кезінде ауылда екі қолға бір күрек табу мүмкін болмағандықтан, олар өз қорасындағы сиырдың сүті мен етін, сондай-ақ қой етін сатып, мал шаруашылығын табыс көзіне айналдырды. Кейін жалғыз биесін сауып, қымыз өндіруді қолға алған.

Отағасы Дулат көпбалалы отбасында тәрбиеленгендіктен, еңбекке ерте араласқан. Үйдегі он баланың барлығы жастайынан мал бағып, сиыр, бие саууды үйренген екен. Өз отбасын құрғаннан кейін кәсіпкер зайыбы Қарлығашты да бие сауып, қымыз баптауға үйреткенін айтады. Олар осы істі кәсіп еткелі жиырма жылдан асты. 2014 жылы республикалық «Бал қымыз» байқауында екінші орын алған.



Олардың баптаған қымызы бүгінде өз ауылдастары ғана емес, петропавлдықтар арасында да үлкен сұранысқа ие. Соған байланысты енді мал басын көбейтіп, өндірілетін өнім көлемін арттыру міндеті өзекті болып отыр. Бұл ретте «іздегенге – сұраған» дегендей, «AMANAT» партиясы мен ел Үкіметінің бірлескен «Ауыл аманаты» жобасы кәсіпкер үшін уақытылы қолға алынған шара болды.

Дулат Қаймақов бұл жоба туралы «AMANAT» партиясының Қызылжар аудандық филиалы төрайымы, аудандық мәслихат депутаты Гүлсім Кәрімованың Чапаев ауылының тұрғындарымен кездесуі барысында естіп біліпті. Тиімді несиелеу шарттары бірден оның қызығушылығын туғызған. Алдымен кәсіпкерге қажетті ақыл-кеңес беріліп, кейін бизнес-жоспар жасауға көмек көрсетілді. «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы аясында оқу курсы аяқтап, тиісті сертификат қолына тиді.

Бүгінде бағдарлама операторы – «Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы оған 8,6 миллион теңге несиеле беруді мақұлдады. Қолына тиген бұл қаржыға шаруа жеті бас Қамбар ата түлігін және қымыз өндірісіне қажетті құрал-жабдық сатып алуды жоспарлап отыр. Қазір оның қорасында алты бие бар. Бұл аздық етіп отырған көрінеді.

«Бұған дейін біз «Ауыл аманаты» жобасы және оның мүмкіндіктері туралы естігенбіз. Бұл бастама – ауылдықтарға өз кәсібін дамытып, пайда табуға шынымен жақсы сеп. Ауылда басты табыс

көзі мал шаруашылығы екені белгілі. Соңғы кезде барлығы, соның ішінде жем-шөп те, мал азығы да қымбаттауда. Шабындық жер тапшылығы сезілуде, құрғақшылық та бөгет жасайды. Сондықтан ауылдықтар қолдауға мұқтаж. Көпшілігі қиындықтан қорқып, мал ұстағысы келмейтіні рас. Бұл ретте «Ауыл аманаты» жобасы оларды мал шаруашылығын дамытуға ынталандыра

түседі деген ойдамын. Банктің несиесі қымбат болғандықтан, оған аса жолай қоймаймыз. Шыным сол, бұдан басқа тиімді несиеле көрме жок. Әрі партия қызметкерлерінің өздері қажетті құжаттарды жинастырып, барлығын түсіндіріп, өз білгенімен бөліседі. Ауылдықтарды сөзбен емес, іспен қолдау деген осы», – дейді кәсіпкер Дулат Қаймақов.

Оның ойынша, Чапаев ауылының орналасқан жерінің ыңғайлылығын да пайдаланып қалған жөн. Елді мекен Астана-Петропавл тасжолының бойынша орналасқан. Осыған орай кәсіпкердің өзі өндірген қымызды сату нарығын да кеңейте түспек ойы бар.

«Ауыл аманаты» жобасы тұрғындардың табысын арттыруға бағытталған. Оның аясында ауылдықтар 2,5 пайыздық несиеле алып, кез келген кәсіп түрін дамыта алады, сонымен қатар әлеуметтік-өндірістік кооперативтерге бірігіп, мал және өсімдік шаруашылығымен айналысуына, лизингке техника сатып алуға да болады.

«AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы баспасөз қызметінің мәліметінше, «Ауыл аманаты» жобасы басталғаннан бері Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2 миллиард 64 миллион теңгелен астам сомаға 272 өтінім келіп түсті. Бүгінде шамамен 614 миллион теңгеге 79 өтінім мақұлданды.

Роза ШӘКЕН,  
Солтүстік Қазақстан облысы



Атырауда соңғы кездері балабақшаларда оқыс жағдай көбейді. Соңғы екі ай ішінде балабақшаға барып жүрген бүлдіршінің бірі саусағынан айырылды. Екінші сәби дене жарақатын алды. Атап өтер жайт, оқиғаның екеуі де әншейінде мақтағанда жарнамасы жер жаратын жекеменшік балабақшаларда болған.

Бұған дейін белгілі болғандай, 26 маусым күні Атыраудағы «Нартайлақ» жекеменшік балабақшасында бүлдіршінің саусағынан айырылған еді. Оқиға қоғамдық резонанс тудырып, әлеуметтік желілерде ата-аналар құзырлы органдардан жеке балабақшалардың бірін қалдырмай тексеруді талап етті. Біз зардап шеккен баланың әкесіне хабарласып, оқиғаның мән-жайын анықтап сұрадық. Аяқастынан қиын жағдайға тап болған әке оқыс жағдай туралы ата-анаға бала ауруханаға жеткізілгеннен кейін ғана хабарланғанын әлі түсіне алмай жүр.

«Біз барған уақытта дәрігерлер баланың қолын тігіп, медициналық көмек көрсеткен екен. Баламның саусағының тырнаққа жалғанған буыны үзіліп кеткен. Дәрігерлер үзілген буынды қайта жалғап, тігу мүмкін емес дейді. Тәрбиешілердің айтуынша, бала әткеншекте ойнап отырып, оқыс құлаған. Салдарынан осындай жағдай болған. Бірақ балабақшадағы әткеншек қауіпсіз. Тап осы әткеншектен мұндай жағдай болуы мүмкін емес», – дейді баланың әкесі Ержан Елеуұлы.

Айтуынша, баласы 2 жылдан бері осы балабақшаға барып жүрген.

«Бұған дейін де кейде денесінің бір жері көгеріп, жырылып келіп жүрді. Бірақ оған мән бермейтінбіз. Қанша дегенмен, бала ғой, сүрініп, құлауы мүмкін. Бұл жағдай балабақшаның балаларға жауапкершілікпен қарамайтынын көрсетіп отыр», – дейді ол.

Қазір бүлдіршінің ата-анасы полицияға шағым түсірді. Төрт жасқа енді толған бүлдіршіні қазір жаракат алып, үйінде жатыр. Атырау облысының Полиция департаменті аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу басталғанын хабарлады.

Өткен аптада Атырауда тағы да жекеменшік балабақшада сәби зардап шекті. Бұл туралы Самал Тұқпатовна есімді атыраулық ана әлеуметтік желідегі парақшасына жазып, көптен көмек сұрап дабыл қакты. Дамуында тежелу

# АМАНАТТАҒАН БАЛА АМАН ЖҮРСЕ ЕКЕН...



белгісі бар ерекше баласының балабақшадан арқасының зақымданып келгенін жазған ананың жанайқайы лезде көптің қолдауына ие болды.

Сәбидің анасы Самалдың айтуынша, баласы «Зейнеп – Әмина» балабақша желісі филиалдарының біріне барып жүрген.

«Үйге әкелгеннен кейін киімін шешкенімде балам қатты жылады. Басында түсінбедім. Кейін арқасын қарағанымда зақымданғанын көрдім. Дереве балабақшаға барып, директоры, тәрбиешісімен кездестім. Бірақ маған камерадағы жазбаны көрсетпей отыр. Іс қозғалды. Әділдікке қол жеткіземін», – деді Самал Тұқпатовна.

Оқиғаға байланысты Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев пікір білдіріп, жағдайдың бақылауда екенін жазды.

«Атырау облыстық Білім беру басқармасы мен Атырау қалалық білім бөліміне оқиғаны зерделеуге байланысты тапсырма бердім. Кез келген баламен жұмыс істейтін орталық ең алдымен жауапкершілікті сезінуі тиіс», – деді Жасұлан Бисембиев.

Әлеуметтік желілерде шу болып жатқан жағдайға байланысты «Зейнеп – Әмина» балалар бақшасы әкімшілігі мәлімдеме жасалды.

«Мәселе бойынша міндетті түрде тексеріс жүргізіледі, кінәлі адамдар анықталған жағдайда заң жүзінде жазаланады», – деп жазды балабақша әкімшілігі Instagram желісіндегі ресми парақшасында.

Жалпы, бұл Атыраудағы балалар орталықтарына қатысты бірінші жағдай емес. Осыдан үш жыл бұрын Атырауда «Алтын балық» мамандандырылған балабақшасында балаларды аяусыз ұрып-соққан тәрбиеші төрт жылға бас бостандығынан айырылды. Күні кеше Атыраудағы балаларды оналту орталығының тәрбиешісіне қатысты қылмыстық іс қаралып, балаларды тәрбиелеумен емес, ұрып-соғумен айналысып келген қызметкер 4 жылға сотталды. Тізе берсек, мұндай жағдай көп.

Көпбалалы ана Мәликә Мәлікқызы баланы балабақшаға беруге мүлде қарсы. «Қазір желіні ашып қалсақ, үлкенге де, кішіге де көрсетілген қорлыққа толы ақпарат қаптап жүреді. «Шегірткеден



қорыққан егін екпейдінің» кебін кигеннің бірі мен. Өзімнің бес балам бар. Ешқайсысын да балабақшаға бермедім. Балаларымды өзім бағамын. Әрі қарай мектеп жасына жеткенше ата-әжесі көмектеседі. Мен баланы ерте жастан дамытуды қолдайтын адаммын. Күніне 2-3 сағатқа балаларымды дамыту ор-

талықтарына тасып жүріп, мектеп жасына жеткізген жайым бар», – дейді ол.

Білім саласының ардагері Қанаш Шыңдыбайқызы балабақшаларда талап күшею керекін айтады.

«Мейлі ол мемлекеттік, мейлі жекеменшік балабақша болсын, ең әуелі сол бақшаның басшысы әр бала үшін жауапкершілік барын сезіне білуі керек. Сондай-ақ мамандарды жұмысқа қабылдағанда оның дипломы, еңбек өтілімен бірге психологиялық жағдайына да мән берген дұрыс. Тобындағы бала көп ауырды ма, топ шараларына белсенді қатыспай ма немесе тобында бір бала оқыс құлады ма – осындай кездерде тәрбиешінің жамақасының белгілі бір бөлігін кесіп отыру керек. Қазір тәрбиешілер баладан бұрын үйге кетіп қалуға асығып тұрады. Темірдей тәртіп пен талап болмаған жерде өсу болмайды», – деді ардагер ұстаз.

Қалай десек те, ата-ана балабақшаға бүлдіршінің аманаттап береді. Сондықтан баланың өмірі мен қауіпсіздігі аяққа тапталмауы тиіс.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,  
Атырау облысы





## КӨШЕ МЫСЫҚТАРЫ

*Жаурамайды*

Үй жануарларына қоғамдық орындарда қамқорлық көрсету мәдениеті біздің елде де ақырындап дамып келеді. Соның бір мысалы ретінде жуырда басталған Алматыдағы иесіз мысықтарға арналған үйшіктер жобасын атап өтуге болады.

Бұл жобаны Animal Security қоғамдық қоры Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен бірлесіп әзірлепті. Қазір қалада 20 үйшік бар. Жыл соңына дейін тағы 50 үйшік салынады. Қараусыз қалған мысықтарға арнап дайындалған үйшіктер қаланың Медеу, Алмалы аудандарында орнатылған. Үйшіктерді мекендейтін мысықтарға вакцина салынған. Яғни, тұрғындар үшін қауіпсіз. Ал үйшіктердің тазалығы мен қауіпсіздігіне кім жауапты? Осы жө-

нінде Animal Security қоғамдық қорының басшысы Наталья Сульжиктен сұрап білдік:

– Жобаның негізгі мақсаты – жануарларға көңіл бөлу, адамгершілікпен қарауды насихаттау. Жақында қаңғыбас мысықтарға арналған үйшіктер Бостандық, Әуезов аудандарында орнатылады. Үйшіктер дайын тұр, тек әкімдіктің рұқсат беруін күтіп отырмыз. Ағаш күрекелердің


тазалығына арнайы бекітілген мамандар жауап береді. Олар аулада залалсыздандыру жұмыстарының жүргізілгені жайлы есеп беріп отырады. Біз тұрғындардың өтініші беруі арқылы жұмыс істейміз. Кураторлардың өтінішісіз үйшіктерді орната алмаймыз. Үйшік мысықтарды күтетін кураторлар болған кезде ғана беріледі. Алдағы уақытта қаңғыбас иттерге арналған тәлімбактар да орнатамыз, – дейді ол.

Мегаполисте иесіз қалған жануарларға үйшіктер орнату мәселесі пилоттық жоба негізінде биыл наурыз айында басталған еді. Жануарларды қорғау қорларына жалпы саны 500-ден астам өтінім келіп түскен. Аталмыш жоба қала тұрғындарының оң пікіріне ие болып үлгерген. Әлеуметтік желі қолданушылары арасында бастамамен қолдап, үй жануарларына мейіріммен қарау қажет екенін алға тартқан оқырман саны басым.

«Өркениетті елдерде мұндай күтім бұрыннан бар. Уақыт өте келе бұл адамдар мен жануарлардың өзара бірлікте өмір сүруіне алып келеді. Балалар сүйсіненілік пен махаббаттың, қамқорлықтың не екенін біліп өседі. Осындай құндылықтар біздің әлемге жетіспейді», – дейді алматылық Мисюринна Светлана

Еске салайық, биылғы сәуір айында Алматы қаласындағы қараусыз қалған жануарлардың санын ізгілікті түрде реттеудің 2021-2024 жылдарға арналған бағдарламасы негізінде қала әкімдігі үй жануарларын тегін чиптеу бағдарламасын қайта іске қосқан болатын.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы



## ХАКІМ ҚОЛДАНҒАН САМАУРЫН

Ұлттық музей қорына ұлы ақынның қолданған заты – «Тула» самаурыны салтанатты жағдайда табыс етілді. Мәдениет және спорт министрлігінен мәлім еткендей, 1893 жылы жасалған, тарихи құндылығы жоғары жәдігер Абай атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры атынан беріліп отыр.

«Бұл – Семей қаласындағы мещенат Бекбай Баисовтың керуен сарайында тұрған, Абай Құнанбайұлы бастаған қазақ зиялылары шай ішкен самаурын» делінген министрлік мәліметінде.

Мәдениет және спорт вице-министрі Арман Жүдебаев Абайдың қазақ мәдениеті мен руханиятына қосқан айрықша үлесін айта келе, қазақтың бас ақыны атанған ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы әлі де толық зерттелмегенін атап өтті.

Қазір Ұлттық музей қорында Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты бар 42 жәдігер сақталған. Олардың арасынан ақынның жеке пайдаланған құтысын, көзі тірісінде



баспадан шыққан кітаптарды және тағы басқа маңызды дүниелерді көруге болады.

## АЙЫППҮЛ ТӨЛЕП, ЕЛГЕ ҚАЙТАДЫ

Оңтүстік Кореяға заңсыз кіріп, әуежайдан қашқан екі қазақстандыққа қатысты сот үкімі шықты. Олар айыппұл төлеп, елге қайтады.




«Бұл – Қазақстанның халықаралық тағы бір беделді жеңісі. Енді Кореядағы екі жігіт 3 жылға түрмеге тоғатталмай, айыппұл төлеп, елге қайтағын болды. Айтар, жазар нәрсе өте көп. Бірақ әлі бітіретін шаруалар жетіп жатыр. Алла қаласа амандықта жүздесейік», – деп жазды қорғаушы Instagram желісінде.

Наурыз айының соңында екі қазақстандық Оңтүстік Кореяға кіруге тыйым салынғанына қарамастан, онда заңсыз кірген болатын. Артынша олардың Кореядағы тергеу изоляторында отырғаны белгілі болды.

## «ҚОНЖЫҚТЫҢ» ҚОМАҚТЫ СЫЙЫ

Балаларға арналған Qonzhуq ААР мобильді қосымшасы ұлттық құндылықтарды дәріптейді. Қолданысқа шыққан күні-ақ ата-аналардың ықыласына ие болған қосымшада 250-ге жуық ертегі, 1 700 ән-күй және түрлі бесік жыры қамтылған.



Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру қашанда маңызды. Осыған орай Qonzhуq мобильді қосымшасы жас ұрпақты ұлттық музыкаға, әдебиетке, мәдениетке, салт-дәстүрге және ана тілін үйренуге деген қызығушылығын оятуға бағытталған. Қазір қосымшада 150 мыңнан астам тіркелген қолданушы бар. Тіпті, шетелдегі қазақтар арасында да жоғары сұранысқа ие. Qon-

zhуq App қосымшасында халық фольклорының классикалық және заманауи алтын жинақтамасы енгізілген. Бүгінде қосымшада ертегілер, заманауи және халық әндері, түрлі аспаптағы күйлер, бесік жырлары, классикалық және заманауи ақындардың поэзиясы, сонымен қатар Абайдың кара сөздерінің жеңілдетілген нұсқасы да қоса жүктелген. Мобильді қосымша идеясының авторлары – Әйгерім

Исатаева мен Әлия Сәрсенова. Авторлар бастапқы кезде балаларға арналған «Қонжық Марио» атты ертегілер сериясын шығарған. Бұл ертегілер топтамасы кішкентай оқырмандарға түсінікті тілде, балалар психологімен бірлесіп отырып жазылған. Кітапшалар бүкіл ел бойынша жақсы сұранысқа ие болып, сатылды. Уақыт өте келе авторлар барлық жинақталған ұлттық фольклорды мобильді қосымша ретінде шығаруды ұйғарады. Мобильді қосымшаның құрылымына келетін болсақ, күнделікті шығатын арнайы Stories бар. Онда балаларға арналған қызықты деректер, қазақ тілін дамытуға бағытталған ақпараттар шығады. Қосымшада синхрондалған мәтін де қоса қарастырылған. Яғни, синхрондалған мәтін тындаумен қатар оқуға мүмкіндік береді. Қосымшадағы бөлімдерге келсек, ертегілер бөлімінде халық және авторлық ертегілер қамтылса, әндер бөлімінде балаларға арналған 1 200-ден астам ән бар.

Бүгінде қосымшаны пайдаланушылар аудиториясы кеңейгендіктен, сұраныс та көбейген. Осыған орай команда қолданушылардың ұсыныс-тілектерін ескере отырып, жанама контент жасауда.

– Қосымшада көпшіліктің құлағында жатталып қалған ертегілер мен күйлер де, көне, көбі есті бермеген туындылар да бар. Ең жиі тыңдайтындарына



келсек, Алар көсе мен Қожанасыр туралы ертегілер және «Адай», «Ақсақ құлан», «Көңіл толқыны» күйлері. Кейінгі ұрпаққа көп пайда алып келер мұра болуы үшін түрлі ұлттық контентпен толықтыру ойда бар. Мысалы, салт-дәстүр, жән-жоралғылар, ұмытылып бара жатқан кәделеріміз туралы айтқымыз келеді. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар – осының барлығы қосымшамызда болуы үшін жұмыс істеп жатырмыз, – дейді жоба авторы Әйгерім Исатаева.

Бұған қоса, Qonzhуq ААР мобильді қосымшасы Астана қаласында БҰҰ-мен серіктесе отырып, қоғамдағы

маңызды тақырыптарды қозғайтын жанама ертегілердің тұсаукесерін өткізді. Аталған жобаға Qonzhуq App де-меушілік жасай отырып, жинақтағы ертегілер дыбысталады. Ертегілердің аудио нұсқасын қосымшадан тегін тыңдауға болады.

Мобильді қосымшаның басты ерекшеліктерінің бірі – балаларды оқыту тұрғысында түрлі әдісті қолдана білген. Қосымша барлық қолданушыға тегін. Қазақ және орыс тілдерінде пайдалану қолжетімді.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

NUR MEDIA  
МЕДИАХОЛДИНГ

AIQYN  
апта

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Саятхан САТЫБАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӘКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАБСАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4328  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,